

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Зарема ШӘУКЕНОВА,
Юрий КИРИНИЦИЯНОВ

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СҰХБАТ МҮЙІСІ



Алматы
2013

ӘӨЖ 1
КБЖ 87
Ш 29

Ш 29 Зарема Шәукенова, Юрий Киринициянов
Философиялық сұхбат мүйісі (Философия, саясаттану және
дінтану институтының 55 жылдығына арналған). – Алматы:
ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 220 б.

ISBN – 978-601-7082-74-1

«Философиялық сұхбат мүйісі» – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты мен «Весь Мир» – халықаралық газетінің бірігіп жасаған жобасының қорытындысы.

Кітапқа белгілі қазақстандық журналист Юрий Кириницияновтың өз газетінің бетінде 2012 жылы жариялаған институттың белді ғалымдарымен өткізген сұхбаттары мен пікір-талдаулары енген.

Басылым Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының 55 жылдығына, ғылыми қауым мен көпшілік оқырманға арналған.

Басылым «Ғылыми қазына (2012–2014 жж.)» салааралық ғылыми бағдарлама аясында дайындалған.

ӘӨЖ 1
КБЖ 87

ISBN – 978-601-7082-74-1

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2013
© Шәукенова З.К., 2013
© Киринициянов Ю.И., 2013

МАЗМҰНЫ

РЕДАКТОРЛАРДЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Өңгімеге шақыру.....	5
Баршамызға ортақ Ғалам.....	8
<i>З.К. Шәукеновамен СҰХБАТ</i> ШАБЫТСЫЗ ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСУҒА БОЛМАЙДЫ!.....	10
<i>Н. Болдурукованың ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> ҒАЛАМШАР ТАҒДЫРЫ – ОНЫҢ АЯДАЙ АЛАҚАНЫҢДА.....	34
<i>С.Ю. Колчигинмен СҰХБАТ</i> ЖЕР ШАРЫ ДӘУІРЛЕР АЛМАСУЫН БАСЫНАН ӨТКІЗУДЕ.....	36
<i>О. Борецкийдің ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> РУХАНИЛЫҚ ЖЫЛУЫНАН НӨР АЛҒАН.....	51
<i>С.Е. Нұрмұратовпен СҰХБАТ</i> ТУҒАН ЕЛГЕ ҚАРАЙ ҰЗАҚ ЖОЛ. ОНЫ БІРЛЕСЕ ӨТЕЙІК!.....	56
<i>Е. Шайхутдиновтың ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> ЕГЕР АШЫҒЫН АЙТАТЫН БОЛСАҚ... ..	74
<i>Р.Қ. Қадыржановпен СҰХБАТ</i> ҚАЗАҚТАР? ӘЛДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР?.....	78
<i>Л. Қаратаеваның ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> СЫҢАРЖАҚТЫ ТҮСІНІКТЕРДІҢ КҮЙРЕУІ	98

<i>А.Г. Косиченкомен СҰХБАТ</i> ДІН ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ.....	106
<i>Епископ Геннадий Каскеленскийдің ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> ЖҰМАҚҚА ЖАҚЫН ҚОҒАМ ҚҰРУ	128
<i>Н.Л. Сейтахметовамен СҰХБАТ</i> ЕУРОПА. ИСЛАМ. ҚАЗАҚСТАН. СЕНІМ МЕН ҮМІТТІҢ ҮШТАҒАНЫ	136
<i>Н. Бәйтенованың ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> ИСЛАМ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ.....	159
<i>М.З. Изотовпен СҰХБАТ</i> ОТАН ИГЛІГІ ҮШІН БІРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ!.....	166
<i>Ж. Әбділдиннің ТҮСІНІКТЕМЕСІ</i> ҮМІТ ПЕН ЖАРЫҚ СӘУЛЕСІ.....	181
ИНСТИТУТ ТАРИХЫ: НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР ХРОНИКАСЫ.....	186
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет.....	214
Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.....	216
Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.....	218

РЕДАКТОРЛАРДЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Әңгімеге шақыру

Бұдан аз ғана уақыт бұрын біз белгілі ғалым-экономисті сөзге тартқан едік. Ол мемлекет, тіпті, қоғам тарапынан да ғалым-философтарға деген салқындық бар екеніне өкініш білдірді. Өйткені олар, философия ғылымы қолма-қол іс-әрекеттік нәтиже бере қоймайды, сондықтан одан түсетін пайда да шамалы деген кең таралған жаңылыстың шырмауында жүр.

Ең қызығы, менің әріптесімнің осы торығуына қарсы салмақты дәлелдерімнің бар екендігі. 2012 жылы ғылымға жас мамандардың келуі мен ойшыл ғалымдардың уәжін көтерген, елдің ғылыми өміріне үлкен күш берген «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы күшіне енді. Мемлекет бізге, ғалымдарға басқаша қарай бастады. Біздің жұмыстарымыз ең жоғары орындарда зерделенуде. Қоғамдық ғылымның көрнекті қайраткерлерінің еңбекақысы да жаман емес. Олар беделді шетелдік іссапарларға барып тұрады. Әрине, бұл дұрыс. Философия – көптеген қоғамдық білімдердің қайнар көзі. Ол қоғамның пейілін жақсартады және көптеген сұрақтарға жауап бере алады. Не оқуымыз керек? Қоғамда өзімізді қалай ұстауымыз керек? Балаларымызды қалай тәрбиелеуіміз керек? Философия қоғамдық құбылыстың мәніне үңілуге мүмкіндік бере алатын болғандықтан, басқа да ғылымдарды біріктіреді. Соңғы кездерде елімізде қоғам алдында тұрған, ең бір күрделі мәселелерді жете зерттеп, дайындауға қабілетті сауатты, ынталы ғалым-

философтардың тұтас шоғыры өсіп-жетілгенін атап өткеніміз жөн, олар қоғам алдында тұрған ең күрделі мәселелерді жете зерттеп, дайындауға қабілетті. Кей уақыттарда өздерінің жұмыс үстелі мен институт қабырғасында, ғылыми конференцияларда өздері сияқты зияткерлермен жүздесуі шектеулі кеңістікте өмір сүруі басқа мәселе.

Біздің кітабымыздың мақсаты – осы тұйық шеңберді үзу. Біз қазақстандықтарға әріптес-ғалымдарымыздың аса зор жұмыстары жайлы айтқым келеді. Институттың 55 жылдығы қарсаңында осыған дейін жүріп өткен жолымызды байыптап, жаңа жоспарлар белгілеудің кезі келді. Құрметті оқырмандар, сіздердің назарларыңызға Философия, саясаттану және дінтану институтының қызметкерлері отандастарымыз бен жақындарымыз үшін ең маңызды деп саналатын жеті сұхбатты ұсынып отырмыз. Бүкіл еліміз үшін ғалымдар ғылым мен қоғамның мезгілі жеткен мәселелері жөнінде өз көзқарастарын баяндап берді. Біз бір-бірімізге ұқсамаймыз, сондықтан егер біздің сұхбаттарымыздың да өзіндік ерекшеліктері болса, оған таңданбай-ақ қойыңыздар. Бұл әдеттегі жағдай. Өйткені әрбір ғылыми ұжымның күші біркелкілік пен пікірлестікте емес, өз ақыл-парасатын, зиятын, өз ерігі мен күш-жігерін жалпы істің игілігіне енгізу іскерлігінде.

Жұмысымыздың журналистік жағын біз Юрий Кириницаиновқа жүктедік және қателескен жоқпыз. Менің ойымша, ол еліміздегі ең бір тартымды және лайықты журналистердің бірі. Отыз жылдан астам ол түрлі мәскеулік басылымдарға республикамызды таныстырып келді, ал бүгінде өзі тұсауын кескен «Весь мир» халықаралық газетін басқарып отыр. Юрий Иванович Семейде туған. Бүкіл өмірі Қазақстанда өтті. Ең маңыздысы, ол өз Отанының патриоты. 2012

жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болған Юрий Кириницаңнов өте жақсы кәсіптік дағды мен саяси тәжірибенің иесі. Өте шебер, барлық жанрлардың ішінде өзі әңгімелесіп отырған жанға қызығушылық пен жылы қабақ таныта отырып сұхбаттасуды ұнатады. Біздің бірлескен жобамыз басқа да Бұқаралық ақпарат құралдары мен бүкіл қоғамның назарын аударады деген сенімдемін. Біз философтар мен философия жайлы жаңа қызғылықты жарияланымдардың куәгері боламыз.

ЗАРЕМА ШӘУКЕНОВА

**ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институтының директоры**

Баршамызға ортақ Ғалам

Алғаш рет мен Зарема Шәукенованы жаңадан директордың орынбасары болып келген, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтында көрдім. Қателеспесем, бұл ғылыми-практикалық конференциялардың бірі болатын. Мені өзіне тартқан оның адамдармен қарым-қатынасы мен айқын, жалынды, сенімді сөйлеуге икемділігі болды. Ол тіпті кей мәселелермен келіспесе де, өткір сұрақтардан қашқақтамайтын-ды. Әрдайым журналистермен сыпайы және тілектестік қарым-қатынаста болды. Жалпы сөздерді қолданбай, өз пікірін өмірден алынған мысалдармен толықтыратын. Сондықтан да мен еуразиялық қауіпсіздік жүйесіндегі Қазақстанның орны туралы ой толғауды ұсындым. 2010 жыл аяқталып, еліміз ЕҚЫҰ төрағалық қызметін Литваға тапсыруға дайындалып жатқан. Осылайша оның «Да, евразийцы, мы» атты сұхбаты өмірге келіп, ол менің «Весь мир» газетімде (№ 27 қараша-желтоқсан 2010 ж.) жарияланды. Александр Блоктың «Да, азиаты, мы» деген танымал жолдарын қайта түсіндіруден туындаған тақырып бізді қызықтырды. Бұл жарияланымды оқырман қауым жылы қабылдады. Материал жарыққа шыққаннан кейін, біз Зарема Кәукенқызының бөлмесінде шәй ішіп отырып, алдағы жоспарлар жайлы әңгімелестік. Сол кезде мен, ғылыми мансаптың шыңына ерте жеткен, қоғамдағы орны мен отбасылық өмірі сәтті болған ғалымның өмірі онша қарапайым емес екен-ау деп ұйғардым. Бұдан артық не қажет деп ойлайсың? Қомақты лауазымы бар. Ғылым докторы атағы бар. Тамаша зайыбы және

ақылды қызы бар. Екі жылдан кейін біз шәйді басқа кабинетте – ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, жақында ғана ҚР Ұлттық Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған, Зарема Кәукенқызымен бірге ішеміз деп кім ойлаған? Мен үшін бұл маңызды өмірлік сабақ болды. Жұмыста болсын, шығармашылықта болсын, тіпті өмірде ешқашанда өзіңе шек қойма. Жоғарыда сенің кеңсеңнің шатыры емес, түпсіз көгілдір аспан – Бүкіл Ғалам екенін ұмытпа! Сондықтан да мен өзімнің жұмысбастылығыма қарамастан, байырғы ақжүрек танысыммен бірге, осы кітапты жазуға кірістім. Осы болаттай ерікті, талдырмаш нәзік әйел мені бәрі де ойдағыдай болатынына иландыра алды. Басында қиналсам да мен іске кірісіп кеттім. Сол кезде менің философиялық білімім бұдан қырық жыл бұрынғы журфакта оқыған қысқаша курспен шектелген еді. Осы қиыншылыққа қарамастан, мен жарты жылдың ішінде, институттың жетекші ғалымдарымен бірлесе отырып, жеті сұхбатты дайындадым. Олар менің «Весь мир» газетімде және басқа да республикалық басылымдарда жарияланды. Бізге жарияланымдарға орай осы кітапқа енгізілген көптеген пікірлер келіп түсті. Жұмысымыздың нәтижесін оқырмандар шешеді. Мен қарапайым азаматтардың философиялық біліммен басын қатырмай, түсінікті тілмен баяндауға тырыстым. Ал Зарема Кәукенқызы ұйымдастыру жағы мен редакторлық жұмысты өзіне алды. Ол кісімен жұмыс істеу сондай жеңіл де, жанға жайлы болды. Ең бастысы, жасымның ұлғайғанына қарамастан, мен өзімнің бұрынғы жас кезімдегідей баршамызға ортақ Ғаламды сезіндім.

ЮРИЙ КИРИНИЦИАНОВ

«Весь мир» газетінің бас редакторы

ШАБЫТСЫЗ ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСУҒА БОЛМАЙДЫ

Қоғам ғылымнан нені күтеді? Ғалымдар не ұсына алады? Бүгінгі ғалым-гуманитарлардың орны қайда? Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, институт директоры *Зарема Шәукенова*мен сұхбатымыз осы сұрақтардан басталды.



Әрі қарай не істейміз?

– Зарема Кәукенқызы, қазір 2012 жылдың соңғы күндері. Биылғы жылы әр адамның өмірінде қуанышты, қайғылы, жеке және қоғамдық мәні бар түрлі оқиғалар өтті. Мен сізді маусым айындағы Санкт-Петербург сапарына қайта оралтқым келіп отыр. Сіз «Гуманитарлық білім және білім беру жағдайы мен болашағы» халықаралық конференциясына қатысқансыз. Бұл жақсылықтың нышаны екеніне келісерсіз. Себебі, соңғы кездерде қоғамда келеңсіз жәйттар орын алуда. Қорқыныш, ашу, көре алмаушылық – осылардың бәрі біздің өміріміздің әттеген-ай белгілері. Осыған қарсы посткеңестік кеңістіктің ғалым-гуманитарлары не айта алады? Ең алдымен философтар...

– Ресейдің солтүстік астанасындағы кездесулер жыл сайын өтіп тұрады, бұл әрине, ғалымдар үшін әрқашан да үлкен оқиға. Осы жерде қызықты ой-пікірлер, қызу пікірталастар туады. Бұл жолы Санкт-Петербургке шынында



да «Әрі қарай не істейміз?» деген мәселенің қамын ойлаған 200-ден астам адам жиналды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры ретінде бұл форумға мен алғаш рет қатыстым. Өзіме қажетті біршама пайдалы жазбалар жасап, көптеген адамдармен таныстым. Сіздің сұрағыңызға жауап берместен бұрын, мен бірнеше жалпы пікірімді білдіргім келеді. Есіңізде болса, кеңес үкіметі кезінде біз «гуманитарлық ғылым» деп айтпай, қоғамдық ғылым деп атайтын едік.

Тарих, философия, психология және басқа да гуманитарлық ғылымдар екінші кезекке ысырылып, бірінші орында қоғамға қызмет ету тұрды. Дәлірек айтқанда, партияға, үкіметке және коммунизмнің абстрактілі идеясына қызмет ету. Ғалымдар қатаң идеологиялық шеңбер аясында болды. Алайда партиялық диктаттан құтылып еркіндік алсақ та, біз көңілге қонымсыз тұжырымға келдік.

Қоғам түбегейлі өзгерістерге ұшырады, ал осы өзгерістерді пайымдап және түсініктеме жасауға тиіс қоғамтанушы-ғалымдар, жұмсарта айтқанда, абыржып қалды...

Шытырманнан шығу жолы

– Егер біз бүгінгі қоғам гуманистік мұраттарды насихаттап отыр десек, жалған айтқанымыз ба?

– Неге бұлай болғаны туралы ойланып көрейікші. КСРО да студенттердің барлығы классикалық гуманитарлық білім алғанын мойындауымыз керек. Тіпті таза «технарлар да». Иә, мұның бәрі КОКП тарихын оқып-үйренуден басталды. Әр институтта ерекше білікті оқытушылары бар күшті кафедралар болды.

Олар ережеге сай, шыныққан идеологиялық күрескерлер ғана емес, кәсіпқой шешендер де болатын. Коммунистік партияның тарихын зерделей отырып, жігіттер мен қыздар еліміздің және шетел мемлекеттерінің тарихын егжей-тегжейлі түсініп, патриотизм сабағын алды.

Ұлы Отан соғысындағы жеңісті, тың және тыңайған жерді игеру мен космосты бағындырғанын мақтаныш тұтты. Әрине, бұл идеологиялық «ескертусіз» болмады. Жалпы айтқанда, жастардың бойында дұрыс адамгершілік бағдарлар қалыптасты. Философия туралы да осыны айтуға болады. Барлығы философия тарихынан басталды

Жастар Платон мен Аристотель, Кант пен Гегельдің кім екенін біліп, едәуір дұрыс білім алды. Бәрі бірдей «Материализм и эмпириокритицизмді» игере алмаса да, көбісі жалпы пәнді түсінді. Қанша жерден тосын десек те ғылыми атеизм курсының өзі дінге деген қызығушылықты тудырды. Осы білімнің бәрін дүниетаным деп атасақ болады.

Бұл мағынада философтардың рөлі ерекше. Олар дүниетанымды қалыптастырды. Өміріміздің кішкентай бөлшектерінен, әлемнің жалпы суретін құрастыруды және оны сезіне білуді үйретті. Кеңес үкіметінің тарауы, «жабайы» капитализм мен баюға ұмтылу белгілі бір шамада адамгершілік құндылықтары мен бағдарларын шайып жіберді. Міне енді екі онжылдық өткеннен кейін, біз шытырманнан шығар жолды іздестірудеміз. Бұл мүлде, кеңестік кезеңге қайтып келу емес.

Бұл қазіргі қиын кезеңде жауап іздеу. Жер бетіндегі халықтың адам болып қалуына көмектескен ақиқатсыз, оның жауабын табу мүмкін емес.

Бұл ақиқаттың қалай аталуы: Құран сүресі немесе Христос өсиеті ме маңызды емес. Бірақ «өлтірме», «ұрлама», «адам – адамға дос» деген даналық өсиеттер ескірмейді де тозбайды.

– Бірақ оңай олжа, мәнсіз парықсыздық адам жанын бүлдіретініне келісетін шығарсыз? Гуманитарлық ғылымдар осыған қарсы тұра ала ма?

– Бұл жерде мен өз ойымды айтайын.

Посткеңестік қоғамның жиырма жылы ішінде аса зор өзгерістер болды. Алайда ақшаға, жақсы жағдайға, байлыққа деген көптеген зиялы қауымның, әсіресе, ғылыми ортаның көзқарасы бұрынғыша қалды. Бұл – лайықсыз, ұят сияқты болды. Бірақ қамсыз өмір жоғары сезімге қайшы келмейді. «Ақша – нақтыланған еркіндік» сөз тіркесі ақиқаттан алшақ емес. Ақша бәрінен бұрын жаңа мүмкіндіктер екенін айта кеткім келеді. Біз «жабайы капитализмді» қанша сөксек те (алғашқы кезеңінде басқаша болуы мүмкін емес), жаңа дәуір іскер адамдарға адал ісімен ақша табуына мүмкіндік береді. Дамыған социализмнің «Әркімнің қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген ұраны шын мәнісінде жалған (фикция) болатын.

Жалқау да ыждағатты қызметкер де бірдей еңбек ақы алды. Қосымша табыс табуға рұқсат бермеді. Ел Президенті мәжілістің бірінде осы өрескелдікті әдепті түрде аңғарта айтты: ол кездегі адамдар жалақыны «получка» деп атайтын. Адамдар бүгін де, ертең де өзінің сол 120 сом алатынын білді. Егер жолы болса, он жылдан кейін 140 сом алуы мүмкін. Ал жиырма жылдан кейін, мүмкін! – «хрущевкадан» пәтер бұйырар. Жаппай теңгермешілік әйгілі тұлғалар мен жаңа таланттардың ашылуына мүмкіндік бермеді. Кеңестік дәуірдің соңғы жойыла бастаған кезеңінде қайсар адамдарды қайырып тастайтын. «Сен немене, басқалардан ақылдысың ба?» деген «даналық сөз» туындады. Енді ең бастысына келсек, бүгінгі күні ғалым-гуманитарлардың мақсаты жаңа заңға сәйкес терең, күрделі, жан-жақты білім беруді сақтап қалу. Оларды жігерлі адамдарға демократия мен нарықтық экономиканың беретін

мүмкіндіктерімен қатар қолдану керек. Бұл аса күрделі міндет, сонысымен де қызғылықты. Санкт-Петербургте бұл тақырыпқа қайта-қайта оралдық. Питердегі кездесуге ірі университеттердің ғалымдары келгендіктен, жоғары оқу орындарының нақты мәселелері туралы сөз болды. Жоғары оқу орындарын қалай бәсекеге қабілетті қылып, болашақ мамандарды қалай жұмыспен қамтамасыз етуге болады?

«Мектеп бітірушінің тиімділігі» деген тұрақты сөз тіркесі пайда болды. Көптеген оқу орындары осыны ерекше жоғарылатуға тырысуда. Мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарын үйлестіру туралы көп айтылды.

Екеуінің де жақсы және жаман жақтары сөз болды. Ең соңында, қоғамды жақсарту туралы, онда ғылым мен білім арқылы қайшылықтар мен өнегелерді жақсарту туралы әңгіме болды.

– КСРО-ның ыдырауы бірыңғай кеңестік ғылымның ыдырауына әкелді ғой. Әуелі, Мәскеудің құрығынан құтылды дегендей егемен мемлекеттер шаттанды. Артынша шығармашылық қарым-қатынассыз, пікір мен идея алмасуынсыз өмір сүру мүмкін еместігі анықталды...

– Гуманитарлық ғылымда ең алдымен тарихшылар «есін жиып алды», олар ТМД елдері тарихында Халықаралық ассоциация институтын ашты. Артынша ТМД, Азия және Еуропа елдерінде Философия зерттеу институтының Халықаралық ассоциациясы пайда болды. Оған танымал ғалым, Ресей Ғылым Академиясы Философия институтының директоры Әбдісалам Гусейнов басшылық етті.

Айтпақшы, ол Ресей қоғамында орныққан жаппай ксенофобия туралы стереотипті жалғанға шығаратын этникалық әзірбайжан. Конференцияда тарихшылардың көбірек болғанын атап өткен жөн. Олар жиі шығып

сөйлеп, өздерін белсенді ұстады. Оның үстіне, бұл ғылымда проблемалар да жеткілікті. Армения мен Әзірбайжанның заманауи тарихы өз елдерінде түрліше түсіндірілетінін біз, әрине, түсінеміз. Мектептерде де, тиісінше, ресми саясат көзқарасы тұрғысынан, белгілі бір бағытпен оқытылады. Бұл қоғамның толеранттығына мүмкіндік бере ме?

Ғалымдар осы қайшылықтарды бәсеңдету туралы ойлануы тиіс пе? Әрине, тиіс!

Еуразиялық одақ шегінде

– Қайталағаным үшін кешірім өтінемін, бірақ Кеңес Одағының ыдырауына нақ осы тарихшылар мен әдебиетшілер кінәлі. Атап айтсақ, олар түрлі «халық майданының» қайраткерлерін іздеп табумен айналысты, көбінесе, оларға басшылық етті десе де болады. Сол кезде халықтың құлағына, егер зұлым және мейірімсіз көршілеріміз болмаса, біз қандай жақсы өмір сүрер едік деген ойларын сіңірді. Сол көңіл-күйдің жаңғырығы осы күнге дейін сақталуда...

– Сізбен келісе отырып, мынаны айтқым келеді: жаппай тайталасу кезеңі келмесе кетті. ТМД елдерінің ғылыми қауымдастықтары толық ұйымдасқан деп айта аламын.

Санкт-Петербургте жыл сайын өтетін форумның бастаушысы дәл сол тарихшылар екендігін айта кеткім келеді. Әрине, әр кезеңде жаңа тақырып таңдалады.

– Шығып сөйлегендер ішінде «сөзбен тиіскендер» болды ма?

– Әрине! 2015 жылы түпкілікті рәсімделетін болашақ Еуразиялық Одақ шеңберінде Қазақстан, Ресей және Беларусь ғалымдарының достастығы белгіленді. Біз, жалпы жоба бойынша жұмыс істейтін сияқтымыз. Қазірдің өзінде,

бірігіп күш сала отырып, талқылап және зерттелуге тиісті ортақ тақырыптар көп. Біздің интеграцияға қатысты қоғамда қандай стереотиптер қалыптасты? Керісінше, қазірдің өзінде қандай жақсы нәтижелер көзге түсуде? Баспасөзде «үлкен үштік» елдерінің әрқайсысы Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы – ұлттық егемендіктің ашық және жасырын қауіп-қатерлері жайлы жиі жазатыны құпия емес. Нұрсұлтан Назарбаев, Александр Лукашенко және Владимир Путиннің саяси еріктеріне үміттеніп қарап, мұндай әңгімелерден ат-тонын ала қашпау керек. Мысалы, Ресейде тек азды-көпті ауқатты қазақтармен бірігу керек деген тұрақты сенім қалыптасқан. Беларустардың «тоталитарлық жүйеге» негізделген экономикасы әлсіз. Қырғыздардың халі тіпті де нашар. Олар да Кедендік одаққа кіруге дайындалып жатыр. Бұл жерде шындық не, жалғандық не? Ашық әңгіме немесе бұрмалаушылық бар ма? Қарапайым жанның мүддесін саясат пен бос насихаттаудан толық ажыратып алу керек. Бұл тек экономикалық қана емес, гуманитарлық проблема. Сондықтан біздерге, ғалымдарға тиісті жұмыс өте көп.

– Тәжірибе жүзінде қалай болатынын көз алдыма елестете алмаймын. Әр елдің үш оқымыстысы, бір мақаламен жұмыс істей ме?

– Әрине, жоқ. Үш ірі ғылыми «бірлік» бар. Ғылыми әлеуетімен және кадрларымен бірге үш философия институты бар. Қоғамға ұсынылған біріккен жобамыздың нәтижесінде қызғылықты да батыл ойлар туындайтынына сенімім мол. Қазірдің өзінде үш институттың жетекшілерінен Директорлар кеңесі құрылды.

Республикамыздағы «Ғылым туралы заңның» жұмысы жайлы айтқанымда олар әбден таң қалды.

Соның нәтижесінде ғылыми қауымдастық шетке қағылған бейшара қыз кейпін кимеді. Ғалымдар үш жылға арналған тақырыптарды ұсынып отыр.

Ал мемлекет сараптама жүргізе отырып, осы зерттеулерге бюджеттік қаражаттар – гранттар бөліп отыр. Бұл жағдайда нақты нәтижелер алуға болады. Осы гранттар белгілі мөлшерде, қоғамдағы саяси және әлеуметтік шиеленісті төмендетуге жұмыс істейді деп есептеймін.

– Сіз Болотная площадь, Поклонная гора және «Окупай Абай» қозғалыстарын ғылыми көзқарас тұрғысынан зерделеу керек деп санайсыз ба?

– Сөзсіз! Ресей электоратындағы ауқымды наразылықтарды, қазақстандық митингтерді (көлемі жағынан біршама кемірек болса да) саяси құбылыс ретінде зерттеу керек. Қазақстан басшылығы «өтіп кетер» деген қоқан-лоққы көрсету мен қорқыту, үркітуге көзжұмбайлықпен қарамайды. Наразылық қозғалысын зерттеуге байланысты жеткілікті түрде қаржы да бөлінуде. Билік қоғамдағы шиеленістің неліктен болатынын білуі қажет. Философтардың, саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың ұсыныстарын билік басындағылар тыңдай ма? Мен тыңдайды деп ойлаймын.

Құбылмалы әлемнің ыңғайына иілме...

– Революцияға дейінгі Ресейде, кейін Кеңес Одағында ғылым Ғылым Академиясының құрамында дамыды. Михайло Ломоносов салған дәстүр күмәнсіз еді. Идеологияның кесірінен, біз батыстың тәжірибесіне көз салмадық. Кейін сол Батыста еш академиясыз-ақ күн көріп жатқанын білдік. Барлық ғылым ірі университеттерде шоғырланған. Сіз қалай

ойлайсыз Болон жүйесі академиялық ғылым жолындағы кедергі емес пе?

– Мен еліміздің ең жақсы университетінің бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде философия факультетінің деканы болып жұмыс істедім. Сонан кейін ірі талдау орталығы – ҚР Президенті жанындағы қазақстандық стратегикалық зерттеулер институтында директордың орынбасары қызметін атқардым. Бұған дейін мемлекеттік емес социологиялық компанияларда жұмыс тәжірибем болды.

Бұдан шығатын қорытынды қандай? Қазақстан – салыстырмалы түрде кішігірім мемлекет. 16 миллион адам – бұл Нью-Йорк немесе Токио сияқты үлкен қалалардың тұрғындарының саны ғана. Соған қарамастан, біз көптеген тілдерді, дәстүрлерді, мәдениеттерді сидырып отырған, аумағы жағынан тоғызыншы орынды иеленеміз. Гуманитарлық ғылым осы әртүрлілікті зерттейді. Сондықтан ғылым әртүрлі бағытта дамуы керек деп санаймын. Осы рухтандыратын процесті қатаң шеңберде «бұғаулау» мақсатқа сай емес және көрегендік болып табылмайды. Еркін жұмыс жасау үшін тәуелсіз зерттеулер құрылымы керек. Олар өз болжамдары мен ұсыныстарында көбірек еркінболуды аңсайды. Барлық билік құрылымдары да оларға қызығушылық танытуда. Себебі, ресми өкілдер ақпаратты әртүрлі көздерден алуға мүдделі. Елімізге жоғары оқу орны да қажет, ал мықты университет мемлекеттің тірегі. Ең алдымен, мықты профессорлар мен оқытушылар жиналған жоғары оқу орны студентке қажет.

Ленинград мемлекеттік университетіндегі студенттік кезім әлі есімде. Төртінші курста мен үшін ең қызықтысы... ғылыми-зерттеу институтында өткен тәжірибем болды. Алғаш қолыма тиген бір бума сауалнаманы ала сала, өз бетіммен

тұрғындардан сұрақ-жауап алуға жүгіре жөнелдім. Өйткені, өмірдің бір кезеңінде студент әдеттегі «тұтынушы» болудан жалығып, жеке өзі ғылымның құпиясына енгісі келеді.

Оған қоса, ғылым тәжірибенің тоғысқан жерінде болуы керек, сонда студент өзінің процеске қатысу мүмкіндігін сезінеді. Бірақ барлық ғылымды жоғары оқу орны мойнына «іліп» қоюға болмайды. Себебі университет оқытушысының ғылымнан басқа да проблемалары жетерлік. Бұл жатақханалардағы тәртіп, студенттер тәрбиесі, практиканы ұйымдастыру және т. с. с. Оқытушы бұл ерекше мамандық және қабілет иесі екеніне келісесіз ғой? Міне, сондықтан да академикалық ғылым керек. Ол Академиямен біріге ме немесе Қазақстандағы сияқты министрліктің құрамында бола ма, маңызды емес. Біздің елімізде барлық академиялық институттарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті басқарады.

Бұл жағдайда ғылыми жобаларды қаржыландыруды мемлекет жүзеге асырады, бұл тұрақты еңбекақы және үнемі жұмыспен қамтылу деген сөз. Бүгінгі өмірде бұл жақсы нәрсе және ғалым үшін де жоғары абырой. Біз ізденушілерді ұзақ әңгімелесу, жеке ісімен және жарияланымдарымен танысу арқылы жұмысқа қабылдаймыз. Жас жігіттер мен қыздар өздерінің жаңылыспай келгенін білуі керек. Талдаумен айналысуға олар қабілетті ме? Өз көзқарасын батыл қорғай ала ма, Андрей Макаревичтің атақты өлеңінде айтқандай «өзгермелі өмірдің ыңғайына иілуге» дайын ба? Кей кездерде кандидаттарды електен өткізуге тура келеді, өйткені кейбіреулер академикалық институтты лауазымдырақ және ақшасы көбірек жұмыс табылғанша «күтіп отыра тұру» түрінде қарастырады.

– Айтпақшы, биылғы жылы сіз қанша адамды жұмысқа қабылдадыңыз?

– Бес жігіт пен бес қызды жұмысқа алдым. Олар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері. Жастар қатаң конкурстан өтті. Қалаушылар анағұрлым көп болды. Олардың бірі артық, бірі кем емес, бұл нағыз шабыттанбасаң ғылыммен айналыспа дегеннің тап өзі. Мен шабытсыз ғылыммен айналыспа дегенге сенемін. Институтта жұмыс істеуге деген үлкен ықылас болу керек. Ал тәжірибе – ол жүре келеді...

– Аз уақыттан кейін институт өзінің 55 жылдығын атап өтпек. Осы уақыт ішінде түрлі үлгілер жасалды. Кеңес кезеңінде Философия және құқық институты болды. Сонан соң құқықтанушыларды «көшіріп жіберді». 1998 жылы Философия және саясаттану институты құрылды. Жақында атауы – Философия, саясаттану және дінтану институты болып өзгерді. Осындай күрт өзгерістердің арты қалай болады?

– Меніңше, атауындағы өзгерістерге көп көңіл аударудың қажеті жоқ. Ең бастысы: институттың атауында философия сөзінің қалуы. Математика – барлық ғылымның патшасы деп саналса, философия – гуманитарлық ғылымдардың туған анасы. Қоғамдағы қатынастар дамыған сайын, «бұтақтар да» көбірек пайда бола бастады. Философиядан психология, әлеуметтану, мәдениеттану, дінтану бөлініп шықты. Бір кездерде «ғылым және техника философиясы» пәні болған. Қызығы, көптеген бас ғылыми қызметкерлердің (олардың ішінде еңбегімен елге аян жандар да бар) базалық философиялық білімі жоқ. Ғылымға оларды өмір алып келді. Академик Әбдімәлік Нысанбаев, профессор Рүстем Қадыржанов – математиктер. Профессор Қажымұрат Әбішев – филолог, ал профессор Грета Соловьева – журналист. Профессорлар Анатолий

Косиченко мен Мұхтар Изотов – физиктер. Философия ғылымдарының докторлары Бақытжан Сатершинов пен Мұхтарбек Шайкемелев осыған сай тарихшы және биолог. Мен өзім білімім бойынша психологпын. Менің ойымша, мамандықтардың осындай симбиозы үлкен ерекшелік.

Сонымен бірге ол өзін ақтап та шықты. Себебі біздің алғашқы біліміміз, өткен кәсіби және күнделікті тұрмыстағы тәжірибеміз бір-бірімізді жақсырақ түсінуге, батыл қортындылар жасауға көмектеседі. Ең алдымен, абстрактылы бейімделуден аулақ болу керек. Кезінде институттағы саясаттану бағытына түсінікпен қарағаны да осыдан.

Қоғамда дайын, маманданған зерттеушілерді қайдан аламыз деген сұрақ туындағанда, әрине Академиялық институттан деген жауапты күтуге болды.

Ең маңыздысы – сұхбаттасу

– Биылғы жылы сіз мамыр айының аяғында болған, әлемдік діндер көшбасшыларының съезіне қатыстыңыз. Оның жұмысына отандық және шетелдік журналистер тобы зер салып бақылап отырды. Мүмкін, сіз үшін қоғамның осы іс-шараларға қатынасы бірімәнді емес екені жаңалық емес шығар.

Жоғары қызметтегі православ қызметкерлері, ақсақалды имамдар, будда монахтары мен Папа тағының өкілдері бірге жиналғанда әбден жағымды әсер қалдырады. Олар шын жүректен шыққан сөздерін айтады.

Бейбітшілікке ұмтылу туралы, жақындарын жақсы көру туралы, қантөгісті болдырмаудың маңыздылығы туралы мәселелер сөз болды. Бірақ әлем діни кикілжіңдерден шаршады! Өртеу, жарылыс туғызу, адамдарды кепілдікке алу! Солай болса, дінге сенушілер өз настырьларын естімей ме? Әлде олар өз ізбасарларын сендіре алмай ма...

– Жалпы мұндай форум біздің елде төртінші рет жүргізіліп жатса да, менің алғаш рет қатысуым. Мен түрлі діндердің жағымды реакциясын күшейту әрекеті ретінде қабылдадым. Сонымен бірге, ол жерде барлық елдердің саясаткерлері жиналатынын естен шығармау керек. Астанаға нағыз діндар адамдар келеді. Мемлекет және партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың саяси көшбасшылары қандай қорытынды шығаратыны басқа мәселе. Қандай сабақ алуға болады? Форумның жұмысын іштей бақылап, оған қатысып отырғанда Қазақстан Президентінің алдына қойған міндеттердің ауыр екенін түсінесің. Негізінде, кез келген партия басқа діни нанымдар мен конфессиялардың өкілдеріне абсолютті толерантты бола алмайды. Әр дінде «бөтен діндегі» адам деген ұғым бар. Онда бір-біріне деген қарама-қарсылық, тіпті бүркемелі қауіптену де бар. Бұл жерде оларға христиандармен, мұсылмандармен, буддалармен, барлық діни ағымдардың өкілдерімен сұхбат жүргізу маңыздырақ. Мен қоғамда, осы кездесулер мен әңгімелесулердің еш мәні жоқ, себебі осыдан кейін де ешқандай өзгерістер болмайды деген көзқарас бар екенін білемін.

Кезекті мәжілістен келе жатқанымда, осы ойды такси жүргізушісі маған үлкен ренішпен білдіруге тырысты. Мұндай көңіл-күйді қарапайым халықтық десе де болады, олармен айтысуға да болады.

Кеңес уақытында дүкен сөрелерінің жұпыны кезеңінде менің бір танысым космос кемесін ұшыру туралы ТАСС-тың кезекті мәлімдемесін тыңдап отырып «менің де сарымайым таусылды!» деп реніш білдірді. Мұндай кездесулердің маңыздылығын төмендету, тіпті абыройын төгу әрекеттері болды да, бола береді де. Олардың бұл қылығын байсалды, ренішсіз қабылдау керек.

Осы тәріздес іс-шараларды ұйымдастырушылардың алдында тағы бір қауіп бар. Екінші спектакльді ойнау бәрінен

қиын, театр әртістері мені түсінеді деп ойлаймын. Себебі барлық күш-қуаты премьерға кетеді. Бәрі де аншлаған кейінгі сәтсіздіктен қатты қорқады. Менің көзқарасымша, Астанадағы кездесуді ұйымдастырушылар осы тәріздес жағымсыз күшті, әсерді болдырмауға бар күшін салған. Қатысушылардың пікірі мен жарияланымдары бойынша екінші және үшінші съездер, сонымен қатар өзім қатысқан төртіншісі де қалыпты іскерлік жағдайда өтті. Әрине, бәріміз тосын сыйды күтеміз. Барлығы бір кереметті армандайды. Адамның табиғатының өзі осындай. Бірақ нақты өмір сүру арманнан алыста жатыр. Мен сұхбаттың маңызды екенін айтқым келеді, әрине сынсыз ештеңе жоқ. Көптеген съезге қатысушылар пікірталасқа, діни көшбасшылардың сөзіне түсіндірмелер беруге көп көңіл, уақыт бөлу керек деген пікір айтты. «Дауыстап оқу» форматы қазіргі жағдайда зеріктіріп жібереді, мен тіпті мылжыңдық деп айтар едім. Бесінші форумдағы кездесуде қажетті түзетулер енгізіледі деп ойлаймын. Мүмкін, шіркеу қызметкерлерінің беделін құрметтей отырып, оларды теологиялық сұхбатқа тартуға тырыспай, тек журналистер мен сарапшылар үшін пікір-сайыс алаңдарын ұйымдастырған пайдалы болар ма еді.

– Маған тұтас әлемде, кейінгі кеңестік кеңістікте түрлі дін өкілдерінің белсенділігімен қатар, оларға деген іштей сақтық үдей түсіп, діни ұстындарды күшпен енгізу бар сияқты. Осылардың қатарына Патриархтың сағатына байланысты жағдай, Құтқарушы Христос Храмындағы жанжал жатады. Сонымен бірге, қоғам исламнан қорқудан зардап шегуде. Бұл үшін себептер баршылық. Мәскеу метросының вагонына үлкен тор дорбасы бар, хиджап киген әйелдің кіргенін еш ұмыта алмаймын. Бүкіл вагон қорқынышпен қарады, барлығының зейіні әйелге, оның сөмкесіне ауды. Мен бұл туралы неге айтып отырмын?

Философия институты өзінің атына «және дінтану» қосымшасын алды емес пе.

Негізінде бұл түсінікті. Алайда сіздің пікіріңізді естігім келеді. Бұл институттың жаңа директоры Зарема Шәукенованың идеясы ма?

– Идея менікі емес. Үкімет шешім шығармастан бұрын, билік бір жыл бойы ойлаңды. Философия және саясаттану институтының «қолдаушылары» мен «қарсылары» жан-жақты қарастырды, біздің мүмкіндіктеріміз таразыға тартылды.

Әрине істің осылай болатынын білген біз де, соған сай алдын ала дайындалдық. Дінтану бөлімін құрдық, министрлікке грантқа өтінім бердік. Әрине, біз шындықты білдік. Қазақстан халық ассамблеясынан күшті сарапшылар жиналған болатын. Дін істері жөніндегі агенттікте Талдау орталығы құрылды. Құқық қорғау ұйымы да мұны көзден таса қылмады. Мемлекеттік емес құрылымның мамандары белсенді түрде жетілдірді. Әрине бұл жаман емес.

Билік түрлі дереккөздерден жедел ақпараттар алуы тиіс. Іргелі ғылыми дайындамалар мен ұзақ мерзімдік болжамдарға байланысты, бұл жерде біз көшбасшылыққа ұмтылуымыз керек. Діни «дүрлігумен», оған деген атеистік қарсы айдап салынған тұрғындардың жағымсыз әрекеттеріне байланысты көптеген мәселелер пайда болады. Мектептерде исламның негізін және православиялық нанымды оқыту керек пе? Егер оқытатын болсақ, нешінші сыныптан бастау керек? Бұл жерде имамдар, дін уағыздаушысы және ксендздер тарапынан зайырлы мемлекеттің «араласу» шегінің мүмкіндігі қайда? Мүмкін оған шек қоймасақ ше? Арнайы мәселелер туындайды. Мысалы, кімді мойындалған қазақ діни ілімін таратушысы деп санаймыз? Ең кең таралған жауап: ол Қожа Ахмет Ясауи. Алайда Ясауи исламның түркілік бұтақтарының танымал басшысы екені белгілі. Сопылық

осы діннің тылсымдық ағымы болып табылады. Сонымен қазақтар исламның ханафистік мазхабын ұстанатынын есте сақтау керек. (Мазхаб – ол сүннеттік исламның төрт құқықтық нысанының бірі – авт. ескертпесі). Сұрақтардың бәріне іргелі ғылым жауап беруі керек.

Кезі келгенде айтайын, біз республикамыздың түрлі облыстарында – тұрғындардың «Дін туралы» жаңа заңға деген қатынасы туралы ауқымды зерттеулер жүргіздік. Респонденттердің 70,8% мақұлдайтыны анықталды, себебі бұл проблема бұдан әрі мемлекеттік реттеусіз қала алмайды.

Біз, қазақтар, исламды көп халықтардан кейін қабылдадық. Дінге нанушылардың ішінде фанатизм мүлде болмады. Керісінше, бізде басқа діндерге деген төзімділік және бөтен дінді құрметтеу қасиеті тән. Алайда, интернет және «түсті революция» ғасырында өткен ғасырлық дәстүрлерге үміттену, қалай болғанда да алдағыны дұрыс болжай алмаушылық болар еді. Біздің аңқаулығымыз тым қымбатқа түсті – бұл жерде мен Ақтөбедегі атысты және Тараздағы өзін құрбандыққа шалған экстремисті еске алып отырмын. Соның нәтижесінде, құқық қорғау ұйымдарының қызметкерлері мен ешқандай кінәсі жоқ азаматтардың қаза тапқанын білеміз.

Ал осы фанатиктер өздерін «ақиқат исламның» қорғаушысымыз деп есептеді.

Абырой ма, әлде кемшілік пе?

– 2012 жылы Философия, саясаттану және дінтану институты үшін ең бір маңызды оқиғалардың бірі – директор Зарема Шәукенова мен бас ғылыми қызметкер Наталья Сейтахметованың Ұлттық ғылым академиясына корреспондент-мүше ретінде сайлануы деп ойлаймын...

– Ескертіп кетейік: Қазақ КСР Ғылым академиясының тарихында ал ол 1946 жылдан келе жатыр) және егемен Қазақстанның Ұлттық Академиясының 20 жылдық тарихында әлеуметтанушылар академия құрамына ұсынылмады да, сайланбады да. Сонымен бірге он жеті жыл бойы (!) ҚР Ұлттық академия мүшесіне сайлау болмады және осыған сай, Философия институтының бірде бір қызметкерлері осы құрметті атаққа ұсынылмады. Осы «шақырылымда». Ұлттық академия бірден жаңадан 44 корреспондент-мүшелерге көбейді. Оған қоса, өткен сайлауда корреспондент-мүше болып 50 жасқа дейінгі ғалымдар бола алады деген шектеу болды. Бұл да бір уақыттың жақсы ырымы шығар. Ғылым жасарып келеді. Дегенмен, сайлау сынынан өткендіктен, сіздерді барлық 156 академик денсаулығы жағынан да, ғылыми тұрғыдан да мықты екеніне сендіргім келеді. Олар ширақ, қунақ, тәртіпті. Сонымен де, олар шынайы, сыпайы және тілектестік қарым-қатынаста болды. Академиктер міндетті рәсімдердің бірде біреуін жібермеді. Олардың осы шешімдері үшін мен академиктерге қатты ризамын. Мен үшін осы өткен оқиға, сөзсіз, үлкен мәнге ие. Бұл Институт үшін үлкен жетістік. Бүгінде біздің арамызда: ҚР ҰҒА-ның 1 академигі – Ә.Н. Нысанбаев және 2 корреспондент-мүшесі бар. Дегенмен де, өзімнің жаңа атағыма осы күнге дейін үйрене алмай жүрмін.

– *Реформалар Қазақстан Ұлттық академиясын да айналып өтпеді. Бір кездерде оны тіпті Ғылым министрлігімен де біріктірген болатын. Бүгінгі Ұлттық академия өзінің активінде тек мадақтау құралына айналған қоғамдық ұйым. Сондықтан мені көптен бері мазалап жүрген, бірнеше күтпеген сұрақтар берейін: мүмкін Ғылым академиясының еш қажеті жоқ шығар? Сізге ол социализмнің қалдығы болып көрінбей ме...*

– Сіздің сұрағыңыздан өткір мысқылды сезіп тұрмын, бірақ ашық жауап беруге тырысайын. Ғылым – жарыссыз болмайды. Оның қандай да болмасын бағдары болуы керек. Тек кәсіби, материалдық қана емес, адамгершілік жағынан да. Біз «академик Сахаров», «академик Сәтпаев», «академик Лихачев», «академик Әуезов» деп айтқанымызда, белгілі бір бейнені елестетеміз. Бұл тек ғылыми еңбектер емес, ойлау тәсілі, әлемді тану. Азаматтық ұстаным. Білгіңіз келсе, тіпті адами қасиет. Яғни, осындай адамдарға теңелгіңіз келеді, оларға еліктеп ұқсағыңыз келеді. Ал, «дәрежеге» ие болып, диплом алғысы келу, міне бұл бәсеке мен мансап құмарлық болып табылады. Бұл «өндіріс» шығындары. Біз әлем чемпионы атағын алуға ұмтылған спортшыны немесе Нобель сыйлығын алғысы келген жазушыны кінәламаймыз ғой. Ғылымда академиктен жоғары атақ жоқ. Маған Ұлттық ғылым академиясының төрағасы Мұрат Жұрыновтың жаңа ғана корреспондент-мүшесі болған бізге: «Қазір елімізде академиялар көп. Бірақ Ұлттық академия жалғыз. Сондықтан, оның корреспондент-мүшесі деген атағына лайықты болыңдар», – деп ақжол тілеп айтқан сөзі есімде қалды.

– Мен басқа жағынан келейін. Академик мырзалар «алға ұмтылуда», тек бұл «ұмтылыс» басқаша қалыпта өтпек. Көпті көрген қариялар он жетінші сайлауды жүргізуге немесе кезекті мерейтойды өткізуге жиналады. Ұлттық академияны үш жүзге дейін, тіпті бес жүзге дейін кеңейтуге болады. Бірақ ерте ме кеш пе, елдің басшылары тарапынан: құрметті мырзалар, неге сендердің араларында Нобель сыйлығының бір де лауреаты жоқ деген сұрақ туындамай ма...

– Ұзақ жылдар бойы белгілі себептер бойынша, ғылымды өркендетуге еліміздің мүмкіндігі болмады. Мұндай жағдай кейінгі кеңестік мемлекеттердің бәрінде де болды.

Әр ғалым қолынан келгенше өмір сүруге тырысты. Тек соңғы жылдары жағдай жақсы жағына өзгере бастады. Нобель лауреаттарының болуы, әрине керек. Қазақстанда оны кім иеленеді? Оны әзір ешкім де білмейді. Мүмкін, кейінгі ұрпақтар алар.

Кез келген ғылымда болжауы мүмкін емес жағдайлар бар. Гуманитарлық салада ол өсе түседі, ал физикада, математикада біршама басқаша.

Міне формула, міне жаңа элемент. Гуманитарлық ғылымда субъективтілік көбірек. Әйтсе де, дәл ғылымдармен жұмыс істеу қиынырақ.

Британ физигі Питер Хиггс өзінің даналық болжамын растау үшін 48 жыл күткен...

Өмірлік ісім

– Пессимист болып көрінгім келмейді, бірақ Бірыңғай ұлттық тест (БҰТ) және Бірыңғай мемлекеттік емтихан (БМЕ) бекітілген елде енді нобельдік лауреаттар ешқашанда болмайды. Әрине, мен бұл жерде Қазақстан мен Ресей туралы айтып отырмын. Біз тағы да Санкт-Петербургтегі ТМД-дағы гуманитарлық білім мен білім берудің келешегі туралы халықаралық мәжіліс тақырыбына қайта оралсақ.

Жақын арада әдебиет бойынша Ресей тестерін зер сала оқи отырып, ешнәрсе түсінбедім. Андрей князьбен танысқан кезінде Наташа Ростованың көйлегінің түрі қандай және оның қанша желбіршектері мен бүрмелері болғаны маңызды ма екен?

Иә граф Толстой өз шығармаларының осындай түсініктемесінен кейін, табытта аунап түсер еді. Меніңше әдебиетті, тарихты, философияны, психологияны, әлеуметтануды құр жаттап алуға болмайды.

Кейбір мәселелер жөнінде келіспеуіміз мүмкін. Бірақ мен сіздің басты ойыңызды құптаймын. Гуманитарлық ғылымды ауыздықтайтын адамдар эмоциялық тұрғыдан бай болуы қажет. Олар ойлап және сендіре білуі керек. Егер олар шабыттанбаса, ғылым жолына неге келеді...

– Мен көп жылдық – өтілі бар оқытушы ретінде жауап берейін. Тестерді кім құрастырады? Ұстаздардың өздері. Тесті құрастыру – бұл да өнер. Бұл қалай жасалады? Оқытушыны шақырып алады да, оған: «Өзіңіздің студенттеріңіз үшін тест құрастырыңыз. Бұл сіздің педагогикалық жұмысыңызға жатады, емтиханға дайындаңыз. Олармен бірігіп, ақылдасыңыз», – дейді. Өз ісіне ұқыпты дарынды педагог оны шебер орындайды. Ал кейбіреулері бұл тапсырамаға ешқандай шабытсыз, формальды түрде қарайды. Осындай жағдайлармен жеке бір жоғары оқу орындарында қақтығысып қалуымыз мүмкін. Міне сол кезде Қазақстан тарихы бойынша тестерде: «Абылай ханның атының неше тісі бар?» деген ғажап сұрақтар пайда болады.

Осылардың бәрі баспасөзде жарияланады, содан кейін осындай «шығармашылықты» бүкіл ел қызықтайды. Мен, әрине, асырып айтып отырмын, алайда менің жауабымның мәні түсінікті деген сенімдемін. Иә бізде белсенді, сауатты ұстаздар жетіспейді. Мен бұл жас мемлекеттің өсу жолындағы дерті деп ойлаймын. Мен де емтиханда оқытушы мен студенттің бірге жұмыс істеуін қолдаймын, өйткені менде кеңес кезінде оқыдым. Сонымен бірге, мен тест жүйесінде қорғап қалғым келеді. Бұл оқытушының субъективтілігінен сақтандыратын қорғаушы кедергі, ұнамаған студентін оның «құлатып» жіберуі құпия емес. Міне осы себепті Бірыңғай ұлттық тесті қолдаймын. Қай мектепте оқығанына қарамастан, бұл әрбір оқушының білім алуы мен мансапқа жету үміті. Оқыған мектебі қалалық па, ауылдық па, зиялы

немесе ең қарапайым екеніне де қарамайды. Билеттер мен тесттілеу шарттарын әрі қарай жетілдіру керек пе? Керек деп ойлаймын. Бірақ жүйенің өзінен бас тартуға болмайды. Ең бастысы, әлемге саны жағынан ең көп нобельдік лауреаттар берген батыс елдерінде бұл жүйе көптен бері және сенімді түрде жұмыс істеп келеді. Оларда ешкім дұрыс жауабын ұялы телефоннан білуге тырыспайды. Соған сәйкес, біздің республикамыздың мектептерінің бірінде орын алғандай, мектеп бітірушілерін тінтудің педагогтар үшін қажеті де болмайды. Бұл кеңестік кезеңнің қалдығы.

Біз мұны жеңіп шығатынымызға сенімдімін.

– Онда әңгімемізді қорытындылайық. Адам өз шығармашылық мансабының кемеліне толған кезінде, академиялық институтты басқаруға келісім берсе, онда ол сірә, өзінің ауқымды ерекше бағдарламасын жүзеге асырғысы келгені болар. Осы тұрғыда әлеуметтану ғылымының докторы және Ұлттық академияның корреспондент-мүшесі Зарема Шәукенованың шығармашылық жоспары қандай?

– Жоспарлар көп. Ең алдымен, институт жаңа адамдар мен жаңа күштердің қосылуына, кадрларды жасартуға зәру. Институт тек қана ғалымдарға ғана емес, барлық қоғамға, мемлекеттік институттарға қызықты тақырыптарды батыл түрде қолға алуы керек. Кеңес уақытында Философия институты диалектикалық логика мектебімен даңқы жайылды. Дамудың жаңа кезеңінде қандай теориямен, қандай бағытпен ғалымдардың данқын шығаруға болады. Иә, біз бұрынғыдай мемлекеттің тапсырысы бойынша жұмыс істейміз. Сонымен бірге институттың интеллектуалдық қуаты анағұрлым үдей түсуі керек.

Біз зерттеулер үшін тақырыптарды өзіміз ұсынып, мемлекет біздің барлық ұсыныстарымызбен келісетіндей

болуы керек. Бұл процесс іске қосылды, әзірге ол бастапқы деңгейде. Қайсыбір ілгеріленген зиялылар мемлекет ғалымдарға нашар қамқорлық жасайды, ол ғылымды бағаламайды және ірі ғалымдар пікіріне көңіл аудармайды деп тұжырымдайды. Мен осындай мәлімдемелерді естігенімде, осындай «бас араздықта» қуланушылық элементі бар деп үнемі ойлаймын. Қазіргі кезде мемлекет басшылығында көптеген дарынды адамдар мен білгір мамандар баршылық қой.

Көбісі шетелде білім алды, екі-үш тілді біледі. Жоғары мемлекеттік шенеуніктердің философиялық және саясаткерлік білімі болуы – тіпті детаңқаларлық емес. Соның ішінде, Білім және ғылым министрінің академиялық институттар директорларымен сұхбаты әрқашанда сындарлы, өзара келісіммен өтеді.

Институттың шығармашылық әлеуетін мен Отан алдындағы бірінші кезектегі міндеттерге бағыттағым келеді.

Бұл, меніңше, ең басты міндет. Ғалымның және азаматтың борышы. Бұл менің өмірлік ісім.

БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

ЗАРЕМА КӘУКЕНҚЫЗЫ ШӘУКЕНОВА

Шымкент қаласында (Оңтүстік Қазақстан облысы) дүниеге келген. Ленинград мемлекеттік университетінің психология факультетін бітірген. 1987–1997 жылдары психолог, кадрларды тұрақтандыру бюросының бастығы, Қарағанды металлургия комбинатының (Теміртау қаласы) әлеуметтік-психологиялық қызмет жетекшісі болып істеген. 1997–2007 жылдар арасында «ЦЕССИ-Қазақстан» (Астана қаласы) салыстырмалы әлеуметтік зерттеулер институтын басқарған. 2007–2010 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (Алматы қаласы)

философия және саясаттану факультетінің деканы қызметін атқарды. 2010–2011 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтында директордың ғылым жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеген. 2011 жылдың қыркүйегінде ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтының (қазіргі кезде Философия, саясаттану және дінтану институты) директоры болып тағайындалды.

Профессор, әлеуметтану ғылымдарының докторы. 130 дан астам ғылыми және әдістемелік еңбектердің, оның ішінде «Заманауи кезеңіндегі Қазақстан дамуының идеологиялық концепті» (2010 ж.) және «Қазақстан Республикасындағы идеологиялық конструкциялау» (2012 ж.) еңбектері де бар. Түркі тілдес елдердің әлеуметтік гуманитарлық бағытындағы ғалымдар мен әлеуметтанушыларды біріктіретін басылым, «Әлеуметтану–Sociology» еларалық ғылыми-талдау журналының бас редакторы.

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері. 2007 және 2011 жылдары Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан алғыс хаттар алды. «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасында ғылым дамуындағы үлесі үшін» (2003 ж.), «Ы. Алтынсарин» (2009 ж.) белгілерімен марапатталды. Еліміздің ғылымының дамуына көрнекті үлес қосқан, ғалымдар мен мамандар үшін белгіленген мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері (2008–2010 ж. ж.). 2002 жылдан бастап осы кезге дейін «Қазақстан социологтар ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің орындаушы директоры (ҚСА).

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі. Қазақстан халық Ассамблеясы сараптау кеңесінің мүшесі.

2012 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

ТҮСІНІКТЕМЕ

НӘЗИРА БОЛДУРУКОВА, «Жас ұлан» Бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы, Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің магистранты

ҒАЛАМШАР ТАҒДЫРЫ – ОНЫҢ АЯДАЙ АЛАҚАНЫНДА

Зарема Шәукеновамен жүргізілген сұхбатты шын көңіліммен едәуір толқи отырып, оқып шықтым. Өйткені, мен осы тамаша педагог әрі беделді, өзін қоршаған жандарды өзіне еріксіз тартатын әйелді жақсы танымын және құрметтеймін. Біз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде таныстық. Ол философия факультетінің деканы болатын. Мен жастар ұйымын басқардым, шығыстану факультетінде оқып жүрдім. Біз студенттік мейрамдарда, ғылыми-практикалық конференцияларда, ректорат мәжілістерінде кездесіп жүретінбіз. Әрбір осындай кездесу мен үшін үлкен оқиға болатын. Мен ол кісінің маған деген ықылас-ниетін сезінетінмін. Ол менің шығармашылық жоспарларым туралы сұрастырып, студенттік ұжымдағы мәселер туралы ой толғап, менің өміріме көмегі тиген кеңестер берді. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетіндегі оқуымды жалғастыру туралы шешім қабылдағанымда, мінездемені кімнен алайын деген сұрақ туындағанда, әрине, Зарема Кәукенқызы деп ойладым. Ол кезде Зарема Кәукенқызы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында жұмыс істейтін. Мен «Саясаттанушы болғым келетінін» айттым. Ол мені қызу қолдады.

Сондықтан да, мен Зарема Кәукенқызының ғылым жолындағы жастар туралы айтқан жерін ерекше көрсетіп қойдым. Менің көзқарасымша, бұл әлеуметтану ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым академияның корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры Зарема Шәукенқызының нағыз болмысы. Ол өз күшін біледі, ешкімге қызғанышпен қарамайды, жаны жомарт адам. Ол кісі қашанда шабыттанып, қызу жұмыс үстінде жүреді. Міне, сондықтан да Зарема Кәукенқызы жас мамандарды жүрексіңбей алға тарта біледі. Қазір де мен өзімнің жігерлі тәлімгерім басшылық ететін институттың игі істерін зор зейінмен қадағалап жүремін. Ғылымға және өмірге деген рұқсаттамамды оның аядай алақанынан алғанымды мақтан тұтамын. Егер де зер салып ойлансақ, осы сияқты әйелдердің алақанында еліміздің ғана емес, түгелдей алғанда, бүкіл ғаламшардың тағдыры тыныс алып жатқандай.

ЖЕР ШАРЫ ДӘУІРЛЕР АЛМАСУЫН БАСЫНАН ӨТКІЗУДЕ

Философия ғылымдарының докторы, профессор *Сергей Колчигин* қоғамдық ғылымдардың не үшін маңызды және қажет екенін түсіндіреді.

Оның жетекшілігімен ғалымдар ұжымы үш жылдың көлемінде «Қазіргі ғылыми таным логикасы мен әдістемесі: жаңа парадигмалардың ізденіс» атты жоба бойынша жұмыс істеуде.



БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

**СЕРГЕЙ ЮРЬЕВИЧ
КОЛЧИГИН**



1954 жылы 20 қарашада Алматы қаласында туған. 1978 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетін бітірген. ҚазақССР Ғылым Академиясы философия және құқық Институтында әуелі кандидаттық, ал 1993 жылы «Біртұтас дүниетанымның философиялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Қазақстанда және шетелдерде 200-ден астам ғылыми мақалалар жариялаған. Бірнеше көркем шығармалардың авторы («Капли света», «Истина. История души», «Феникс, или Книга сияний» т. б.) «Адам әлемі – Мир человека» журналының бас редакторы.

Қазіргі заманғы онтология, философиялық антропология, таным философиясы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын басқарды. «Диалектическая логика» (Алма-Ата, 1985-1988 гг.) және «История диалектики» (Алматы, 2000 г.) ұжымдық монографияларының авторы. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік зерттеулерге берілетін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың жүлдегері. Петровский (Қазақстандық бөлім) ғылым және өнер академиясының корреспондент-мүшесі. 1996-1997 жылдары «Простор» журналының (Алматы, Қазақстан) «Евразия» рубрикасының жетекшісі болған. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері.

Жер шары. Дәуірлер алмасуы

– Сергей Юрьевич, қоғамда гуманитарлық ғылымдар мен оларды зерттеу пәніне шүбә келтіретіндердің бар екенін мойындайсыз ғой деп ойлаймын. Физиктердің, химиктер, математиктердің жөні бөлек. Синхрофазотронды – байқауға, химиялық реакцияны – көруге болады. Ал математикалық есепсіз дүкенге де бару мүмкін емес. Ал сіз Гегель мен Канттың ой-толғамдарымен таныс емес отандастарыңызға не ұсыныс айтасыз? Сіздің ізденістеріңізден тәжірибелік пайдалы нәрсе бар ма?

– Философияның нәтижелерін тікелей көру мүмкін емес. Оларды жан-жақты көре алмайсың. Бірақ ізгілікті философияның басты ерекшелігі – оның зиятты қоғамға ықпал етуі. Бұл ойлау мәдениетіне, белгілі тіршілік негіздері мен қағидаларды қалыптастыруға, жоғары рухани құндылықтарды бекітуге әсер ету.

Бұл мағынада қоғамның өркендеуі адамның жетілуінен басталуға міндетті деуге болады. Тәрбие мен білімнің, ал соған сай өзінің дүниетанымдық құрылымымен философия да, психология мен педагогика ғылымдары да маңызды рөл атқаруы осыдан.

Менің жорамалдауымша, кез-келген өркениетті республика, әрине біздің республиканы қосқанда, гуманистік мұраттар табысына ұмтылады, былайша айтқанда жариялайды. Ал философтар болашаққа жол салуға үндейді. Біреулер алаумен, біреулер шырақпен, біреулер шаммен – күшімен, білімімен, тәжірибесімен, қабілетімен – бұл қиын да алыс жолға жөн сілтейді. Қоғамда неғұрлым ойлы адамдар көп болса, қоғам да жақсара түседі.

Философия адамзаттың тарихи қозғалысының логикалық негізін, адамның даму ақиқатын ұғынуға арналған. Сонымен бірге әлемнің біртұтастық бейнесі адам үшін оның ойы мен әрекетінің алғышарты болуы керек. Әлем жаратылысы мен өмір мәні жайлы сұрақтың жауабынан қорытынды шығармай, шынайы даму, таза адамдық қатынастарды қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, бұл жағдайда Жер бетінде, қоғамда, отбасында Адам үшін тірек болатын өзіміздің негізімізді табу мүмкін емес.

Әрине, философия біртекті емес және өзінің жоғарғы міндетіне әрдайым жауап бере алмайды. Бүгінде оның рөлі төмендетілген, ол ресми белгілерге бағынуға мәжбүр. Негізінде, мұны шешуге болады, бірақ мәселені шешу нарықтық жағдаятқа байланысты қиындау.

– Мүмкін, сіздер жеткілікті дәрежеде жарық беріп, жарқырап тұрған жоқ шығарсыздар, мүмкін халық сіздердің дабылыңызға мән бермейтін шығар, бірақ, біз адам пейілінің қатты өзгеріп бара жатқанын білеміз. Әсіресе, бұл 1993 жылдан бастап – бәрінің барлығына қарсы принципін ұстанған жаңа азаматтық соғыстың елесі туралы айта бастаған Қазақстанмен көрші елден көрінеді. Бізде де қоғамда алауыздық тудырушы әрекеттер көрініс беріп келеді. Жаңаөзендегі жараның орны жақын арада біте қоймас. Егер бұған философиялық көзқараспен қарасақ – неге бұлай болуда? Ғылым мұның жолын табуға көмектесе ала ма?

– Сұрағыңыз өте терең, ғаламдық. Жер шары дәуірлер алмасуын басынан өткізуде. Кеңес Одағының құлауы, халықаралық терроризмнің пайда болуы, әлемдік қаржы жүйесі мәселесі, ауа-райының өзгеруі...Барлығы адамзат іс-әрекетінің барлық аумағын зақымдаған дағдарыс белгілері.

Бұл, өз кезегінде ғаламшарлық көлемдегі психикалық қарбаластықты жасауы мүмкін. Біреу қолына автомат алып, мектеп оқушыларын атып тастайды. Міне бір әйел терезеден өз балаларын лақтырып жібереді. Ой толғанысы, дүниетанымдық хаос... Идеялық жағынан жаман болмауы тиіс сияқты: бүгінде біз түрлі идеялар мен пікірлердің еркін айтылу мүмкіндігін көріп отырмыз. Бірақ, біз басқа жағынан шектен шығып кеттік, әркімнің өз ақиқаты бар және соған сай, әркім, жасырын болса да, басқаға қарсы тұрады. Адамзаттың барлық мәселесінің түбірі – сыртта емес. Ол – өзіміздің менмендігіміз бен рухани құлдырауымызда жатыр.

– *Батыстық жалпыға мойындалған саясисыпайылық, мультикультурализм де құтқармайды...*

– Саяси сыпайылыққа белгілі бір гуманистік мән берілген. Адам қоғамның басқа мүшелеріне қарсы өзінің жағымсыз сезімдерін тежейді. Бұл мәдениеттілікті танытудың көрінісі, бірақ ең жоғарғысы емес. Сондықтан, төзімділік – бұл тек адамдар арасындағы қатынастың ресми жағы, кейбір мәмлегерлік болып табылады. Яғни – жоғарғы ақиқатқа деген өзіндік немқұрайлылық десек, ал адам болмысы мен дамуы мәселесінде кімдікі дұрыс. Күнделікті «араласпаушылықпен» және «жаппай плюрализмге» үйреніп алып, адам теріс құбылыстардың жанынан өтіп кете алады.

– *Францияның либералды баспасөздерінде «оңбаған буржуалардың» машиналарын өртеген араб жасөспірімдерін қорғаны есімде. Ал полиция жасқанып тұрды. Нәсілшілдік деп айыптай ма деп қорықты...*

– Бұл әртүрлілік пен ерекшеліктің абсолюттенуімен «қирату» философиясы бар постмодерн (негізінен француздікі) дәуірінің салдары. Бірақ негізгі әртүрлілік мәдениетте, өнерде, киімде, қандай да бір салт-дәстүрлерде, яғни сыртқы көріністерде болуы керек. Ал дүниетаным мен рухани даму заңы олардың этностық не конфессиялық бөлінуіне қарамастан барлық адамдарға бірдей. Мен кімін, қайдан келдім және не үшін тұрып жатырмын, алыс және жақын туыстарыма қалай қараймын – бұл сұрақтарға ұғынықты біртұтас түсінік болуы керек. Бірақ бұл кең көлемде әлі де дамымаған.

Ой мәдениетін дайындау жұмысын біздер, ғалымдар орындауымыз керек деп ойлаймын. Бұл біздің адами және кәсіби борышымыз. Егер жаһандық дағдарыс одан шығудың үлкен шешімдерін талап етсе, онда бұл жерде үлкен ғылым ең алдымен – әмбебап-жалпы ұғымдар мен принциптермен жұмыс істейтін философия қажет.

Тек адамға ғана руханилық тән

– *Жобаның тезисінде мені бір ой қызықтырды. «Адамдар игілігі мен қоршаған шындық үшін ғылымның шынайы дамуы мүмкін және оның пәндік саласын таңдаудан нәтижелерін қолдануға дейінгі ғылымның гуманизациялану жолында ғана қажет. Басқаша айтқанда, гуманитарлық танымның тек әлеуметтік қана емес, табиғи-ғылымдық рөлін көрсету керек. Осы көзқарасты түсіндіріңізіші. Қай ғылым болмасын өзінше гуманистік емес пе?*

– Мен мұндай болжаммен әрең келісер едім. Қазіргі кезеңде ғылым өзі ойлап шығарған құралдарға көбірек сүйенеді және адамнан алшақтай береді. Ғалым

өз құралынсыз ешкім емес. Компьютерлік техника, нанотехнологиялар, қуатты орбиталық телескоптар, гендік инженерия...

Бұл технологиялану салдарынан ғылым шындықтың көрінбейтін аймағына енеді, сондықтан, зерттеудің нәтижелерінің өзі виртуалды болады. Сондықтан да ғылымды қанша құрастырса да, сонша ақиқатын ашпайды деп айтады.

Біздің өмірімізді барынша жақсарту үшін ғылымды қалай қалыптастырады? Ол адамның рухы мен зердесін басып тастайды. Әр ай сайын бізге жаңа құралдардың көмегімен өмір сүруді ұсынады. Ал таза адами қабілет дамымайды. Мен, телефонсыз, көліксіз, компьютерсіз индивидуум ретінде кімін? Бұл жерде өз рахаты үшін қоғамды жаһандық дағдарысқа апарған деп ғылымды кінәлайтындар да бар. Оның үстіне қазіргі технократиялық және плюралистік өркениет жағдайында ғылыми зерттеулер ең алдымен әскери өнеркәсіп қажетіне кетеді.

– *Бұдан шығар жол қайда?*

– Гуманитарлық ғылым сияқты шынайы-техникалық ғылымда да руханилық, яғни сезім тәрбиесі қажет.

Менің не айтқым келеді? Классикалық философияда сезім ережеге сай, таным процесінің алғашқы баспалдағы ғана болды және адам құрылымының төменгі деңгейінде еді. Бастысы – сана болды. Мен адамда – бір емес екі сезімдік әлем бар деп атап айтқым келеді. Көру, түйсіну, иіскеу тек бірінші ақпаратты ғана береді. Бұл табиғи сезімдер. Бірақ басқа рухани сезімдер бар – тек адамға ғана тән жоғарғы көрініс: жақынға деген махаббат, сұлулық пайымы, қасиеттілік сезімі, қатерге ұшырағандарға көмектесуге

тырысу. Міне осы сезімдер бізде өкінішке қарай, екінші орынға ысырылған. Ал оларды бала кезден тәрбиелеу керек. Бұл бізді қоршаған ортаға жағымды әсер берер еді. Ғалым суық қанды, қатыгездікпен жұмыс жасап, өз пайдасын ойлап кетсе, ол басқа нәрсе. Егер, ол әлемге жаңа бір үйлесімділіктің, сұлулықтың жаңа реңін әкелгісі келсе, онда ол басқа. Салыстырып қараңыз: бір әуесқой гүлді кесіп алып, кептіріп, химиялық құрамын тексерді. Ал басқа біреуі – жаңа сорт ойлап тапты, түс пен иістің түрлеріне қол жеткізді. Бұл әр түрлі сападағы білім екеніне келісерсіз.

– Егер бұлай пайымдайтын болсақ, бізде ешқашан иттерді есепсіз сойған профессор Павлов болмас еді. Физиология, қан айналымы мен асқорыту еңбектері жарық көрмес еді. Бұл тілсіз және белгісіз ғылым сарбаздары – иттер қаншама адам өмірін сақтап қалды...

– Жануарларға тәжірибе жасау – тарихи ауысып отыратын шарасыздық деп ойлаймын. Адам эволюция жолымен дамиды. Сондықтан, хирургиялық құралдан басқа, танымның басқа тәсілдері де пайда болады. Менің физиолог танысым, тышқандарға тәжірибе жасап жүріп, бір күні қалай болса да тірі жәндік емес пе деп, өзінің «сұмдық іспен» айналысып жүргенін түсініпті. Шындығында, адамға тән және болмыстың үйлесімділігіне негізделген жаңа тәсілдер ойлап табу туралы ойлану керек сияқты.

– Осы жақында теледидардан «На грани» атты американдық фильмді көрдім. Жеңіл ұшақ тауда апатқа ұшырайды. Әрине, оларда не компьютер, не мобилді байланыс жоқ. Үш жігіт қиын жағдайға тап болады, өздерінің өмірін сақтап қалу және адам болып қалу керек. Үшеуінің ішіндегі

біреуі ғана осы қиындықтарға төзе біледі. Мұндай қиын кезде жұлдыздарға қарап бағыт жасай білу, Жер магниттік полюсі жайында білу, адам жегіш қоңыр аю сияқты көне ғылым артық болмас еді. ХХІ ғасырдың адамы табиғаттың заңын білмей, оны жиі бұзады, міне – фильмнің негізгі ойы осы.

– Мен жақында арамыздан кеткен американдық жазушы Рей Бредберидің әңгімесін есіме түсіріп отырмын. Ірі фантаст бола тұра, техникалық жаңалықтарды онша жарата қоймайтын. Кеңестік энциклопедияда оның ғылыми прогрестен адамзат баласының трагедиялық артта қалу болмысымен «есеюіне» алғаш рет көңіл бөлгені туралы жазылған. Бірақ, менің ойымша, бұл одан да күрделірек. Бредберди адамның ақылды машиналарға тәуелділігін болжады. Оның «Убийца» деген әңгімесінде, адам барлық телефондарды, теледидарды және қажетті заттарды құртады. Нәтижесінде, ақыл-есінен айырылады. Бұл жерде шектен шықпау керек деп айтқым келеді. Сондықтан, біздің жобада ғалым-зерттеушінің өзара қатынасы мен оның электрлік және механикалық «көмекшілеріне» көңіл бөлеміз. Бірақ, менің ойым мынандай. Егер біз ештеңені өзгертпей, тек «рахаттануды» іздеуді тоқтатпасақ, ерте ме кеш пе тығырыққа тірелеміз. Әлемде өркениет игілігінен бас тарту қозғалысы күшеюде, бұл кездейсоқтық емес. Адамдар орманға, тауға, тайгаға кетіп жатыр. Өздеріне ыңғайлы және қолайлы заттарсыз күн көреді. Өркениеттен кетіп, табиғатқа орнығуға ұмтылу – бұл құрғақ қиял дегенді жиі естимін. Ал, қазір өркениет қалай жүрсе, солай өмір сүру, әрдайым осылай болады деген үміт құрғақ қиял емес пе? Көлік «кептелісінде» тұру, жаман газдарды жұту, кішкентай үңгір-пәтерде тұру сияқты...

– Өркениеттің даму логикасына сүйене отырып, тығырықтан шығу үшін ғылым қандай жолды ұсынады?

– Ғылым қазіргі таңда ғаламшардағы ғаламдық-сыни жағдайларды жеңілдетуге тырысуда. Мысалға, үлкен бункерлер Жердің өсімдік әлемінің жұмсалмайтын қоры, қыруар жаңалықтар мен дәстүрлі электр көздері және т. б. құрылды.

Ғаламшардың биосферасындағы жаңа игерудің басталуы өте маңызды; рухани-экологиялық қоныстар, экополис-қалашықтар пайда болуда. Адамдар табиғатпен үйлесімдікте өмір сүруі керек. Бір-бірімен тату-тәтті өмір сүру одан да маңызды, руханилық ежелден адамшылықтың бастамасы. Бір-бірімен және қоршаған табиғатпен сенімді және өзара дәлелді қатынастар құру үшін оншақты немесе жүздеген пікірлестер біріккенде, шынайы адамгершіліктің қалыптасуы болады.

Мұндай қоғам – ақиқат болады. Қазіргі таңда, бұл Ресей, Үндістан және Еуропа мен Американың әртүрлі аудандарында байқалады. Бұл мыңдаған көп ұлттық адамдардың тұрақ нысаны – жаңа тарихи қауымдасудың, адами бірыңғай отбасының келешектегі үлгісі.

Мұрат туралы айтатын болсақ...

– Сіздің жобаңыздың тақырыбына оралсақ. Таным мен тұтас ғылым мәселесінде екі көзқарас бар. Ғалымдардың бір бөлігі – мақалалар мен кітаптар жазып, ғылыми конференцияларға қатысу өз міндеттері деп есептейді. Бұл зерттеулер қоғам мен билікті қызықтыра ма, онда шаруасы жоқ. Ал, екінші бөлігі қоғам мен билікпен келісе отырып, әлеуметтік сараптамалар мен мониторингтар жүргізіп,

ақыл-кеңестер мен ұсыныстар береді. Кей «инстанциялар» үшін баяндау хаттар жазады. Осының қайсысы Сізге жақын? Мемлекеттік тапсырыста конъюнктура белгілері жоқ па?

– Мүмкін, онсыз болмайды ғой. Әйтсе де мен «конъюнктура» сөзіне тек жағымсыз мән бермеймін. Анығында, кез-келген ел, қоғам өз бейнесінің жақсы болғанын қалайды, өз табыстары мен мүмкіндіктерін барынша жоғары ұстауға тырысады. Бұл екі жүзділік емес: бір күндік ірі өтініш, бағдарлама болуы мүмкін. Әлі қол жетпеген мұрат, соған талпыныс деп айтсам болады.

Ғылым мен биліктің өзара қатынасында маған қайсысы жақын? Егер философияға келетін болсақ, (мен нағыз философияны айтып тұрмын), ол емдеуге жақын. Сондықтан, әлеуметтік «кемшілік философ пен гуманитарлық ғалымдардың құқығы мен міндеті. Ал мемлекет осы ұсыныстарға қарап, «емдеуді» бастау керек. Осы айтылған талаптарға төменнен дабыл күтпей-ақ, билік осындай жағдайда біз не істеуіміз керек – деген сұрақ қоюы керек.

Кеңес өкіметі кезін еске түсірсек, ғалымдар беделі өте жоғары болды. Ғалымдар өздері өзекті жоба ұсынып, соны зерттеумен айналысты. Ғалымдар қауымдастығының мүддесін қарайтын қуатты мемлекеттік ғылым академиясы болды (бүгінгі таңда, бұл қоғамдық мекеме). Одақ тарағаннан кейін, билік едәуір уақытқа дейін ғалымдар туралы ұмытып кетті. Бірақ, мен бүгінгі таңда, жақсылыққа апарар нақты өзгерістерді байқадым. Мемлекет гуманитарлық зерттеулерді шын ниетімен қаржыландыруда, ғылымға жас ғалымдар келе бастады, олардың әзірше аз болса да, нәтижесі бар...

Ғалымдардың екі типіне келер болсақ. Шындығында, біреулері атақ даңқтан бойын аулақ ұстап, ел мүддесімен

өмір сүреді. Олар көбінесе ірі ғылыми мектептерге басшылық етеді, ғылыми өмірді қоғамдық және мемлекеттік өмірмен бірге атқарады. Сірә, екі нәрсені бірге алып жүру деген, әсіресе гуманитарлық сала ғалымдары үшін өте маңызды. Кейбір зерттеушілер өздерінің ізденістерінен басқа ештеңені білгісі келмейді. Олар қоғамдық және сыртқы әлеуметтік прогрестің ішкі қажеттілігіне тәуелділіктен тыс өмір сүруге тырысады. Олардың өмірлік жоспары өздерінің қайталанбас қабілеттерін іске асыру болып табылады. Осындай тұлғаның жарқын мысалы, Нобельдік сыйлықтан бас тартқан адам – математик Перельман.

Ғалымдардың екі типі де керек деп ойлаймын. Әрқайсысының жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Біріншісін ғылымның айнасы, екіншісін жаны деп салыстыруға тәуекел етемін.

– Сіз ғалымдардың достастығы мен ынтымақтастығына қалай қарайсыз? Ол мүмкін бе? Әлде, ғалымдар «жапандағы жалғыз қасқыр» сияқты ма?

– Нағыз ғылыми шығармашылық байланыстан, талқылаудан, пікірсайыстан туындайды. Ғылым жеке ақиқатқа емес, ортақ мәнді ақиқатқа тырысады. Сондықтан да, ғылымдағы жалғыздар басқа ғалымдармен өзара ынтымақтастықта қалыптасып дамиды. Осыған байланысты, мынаны еске түсірейікші, 60–80 жылдары біздің институтта диалектикалық логиканың қазақстандық мектебі жемісті жұмыс істеді. Ол кезде біздер Философия және құқық институты болдық. Заңгер-ғалымдармен бірге ғылыми проблемаларды талқылап, пікірталас тудырып, әбден сенімді теориялық шешімдерді табуға тырыстық. 90-шы жылдардың басында бізді бөліп тастағанда, философтар

үшін де, заңгерлер үшін де бір сәтсіздік болды. Кейіннен, философтарға саясаттанушылар қосылды, ал жақында институттың атауы тағы да өзгертілді. Енді Философия, саясаттану және дінтану институты деп аталады. Мұндай қайта ұйымдастыру қажеттілігі түсінікті әрі айқын. Қазіргі мазасыз уақыттың талабына еліміз жауап беруге тырысуда. Мен институттағы барлық мамандардың бірлескен күшімен үшбірліктің жетістігіне сенемін.

– Философияны сәл қоя тұрып, басқа тақырыпқа ауыссақ деймін. Менің білуімше сіз ән, өлең, проза жазасыз. Бұл шығармашылықтың бір түрінен басқа түріне ауысу әдісі ме, әлде одан да кеңірек пе?

– Әрине бұл басқа шығармашылықпен айналысудың ғажайып әдісі. Бірақ, бұл мен үшін хобби емес, менің өмірімнің мүлде ажырамас бөлігі. Гете айтқан екен: «Философия менің поэзиямды жояды» деп. Ұлы ойшыл-ақынмен дауласуға тәуекел етпеймін, бірақ, мұнда қатаң ереже жоқ. Басқаша болуы да мүмкін: философия бірде менің бұл өнерімнің алдына шығады, бірде өнерім алдыға шығады. Мен ешқашан алдын-ала, бүгін өлең жазамын немесе ертең өлең шығарамын, журналға үш бетті кезекті ғылыми мақаланы арғы күні беремін деп болжамаймын. Барлығы өз-өзінен шығады. Шығармашылықтың бір түрі екіншісіне ауыса береді. Мен ешқашан қайсысы бітіп, келесісі қай жерде басталатынын біле бермеймін. Мүмкін, менің тәжірибем онша ерекше емес шығар. Біздің барлығымыз ғаламдық синтездер дәуірінде тұрамыз, дегенмен, мәдениет салаларының қатаң бөлінуінен біртіндеп бас тартуымыз керек. «Философияны, ғылымды, өнерді» үтір арқылы бөлуді қою керек.

– *Жарайды, онда қорытындылайық. Өз жобаңызды аяқтағаннан кейін, 2015 жылы қандай нәтижеге келесіз?*

– Мен екі негізгі жайтты бөліп көрсетер едім.

Біріншіден, өз кемшіліктері бар нақты ғылым бар екенін және мәнді мүмкіндіктері бар ғылым бар екенін дәлелдеп көрсетуіміз керек. ХХІ ғасырдың танымдық стратегиялары – бұл технологизм, бұл виртуалды білім мен таным, демек, сол мезеттегі еркін сындарлы (соның ішінде әлеуметтік) шындық. Қазіргі объективті ғылыми таным – ауқымды синтездерді (бүтіндік) талап етеді; демек, оның адамгершілік міндеттелген мәні – біртұтас шынайы дүниетанымдық және философиялық жинақтау. Міне, осыны өте маңызды етіп астын сызып қоюымыз керек. Егер, Әлем біреу болса, онда Ақиқат та біреу. Бұл жерде міндетті түрде қайтадан философияның негізін ойлап, түрлі жолдармен салыстырмалы талдаулар жасап, философияның жүйелерін өзара және негізгі жоғарғы құндылықтармен салыстыру қажет. Өйткені олар, дүниетанымның сапалылығы мен өміршеңдегі. Сондықтан, екіншіден, біздің жобамыз қазіргі ғалымдардың зерттеуіндегі рухани өрлеудің айқын көзқарасын сипаттауды ниет еткен. Бұл ғылыми қоғам мен толық қоғамға арналған үндеу және манифест. Міндетті түрде тәрбие беру мен білім берудің жаңа тәсілдерін және бағытын көру, адамдар арасындағы қағидалар мен жаңа негіздерін дәлелдеу қажет.

Рухани бастаудың қалыптасуы адамды таным мен шығармашылыққа жетелейді. Себебі, таным ақиқаты жоғары және үйлесімді құндылықтан жоғары өлшем, тәсіл, дүниетанымдық негіз ретінде көрінеді.

Әрине, бұл сұрақтар, көбінесе пікірсайыстар тудырады, ал деңгейі мен түпкі ойына байланысты жұмыс өте көп. Бір-

екі жариялымдармен оны шешу қиын. Бірақ, оған көшу қажетекеніне мен сенімдімін

ПАРАДИГМА

Парадигма грек тілінде *paradeigma* – мысал, үлгі дегенді білдіреді. Бұл термин философия мен социологияда қолданылады. Екі мағынасы бар. Бір жағынан, ақиқаттың маңызды келбетін көрсететін ұғым жүйесінде іске асырылған ғылыми күрделі теория. Екінші жағынан ғылыми қауымдастықта нақты тарихи ағымда үстемдік ететін зерттеу әдісі, мәселелерді шешу үлгісі, бастапқы мәнді жүйе.

ТҮСІНІКТЕМЕ

ОЛЕГ БОРЕЦКИЙ, «Цезарь» кинотеатрындағы алматылық кино клуб президенті және СТВ каналының бағдарлама жүргізушісі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты

РУХАНИЛЫҚ ЖЫЛУЫНАН НӘР АЛҒАН

Сергей Колчигин, философ және ақын, сирек кездесетін дарын иесі. Күрделі мәселелер жайлы ол сендіріп қана емес, өте қарапайым сөздермен айта біледі. Бұл ең қиыны. Ал, ең бастысы, Сергей Юрьевич байланыстар тудыра отырып, өз жұмысын, өз тағдырың жайлы ойлануға мәжбүрлейді.

Бірнеше ұрпақтар бұрын

Ұзын-сонар дәйексөзім үшін кешірім сұраймын, бірақ ол менің пайымдауларымның кілті.

«Гуманитарлық ғылымдармен қатар, жаратылыстанулық-техникалық ғылымдар үшін руханилық, яғни, сезімдер тәрбиелеу маңызды. Бұл жерде не айтқым келеді? Классикалық философияда сезімдер таным процесінің алғашқы сатысы және адам болмысының құрылымындағы төменгі деңгейі ғана болып есептеліп келді. Ал, ең бастысы зерде болды. Мен адамның бір емес, екі сезімдік әлемі бар екендігін баса айтқым келеді. Көру, түсіну, иіскеу шын мәнінде алғашқы ақпаратты береді. Бұл табиғи сезімдер. Сонымен қатар, басқа да сезімділік бар, ол – рухани сезім. Ол тек адамға ғана тән. Жақындарға деген махаббат. Әдемілікті рахымдықпен

сезіну. Қасиеттілер алдында бас ию. Қиындыққа кездескендерге көмектесу. Міне, осы сезімдер бізде, өкінішке орай, кейінге қалдырылған».

Сергей Колчигин өз пайымдауларын ғалым ретінде көрсетеді. Ал кино әлемін талдай бастасақ, қазіргі киноға руханилық ауадай қажет екендігін айту керек. Көрермен-тұтынушы кинозалға «демалуға» және попкорнды қытырлатып жеуге келеді. Триллерлер мен «қорқынышты киноларды» көре отырып, уайымдауды қажет етпейді, адамдар ойлаудан қалды. Әрқашан бұлай болған жоқ қой. Екі данышпан итальяндық – Микеланджело Антониони («Қызыл шөл дала», «Тұтылу», «Забриски-пойнт») және Федерико Феллини («Кабирия түндері», «Тәтті өмір», «Амаркорд»), тамаша поляк Кшиштоф Кеслёвский («Декалог», «Үш түс»), біздің Андрей Тарковский өзінің «Сталкерімен», «Солярисімен» және «Айнасымен», тағы да басқа он шақты аттарды айтуға болады, олар бірнеше ұрпақтар үшін, алдыңғы қатарлы шеберлер үшін қол жетпес биіктерде қала береді. Неліктен? Өйткені олар адамның жаны мен жалпы қоғамды түсінуге тырысты. Руханилық деректі фильмдер үшін де маңызды. Ішкі руханилықпен жылынған, нақты азаматтық позициямен берілген фильм өзінің түсіндірушілерін ғасырлар бойына ұмыттырмайды. Бүгінгі өмірдің шындығына негізделген немесе ғасырлар тұңғығына алып ұшатын деректі фильм бе, әлде көркем фильм бе, ол маңызды емес.

Тәңірліктің тұңғығына бату

Сергей Колчигин дұрыс айтады: бүгінде жер дәуірлердің алмасуын басынан кешіріп отыр. Біз бір формацияның бұзылып, екіншісінің басталуының куәгері болып отырмыз. Сонда ұрпақтарға не қалады? Деректі кино қазір жеке кәсіпкерлердің құзырына берілген. Оларды тәуелсіз студиялар деп атайды. Жеке кәсіпкер жұмсалған ақшасын қалай қайтарсам, Голливуд бұзып жіберген көрерменнің талғамына ма, әлде, тапсырыс берушінің көңіліне сай жұмыс істесем бе деп ойлайды. Өкінішке орай, біздің көптеген

киноматографистер үшін кино өмірдің мәніне емес, бизнеске айналған. Әрине, барлығы сценарийден басталады. Ал бұл әрқашан мәселе тудырады. Ешкім тәуекелге барғысы келмейді. Ал тәуекелсіз ол қандай кино? Руханилықты іздеуге капиталистің де, мемлекеттің де ақшасы жоқ. Бірақ! Міне өте бай да емес мемлекет – Испанияны алайық. Евроньң дағдарысы, ереуілдер, сепаратизм және тағы басқалар. Алехандро Аменандро деген жас режиссёрдің «Агора» деген ежелгі Египет туралы, ғалым Гипатия туралы фильмі оған жұмсалған 60 миллион долларды қайтара алмады. Бірақ ол туралы бір жыл ғана айтылып қоя салынған жоқ. Ол ұзақ уақыт есте қалады. Ал біз «Көшпенділер» туралы қазірдің өзінде ұмытып кеттік. Қазақстанның тарихы өздігінше қызықты деп ойлаймын. Ол тіпті Ежелгі Египеттің тарихымен бәсекеге түсе алады. Өте үлкен философиялық мұрасы бар. Мәдениет және дін. Тәңіршілдік әлі күнге дейін өзінің зерттеушісін күтеді. Күткеніне жете ме? Немесе ислам. Оның Орталық Азиядағы қиын-қыстау жолы. Неліктен ол, ақырында, тәңіршілдікті ығыстырып, қатал азиялық күн астында өзінің орнын жеңіп алды? Сұрақтар, сұрақтар...

Өкінішке орай, қазақстандық режиссёрлердің үлкен және кіші буынының өкілдері тез арада, өзінің 16 миллион ғана тұрғыны бар, кішкене республикасында «классик» бола қалды (Оңтүстік-Шығыс Азия өлшемімен қарасақ – бір мегаполис болады). Олардан ерекше нәрсе талап ету – мүмкін, мағынасыз шығар. Сондықтан да киноөндірушілер дәстүрлі құндылықтарға сүйіспеншілік білдіргенмен, жалықтыратын ленталар түсіреді. (Кинотанушы Гульнар Әбикееваның анықтамасы бойынша – «Нафталинді кино»).

Өмірдің мағынасы неде?

Бұл көрермені жоқ кино. «Жетімдер» сияқты қарапайым ғана, бюджеті аз кино шыққан кезде ол – бір құбылыс болып, тіпті таңқалдырады. Өйткені онда, үнділік фильмдерге еліктеу болса да, шынайы өмір мен таныс кейіпкерлер бар. Бірақ бұл, қайталап айтам, ережеден тыс. Қоғам кино голливудтық мәнсіз нәрсені

ғана керек ететін тинэйджерлердің үлесінде екеніне тез-ақ көніп қалды. Социологтар кинозалды көңілден тыс қалдырып келеді. Отыз, қырық, елу жастағы адамдар қандай кино көргісі келеді? Ешкім білмейді. Қазақстандық мемлекет шиеленіскен әлеуметтік қақтығыстарды бастан кешірді. Жаңаөзендегі оқиғалар, «Арқанкерген» шекара бекетіндегі қан-төгіс баспасөзден тек объективті ақпаратты ғана қажет етіп қоймайды, оның көркем суреттемесін де қажет етеді. Менің досым Ермек Тұрсынов бір кезде «Қатардағы Челахтың ісі» деген психологиялық триллер түсіргім келеді деген еді. Бірақ ол үшін жараның аузы әлі жазыла қойған жоқ. Өткенді түсіну үшін он жыл, тіпті бір ғасыр күту керек пе? Оған сенгіміз келмейді. Тіпті 25 жыл бұрынғы оқиға – 1986 жылғы желтоқсан айындағы қазақ жастарының демонстрациясын басып-жаншыған кез қазақ киноматографиясы тарихында ақтаңдақ болып отыр. Шындығында, режиссёр Талғат Теменов «Қиын нысана» деген фильм түсірді, ол тек алғашқы талпыныс қана. Сонымен қатар, ойдағыдай емес. Ал Еуропада болса, елдер, халық тарихындағы елеулі оқиғаларға қайтадан оралып отырады. Германияны алыңыз, қанша жыл өтсе де нацизм және холокост, «екі Германия» тақырыбына әр түрлі қырынан қайта-қайта оралып отырады. Немістер кинозалдарды да толтырады, кино да көреді, көздеріне де жас алады. Трагедияны ұжым болып қайта бастарынан кешіреді. Міне, осылай ең жақсы сезімдер білінеді, руханилық оянады. Әр жаңа ұрпақ «бұл не?» деген өз сұрақтарын қояды.

Компьютеріңізді өшіріңіз!

Жоқ, мен экран шеберлерін баррикадаға шақырмаймын. Құдай сақтасын! Бірақ рақымшылық, ұят, ар-ұждан сияқты тамаша сезімдерді оятатын біреу болу керек қой. Режиссёр атақ, даңқ емес, өмірдің мәнін іздеуі керек. Біз неге әрқашан Ермек Тұрсыновқа және оның «Шал» фильміне қайта-қайта орала береміз. Өйткені ол ұлттық мінез-құлықты, оның жанын дөп тапты. Шал мен қасқырдың

жекпе-жегі – отызыншы жылдардағы аштықты, ұжымдастыруды, ГУЛАГ-ты басынан кешірген халық тарихындағы эпикалық бейне. Ерболат Тоғызақов – Ермектің тамаша жаңалығы. Киностудия павильонындағы жұмысшы жай ғана қарапайым жұмыскер болып қала беретін еді. Ал ол белгілі, соңғы уақыттағы ең тамаша актёр болып отыр. Ермек Қазақстандағы шын мәніндегі «уақыт рухын» дәл тауып отырған жалғыз режиссёр. Ол адам жанын мазалайтын тақырыптарды бөледі. Қазақстанда тамаша режиссёрлар бар, бірақ режиссёрлер легі жоқ. Қазақстандық киноның жалғыз қасқыры бар, бірақ тобы жоқ...

Міне, философия мен киноның қаншалықты қиылысатын тұстары бар. Тағы бір нәрсе туралы айтсам. Сергей Колчигинмен әңгімелессең жаңа ой да тудырады, сонымен қатар, дау да тудырады. Мына тұжырым қалай: «Адамдардың қайғысы үшін ғылымды кінәлайтындардікі бір жағынан дұрыс. Ол адамның жаны мен зердесін басып тастайды. Әр ай сайын бізге жаңа «балдақпен» жүруді ұсынады. «Телефонсыз және компьютерсіз мен индивидуум ретінде неге тұрам?» – деп ғалым күйіне сұрақ қояды. Мен бұл қазақстандықтардың өмірін улайтын ең шиеленіскен мәселе деп ойламаймын. Сонымен қатар, телефонмен де, компьютермен де жеке тұлға болып, Иосиф Бродский айтқандай, «ортақ бет әлпеті» бар жекелікті сақтап қалуға болады, оның шешімі де оп-оңай. Компьютеріңді өшіріңіз, үйде ұялы телефоныңызды қалдырыңыз. Содан соң жаяу біздің киноклубқа келіңіз. Жаңа кино көреміз. Талдаймыз. Дауласамыз.

ТУҒАН ЕЛГЕ ҚАРАЙ ҰЗАҚ ЖОЛ. ОНЫ БІРЛЕСЕ ӨТЕЙІК!

Шетел қазақтары өздерінің туған елдерінен тыс аймақтарға алуан түрлі себептерге байланысты тап болды. Біреулері көтерілістің шарпыған жалынынан өзге елдерде бас сауғаласа, екіншілері Филипп Голощекин басқарған жылдардағы тарихта орын алған аштықтан қашқан еді. Ауыр дерттер мен зорықтыратын еңбектен олардың қатары сиреп кеткен еді. Қазақтар өздерінің еркіндігі үшін күресіп, жат жұртта көз жұмып жатты. Қазіргі таңда олардың балалары мен немерелері күллі әлемге тарап кеткен. Олардың бір қатары өзге жұртқа сіңісіп кетіп, тарихи Отандарына оралуға тілек білдірмейді. Кейбіреулері аталарының аманаттарын орындауға тиістіміз деп ойлайды. Туған елге қарай жолға жиналады. Ол соқпақты ұзақ жол. Институт директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор *Серік Нұрмұратов* қазақ диаспорасының қиын тағдыры жөнінде сөз толғайды.



БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

СЕРІК ЕСЕНТАЙҰЛЫ НҰРМҰРАТОВ



1958 жылы 5 қазан күні Қызылорда облысында туған. 1975 жылы орта мектепті алтын медальмен бітіріп, 1981 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын бітірген соң, Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технологиялық институтында оқытушы болып жұмыс атқарады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты аясындағы аспирантураны бітірген. 1989 жылы кандидаттық диссертациясын, кейін «Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы: әлеуметтік-философиялық талдау» атты тақырыбына докторлық диссертация қорғаған болатын. Соңғы он жыл барысында «Тәуелсіздік үшін күрес кезеңіндегі қазақ философиялық ойы», «XX жүзжылдықтағы Қазақстандағы философияның дамуы», «Қазақ халқының діни философиясы: тарихы мен қазіргі жағдайы», «Ұлттық идея мен қазақ философиясы», «Қазақ халқы руханиятының қалыптасуы мен дамуының тарихи-философиялық және этномәдени негіздері» атты ғылыми-зерттеу жобаларына жетекшілік етті. Ғалым 180 ғылыми жұмыс пен екі жеке монографияның авторы: «Ұлттық болмыс пен ұлттық сана» және «Рухани құндылықтардың әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау». 25 ұжымдық монографияны орындауға қатысқан. «Ұлттық тәуелсіздік пен қазақ философиясы» атты оқу құралы авторларының бірі болып табылады. «Мәдени

мұра» атты мемлекеттік бағдарламасын орындауға қатысқан. «Орта ғасырлық түркі ойшылдары», «XX ғасыр басындағы қазақ философиясы», «Тәуелсіз Қазақстан философиясы», «Орыс философиясы», «Ашық қоғам философиясы» деген бес томның құрастырушысы және аудармашысы. Сеул қаласында өткен Бүкіләлемдік философиялық конгреске, Иран, Түркменстан, Өзбекстан, Ресейде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми конференцияларға қатысты. 100-ден астам ғылыми республикалық және халықаралық конференциялардың қатысушысы. «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым Академиясының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстан техникасы мен ғылымын дамытуға орасан зор үлес қосқан мамандар мен ғалымдарға арналған Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері. Философия мен саясаттану мамандықтары бойынша сәтті қорғалған бес кандидаттық және екі докторлық диссертациялардың ғылыми жетекшісі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары.

Басты бағытты іздейміз

– Серік Есентайұлы! Әңгімемізді бастамас бұрын, сіздің әріптестеріңізбен бірлесе отырып, жеті жыл бұрын шығарған кітабыңызды атап өткім келеді. Ол «Қазақ диаспорасы: қазіргі жағдайы мен болашағы» деп аталады. Сіз оның құрастырушысы және жауапты редакторы қызметін атқардыңыз. Кітап Астана қаласында, «Елорда» баспасында салыстырмалы кішігірім тиражбен, яғни 2000 дана көлемінде шыққан болатын. Дегенмен, оның көптеген беттері детектив, шытырман оқиғалы роман, Отанынан айырылған халық тағдыры жайлы қайғылы повесть болып оқылады.

Бірақ, біз әзірше оның ғылыми және әдеби құндылықтарын қозғамаймыз. Мен сіздің осы мәселенің масштабын белгілеп беруіңізді сұраймын.

– Жеті жыл ішінде ерекше өзгерістер орын алған жоқ. Күллі әлемде қазақтардың саны 15 миллионды құрайды. Он миллионы елімізде тұрса, 4,5 миллионы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрады.

– *Кейбір жалпы үрдістерді айқындауға бола ма? Біздің отандастарымыз тарихи Отандарына оралғысы келеді ме немесе сіңісіп кеткен және жақындары мен туыстары жатқан зираттары бар орталарда қалғылары келеді ме?*

– Рұқсат болса, бірнеше жалпы тезистерді келтіріп өтейін. Диаспора – әдетте драмаға толы күрделі оқиғалардың шиелініскен жері. Ол классик жазушының қылқаламына тұрарлық сюжеттер. Ол – табыстарынан гөрі, жоғалтулары көп тағдырлар тәлкегі. Әрине, біз бұл жерде қазақтар туралы айтып қана қоймай, сонымен қатар шекаралармен, кедендермен және арақашықтықтармен ажыратылған басқа да халықтардың тағдырларын әңгіме етеміз. Әр мемлекеттің осы мәселені шешуде өз амал-әрекеттері болады. Израиль, Германия, Польша және кейбір басқа да мемлекеттер осы мәселеге қатысты өз стратегиялары мен тактикаларын жасап үлгерген. Қазақстан өз кезегінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін әртүрлі себептерге байланысты шетелдерде қалып қойған қандастарымызға қатысты «басты бағытты» қалыптастыруға талаптануда.

– *Осы мәселені шешудің әр қилы әдіс-тәсілдері болғанымен қоғамда екі кезегар көзқарас қалыптасқан. Біріншісі: діні, тарихы, тілі ортақ адамдардың өздерінің атамекендеріне жиналуы. Негұрлым көп болса, соғұрлым*

жақсы. Екінші: тұрған жерлерінде қала берсін деген көзқарас. Тек оларды моральді және материалды тұрғыдан барынша қолдап отыру керек. Сонда ғана, бұл қандастарымыз тұратын елдерге экономикалық және саяси тараптан әсер етудің «плацдармы» бола алады. Осы мағынада Израиль жоғарыда келтірілген бірінші кестеге сәйкес өз саясатын жүргізіп отыр. Тіптен басқаша, бірақ барынша ынталы әрекеттерімен Қытай да көзге түсіп жатыр. Қандастар мүдделерін қорғау, яғни хуацяо концепциясы – мемлекеттік саясат деңгейіне дейін көтерілген. Әсіресе, осы саясат Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің (Сингапур, Малайзия, Индонезия) саясатынан айқын көрінеді. Қазақстан мен Ресей бұл бағытта енді ғана өзінің бағдарларын анықтауда...

– Сізбен толық келісуге болады. Біз бұл саясатты жүргізуде аса шектен шығуды қаламаймыз, мәселені шешудің қолайлы нұсқасын табуға тырысудамыз. Бір жағынан, қоныс аударушыларды шақыра отырып (ол туралы мен толығырақ айтармын), елімізден тыс тұратын ағайындарымызды қолдап, олармен байланыс орнатуға тырысамыз. Көптеген қазақтар шетелдерде миллиондаған қазақ диаспорасының тұрғанын ұлттық трагедия ретінде қабылдайды. Диаспора мәселесімен айналысатын менің әріптесім, Грета Соловьева осының мысалы ретінде қайғылы өлеңді келтіреді. Оны (таң қалдыратын жағдай) әлемнің түрлі мемлекеттеріндегі отандастар біледі және айтып та жүреді. «Қайт қазақ, еліңе!» әні Америкадан Австралияға, Қытайдан Германияға дейінгі кеңістікті қамтиды. Бұл өлең бертінде жарыққа шыққанменен, өзінің мазмұндылығымен күллі жер шарына жедел тарап кетті. Мүмкін, оның сөздері мен образы екі ғасыр бұрын дүниеге келген «Елім-ай» өлеңіне ұқсас болғандықтан әрбір қазақтың жүрегінен берік орын ала білді. Г. Соловьева ханым өз кезегінде «Қазақ халқы бірлесуге тырысады және үкімет осыған қатысты сәйкес шараларды қолданып жатыр»

деген көзқарасын білдіреді. «Диаспорадағы болмысты тек ұлттық трагедия ретінде бағалап қоймай, сонымен қатар қазақ халқының басқа да аймақтарға еніп, сіңісе отырып, сол жерлерде өздерінің менталитеті мен ұлттық мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндігі деп қарастыруға болады». Менің ойымша, мәселені осы байыпта қарастыру өз кезегінде жаһандану үдерістері мен интернетке арқа сүйеген заманауи өміріміздің рухына сай келеді. Тоқсаныншы жылдары жиі кездесетін «Барлық қазақтар тек Қазақстанда тұруы тиіс» деген ұранның бастапқы романтизмі біртіндеп мемлекетіміздің орнықты, рационалды саясатына қарай ауысты. Оған қоса, көптеген қазақтардың мемлекетімізді шетелдерде өздерін танытып үлгергенін ескеру қажет. Күллі әлемнің көрермендері Марат Бисенғалиев пен апалы-сіңілі Нақышбековаларға қошеметтерін аямайды. Тимур Бекмамбетов болса өз кезегінде Голливудтың назарына ілінді. Ал біздің ескі танысымыз, шығыс философиясының құпиясын жете меңгерген, ғылым докторы Нұр Серікұлы Қирабаев Ресей Ғылым Академиясы ауқымында өз елінің бетке ұстары болып табылады. Оларға «өз елдеріне қарай жолды ұмытты» деген кінәратты тағуға болады ма? Әрине, олай деуге болмайды. Олар – әлемдік деңгейдегі тұлғалар. Олар Қазақстанның атын шығара отырып, еңбек етуде. Олар Қазақстанның брэнді.

Диаспора және ирредента

– Біз үшін осы мәселеге қатысты сіздің көзқарасыңызды білу өте маңызды, өйткені, диаспора тарихына қатысты әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

– Профессор Гүлнар Меңдікүлова қазақтардың барлық этникалық топтары «диаспора» анықтамасына сай келе бермейді деген тұжырымға көңіл аударады. Бұл жағдайда

оларды «белгілі бір салт-дәстүрлерді ұстанатын, бірақ басқа мемлекетке көшіп кеткен бір ұлт пен дін өкілдері» деп анықтайды. «Шетелде тұрып жатқан қазақтардың 800 мыңы немесе 18% диаспора немесе «этникалық азшылықтың тобы» болып табылады». Профессор Меңдіқұлованың пайымдауынша, қалған 3,7 миллион қазақ «ирредента» болып табылады. Біздің отандастар белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты көршілес мемлекеттердің құрамына кіретін Қазақстанмен шектес жатқан территорияларда тұрады.

– *Өзге елді тастап кету бір басқа да, ата-бабаларының бірнеше ұрпағы өсіп-өнген жерлерден көшіп кету – екінші нәрсе....*

– Шыныменен де солай.

– *Терминдердің мән-мазмұнын анықтап болғаннан кейін, енді карта бойынша, яғни Қазақстан Республикасының периметрі бойынша жүріп өтейік. Шекаралас жатқан мемлекеттерде біздің қазақтар қалай тұрып жатыр екен?*

– Қаңдастарымыздың көбісі Қытайда тұрады, олардың саны 1,5 миллионнан асады. Өзбекстанда да миллионнан астам қазақ тұрады. 800 мыңнан астам қазақ Ресейде тұрады. 150 мың қазақ Моңғолияда тұрады. Бесінші орында Түркіменстан – 100 мың қазақ. Кейінгі орындарда Қырғызстан (50 мың), Ауғанстан (25 мың), Түркия (20 мың), Иран (15 мың), АҚШ (10 мың), Германия (7 мың) және басқа да мемлекеттер бір қатарды құрайды. Еуропада өз кезегінде қазақ ұлтының даму серпілісі байқалып жатыр, мысалға, бертінде Данияда күллі еуропалық құрылтай ұйымдастырылған болатын. Басты мәселе – қазақтар өздерінің бірегейлігін сақтай алды ма немесе ассимиляцияға ұшырады ма? Екінші нұсқа орын

алса, онда қай түрінде: ішінара немесе жалпылай ма? Бұл әдетте «қожайын» мемлекетке көп байланысты болады. Ресейде, мысалға, ондаған қазақ ұлттық-мәдени орталықтары белсенді жұмыс істейді. Мәскеуде аймақтық ұлттық-мәдени бірлестік, Санкт-Петербургте «Атамекен» қазақ қауымдастығы, Омбыдағы «Мөлдір» атты облыстық мәдени орталық, Түмен қаласында «Достық» сияқты қауымдастықтар жұмыс істейді. Қазақ диаспорасының өкілдері (немесе – ирреденталар) жергілікті билік органдарына депутаттар болып сайланады. Ресейдің көптеген қалаларында қазақ тілінде үнқағаздар бастырылып, ұлттық мектептер жұмыс істейді. Ал Өзбекстаннан осы мәселеге қатысты жағымды ақпараттар легі сирек түсіп отырады. Ұлттық мектептердің саны азаюда. Кейбір шенеуніктер жергілікті қазақтарды өзбек деп жазуға тырысып бағуда. Бұл жоғарыдан түскен бұйрық деп ойламаймын. Дегенмен, мұндай үрдістер көрініс беруде. Мен қазақтардың бұл мемлекетте ұлттық және тілдік көрсеткіштер бойынша дискриминацияға ұшырайтындарына меңзеп тұрған жоқпын. Өзбекстан – ЕҚЫҰ мүшесі, сол себептен біздің арамызда болып тұратын дау-дамайларды жоғары деңгейде реттестіруге болады. Дегенмен, қазақтардың осы көршілес мемлекетте өмір сүру ерекшеліктері менің көңілімнен шықпайды.

– *«Жат» ортада өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың қалайша өмір сүретіндері қызығушылық танытады?*

– Осыдан бірер уақыт бұрын менің көзіме қызықты зерттеу жұмысы ілінген еді. Автор үш ағайынды халық өкілдерінің, яғни қытайлар, жапондықтар және оңтүстік кәрістердің мінез-құлықтарын салыстырған болатын. Біріншілері қоршаған ортадан шектеуленіп, оқшауланған жүйелерді құруға тырысады. Танымал «чайнатаундар» барлық әлемге белгілі. Олардың өз банкілері, мектептері

мен емханалары бар. Екіншілері қоршаған ортаға барынша кірігуге тырысқанмен, бірақ өздерінің тілдері мен мәдениеттерін сақтап қалады. Ал кәрістер болса өз кезегінде толық ассимиляциялануға бейім тұрады. Ал қазақтар ше? Түрлі мемлекеттерде олардың жағдайы әр қилы болып келеді. Ұлттық-мәдени автономиялардың болғанына қарамастан, ресейлік қазақтар ассимиляциялануға жақын тұрады. Олардың көбі ата-бабалардың тілдерін ұмытқан, тек орыс тілін пайдалануды жөн санайды. Тек Таулы Алтайдың ауылдарында ғана қазақ тұрғындарының сандық үлесі басымырақ болып келеді. Ескерте кететін тағы бір жайт: мұнда күллі Ресей бойынша алғандағы жалғыз екі қазақ мектебі жұмыс істейді. Қалған облыстарда қазақ тілінде тек бастапқы білім алуға болады. Осыған орай, келесі сұрақ туындайды: неліктен біз Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің келісімділігі арқасында ұлттық-мәдени орталықтарға, мектептерге, баспасөздерге қолдау көрсетпейміз? Кеден одағы мен БЭК ұлттық-патриоттық қауымдастық тарапынан сынға түседі. Егер отандастарымызды гуманитарлық тұрғыдан қолдау беруді осы келісім-шарттар ауқымында көбірек ескеретін болсақ, онда сыни пайымдаулардың өткірлік танытқан тұстарын төмендетер едік.

– Қытайға, яғни Шыңжанға барған ақырғы сапарым есімде. Ондағы жергілікті үкімет ірі қазақ руының ақсақалдарымен жерді 99 жылға жалға алу келісім-шартына отырған еді. Ауыл әдемі көлдің айналасында орналасқан. Жергілікті қолөнершілер шапандар мен тондар тігіп, ұлттық асханалық мейрамхана ашқан. Келген қонақтардың бәрін дәстүрлі ет тағамымен қарсы алады. Туристер ағылып келіп жатыр. Әрине, бізге «көрмелік нұсқаны» көрсеткенін мойындауға болады, бірақ дегенмен ...

– Қытай үкіметі бір уақытта жергілікті қазақтарға қол ұшын беріп, ұлттық кәсіпшілікті, оның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығын қолдап отырды. Соңғы жылдары билік органдары Қытайдың ішкі аудандарынан Шыңжаңға ханьдарды мақсаттылы түрде көшіре бастады. Бұл мақсаттың діттегені Пекиннің көңіліне жақпайтын сепаратистердің қызметін әлсірету екені түсінікті. Оған қоса, террористік ұйымдардың қалыптасуына үлес қосатын адами ресурстарды қысқартып, қаржылық базаны әлсірету. Ал қазақтарға болса таяқтың бір ұшы тиіп жатады. Олар оңайлықпен шетел капиталы бар ірі өндіріс кәсіпорындарына қызметкерлер болып жалдана алмайды. Оларға тек киіз үй, жайлау, оған қоса сауда-саттық бұйырған. Алайда, аса дарынды отандастар оқытушы не әртіс бола алады. Сонымен қатар, олар жергілікті билік органдарына өкілдік етеді. Дегенмен, Қытай азаматтылығынан шығу көп уақыт пен шыдамдылықты талап етеді.

Кемшіліктер мен артықшылықтар...

– *Біздің әңгімеміз ең өзекті және шиеленісті тақырыптардың біріне жалғасып жатқан сияқты. Қандай елдің мигранттары елімізге қарай белсенді көші-қон үдерісімен ерекшелінеді?*

– Оның жауабы – Өзбекстан екені айдан анық. 20 жылдық тәуелсіздік ішінде квота бойынша көптеген шетелдік мемлекеттерден 850 мың адам көшіп келді. Мұның негізгі себебі: олар өз бірегейлігін сақтап қалғысы келеді, қазақ болып қалуды ойлайды. Мен бұл жайында жоғарыда айтып өткен болатынмын. Ескеретін бір жайт: қазақтар ешбір мемлекетте өздерінің билік өкілдеріне қиындықтар тудырып отырған жоқ. Олар заңды құрметтейтін азаматтар ретінде танылады. Мысалға, қазақтар мен ұйғырлардың ежелгі

түркілік шығу тегі ортақ болғанымен олардың Қытайдың өзінде үкіметке қарсы шығуы қазіргі кезеңде жоқтың қасы.

– Енді өз еліміз жөнінде сөз қозғап көрелік. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның алдында келесі маңызды сұрақ туындады: біздің мемлекетімізді тұрақты мекен етуді таңдаған адамдарды қалай қолдай аламыз? Басқаша айтқанда, өзінің ата-бабаларының жеріне оралған қандастарымызды қалай қолдаймыз? Риза еместердің де саны аз емес. Ол туралы сіздердің кітаптарыңызда да жазылған...

– Бастапқыда қоныс аударушылар («оралмандар») квота бойынша келетін. Оларға үй немесе пәтер сатып алу үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлінетін. Республиканың облысына қарай, кейбіреулері бірнеше миллион теңгеге дейін жететін. Оларға, әдетте, тегін немесе арзан бағамен жер бөлініп берілетін немесе сатылатын. Кейбір жағдайларда дайын үйлер де салынып берілетін. Дегенмен, бірер уақыттан кейін қоныс аударушылардың саны лезде ұлғайып кетті, сол себептен үш жылға (2015 жылға дейін) квота тоқтатылған болатын. Себебі түсінікті: жеткілікті қаражат жоқ. Енді әзірге Қазақстанға қаржылай қамтамасыз етілген адам ғана көшіп келе алады. Әрине, ондай адамдардың саны көп емес. 20 жыл ішінде Қазақстанға 1 миллионнан астам адам көшіп келді, олардың басым бөлігі – этникалық қазақтар. Осы уақыт ішінде 3,5 миллион адам көшіп кеткен болатын. Олардың басым бөлігі – орыстар, немістер, басқа ұлт өкілдері. Таза жоғалтқандарымыз – 2,5 миллион адам. Басқаша айтқанда, бұл қазақтардың жаппай көшіп келуінің, еліміздегі миграциялық көңіл-күйдің екінші қыры. Кез-келген әлеуметтік үдерістің кемшіліктері мен артықшылықтары болады.

– Біз мемлекеттік шекараларға қарамастан, халықты біріктіретін тіл, мәдениет және дәстүрлер жайлы көп

әңгімелестік. Сіз философ болғандықтан, философия сияқты ғылым мен қоғамдық қызметтің ерекше саласын атап өтпеу әділетсіздік болар еді...

– Қазақ философиясының ерекшелігі – оның халықтың ауыз әдебиетімен, музыка өнерімен тығыз байланыста болғанында. Ол Гегель мен Шопэнгауэр шығармалары іспеттес философиялық классика емес. Ақын мен жыраулар өздерінің үздік шығармаларында терең философиялық ойлар қозғайды, сондықтан халықтың сүйікті ұлдары мен қыздарына айналған. Мысал ретінде Абай мен Шәкәрімнің шығармашылықтарын келтіруге болады. Олардың туындылары философиялық тұрғыдан өте терең. Осы мағынада қазақ философиясы – қуатты біріктіруші, топтастырушы күш. Сол себептен, философиялық ойлардың үздік үлгілерінің зерттелуі бізге, яғни Азия, Еуропа және Америка қазақтарына өзімізді бірлігі жарасқан ұлт болып сезінуімізге көмектеседі. Әлемнің қырықтай еліндегі қазақтар бірі-бірімен қазақ тілінде сұхбаттасуға, қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктер алғанын қалаймыз. Жақында біз мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының ауқымында 20 томдық кітаптар шығардық. Олар – ежелгі дәуірлерден бастап қазіргі уақытқа дейінгі қазақ халқы тарихының бетке ұстарлары болған қазақ ойшылдарының шығармалары. Бірақ, әлі күнге дейін шетелде тұратын қазақтардың философиялық еңбектеріне аса зейін қойылмай жатыр. Олар өз кезегінде Қытайда, Өзбекстанда және Ресейде жарыққа шыққан. Осындай әдебиет Түркияда үлкен көлемде шығарылған. Біздің мемлекетіміздің заманауи оқырмандарына бұл еңбектер таныс емес. Бұл кемшіліктерді неғұрлым ертерек жойсақ, соғұрлым жақсы болар еді. Әртүрлі мемлекеттерде және өзге авторлармен жарияланған шығармаларды жүйелендіру, оларды баспаға дайындап, жаһандану жағдайында шетел қазақтарының құндылықты

әлемін зерттеу – осының барлығы республиканың Білім және Ғылым министрлігінің қолдауымен Қазақ руханиятын зерттеу орталығы (бұл Институттың қазіргі кезеңдегі қажеттіліктерін ескере отырып құрылған жаңа бөлімі) қызметкерлерінің күшімен атқарылатын ғылыми жобаның маңызды міндеттері. Академик Ә. Нысанбаев мырза екеуіміз бұл жобаның жетекшілері болып тағайындалдық. Осы мәселеге қатысты, Түркия жайында бірер сөз айтып өткім келеді. Өйткені, дәл осы мемлекетте біздің көптеген қандастарымыз қиын кезеңдерде пана тапқан болатұғын. Қытайға қарсы көтерілестерде жеңіліс тауып, олар Қытай, Тибет және Британдық Үндістан, яғни Гималайдың тау асуларынан және Лоб-Нор, Такла-Макан шөл далалары арқылы қысым көрсетушілердің қол астынан еркіндік іздеп қашқан еді. Түріктер қазақтарды діндестер ретінде қарсы ала отырып, олардың осы мемлекетте қолайлықта тұруларына барлық жағдай жасап, қоғамда өзара теңдікте болуды қамтамасыз етті.

– Түріктер Ататүріктің қалауы бойынша латиницаға көшкен еді. Қазақтар түрік қолбасшының осындай жігерлі әрекетін қайталаса, қалай болар еді? Кейде қазақ зиялылары осы сұраққа назар аударып, талқылап жатқанын байқаймыз ...

– Осы өзгерісті тиімді деп табатын Тіл білімі Институтындағы әріптестерім мені осы әрекетім үшін сынға алуы да мүмкін. Мен латын графикасы мен Ататүрікті сыйлағаныммен, осы өзгерісті тым асығыстық деп қабылдаймын. Неліктен? Біз Ресейден алшақтап кетпеуіміз керек, өйткені, ол біздің мемлекетіміздің даму логикасына қайшы келеді. Біз үлкен мәдени мұрадан айырылып қаламыз. Соның есебінен, мемлекеттік, жалпыгуманитарлық, адамзаттық деңгейде қалыпты және үйреншікті байланыстар

құлдырай бастайды. Бұл жайт қазақтардың көп бөлігінің психологиясына зақымын тигізеді. Ал, ең бастысы, Ресеймен достықты сақтауды уағыздап кеткен Абайдың осы өсиетін орындамауымыз мүмкін. Пушкин орыстарға қандай болса, Абай да сондай қазақтардың төл тарихының құрамдас бөлігі, рухани байлығы болып қабылданып, қарастырылады. Менің ойымша, орыс тілі мен кириллица шетелде басқа рәміздердің көмегімен әріп қолданатын қандастарымызбен байланыс орнатуға кедергі келтірмейді.

– *Мемлекет пен оралмандардың өзара қарым-қатынасы қандай?*

– Мемлекет болашақ қазақстандықтарға квота бере отырып, өздерінің экономикалық мәселелерін де шешкісі келгені түсінікті. Атап айтқанда, ол білікті мамандары басқа елдерге көшіп кеткен солтүстік облыстарда өндірісті сақтап, ондағы ұлттық құрамды барынша толықтырғысы келді. Дегенмен, мұндай ұсыныстарды көшіп келгендер қалыпты тұрғыдан қабылдай қоймады. Олар, әдеттегідей, Астана және Алматы қалаларын мекендегілері келді. Өйткені, ірі қалаларда жұмыс табу жеңілірек. Сол себептен, Петропавл немесе Қостанай сияқты қалалардан үй ала отырып, олар еш кідіргісіз оңтүстікке немесе мемлекет астанасына қарай бағыт алып, онда тағы жәрдемақылардың бөлінуін талап ететін. Екінші мәселе – психологиялық. Моңғолиядан немесе Қарақалпақстаннан келген адамды «моңғол» немесе «қарақалпақ» деп атайды. Дегенмен, менің ойымша, жалпы көші-қон қарым-қатынастары орныға алды. Бұл үрдістің жағымсыз жағына қарағанда, жағымдысы көбірек.

Отан – ана ма, әлде өгей шеше ме?

– *Ресейде де осындай жағдайлар жиі кездеседі. Менің ағам 30 жыл бойы Ташкентте тұрды. Өзінің тарихи Отаны, яғни Ресейге көшіп барды. Менің туыстарымды барлық көршілері «өзбектер» деп атайды екен ...*

– Міне, мәселе осында. Қоныс аударушылардың жауаптарын талдағанда, келесі дерекке аңдамай назар аударасың: адамның тарихи Отанына келгенде алдымен күтетін нәрселер қандай екендігі маңызды рөл атқарады. Біреулері өздерінің материалдық жағдайларын жақсартуға талаптанса, екіншілері тұлға ретінде өзін паш еткісі келеді. Мысалға, менің әріптесім, ғалым Зардыхан Қинаятұлы жаңа әлеуметтік-мәдени кеңістікке салыстырмалы түрде тез үйренісіп кетті. Ол Моңғолиядан келіп, докторлық диссертациясын қорғап алды. Моңғолия жөнінде жеңіл және тез оқылатын кітап жазды. Қытай елінен келген Набижан Мұхаметханұлы Қазақ Ұлттық университетінде сабақ береді. Болашақ қытайтанушылар үшін оның білімі мен өмірлік тәжірибесінің алар орны ерекше. Осындай жағдайларды ескере отырып, қазақ жері дарынды жазушылар, ақындар мен қолөнершілерге қол жеткізгеніне дән ризамыз. Менің ойымша, біз отандастарымыздың елге оралу үдерісі – бұл объективті және өте жағымды құбылыс. Бұл жерде еліміздің Президенті басқаратын Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының маңызды рөлін атап өткен жөн. Ол қоғамдық ұйым болғанына қарамастан, ерен жұмыстар атқарады. Ал құрылтайлардың нәтижелері бойынша маңызды шешімдер қабылданады. Мысалға, жақында мемлекет парламенті қазақ репатрианттарының азаматтықты алу үдерісін жеңілдететін түзетпелерді бекіткен болатын. Дегенмен, мұнда да ақтандықтардың саны аз емес. Азаматтықты алу үдерісі кейде бір жарым жылға дейін

да созылуы мүмкін. Осындай «белгісіз» күйде өмір сүріп жүрген адам не сезінуі тиіс? Отан-анам қарсы алады деп келген оралман кейде өгей шешеге ұрынып қалып отыр...

Бұл – нағыз бюрократизм. Оны басқаша да атай алмайсың. Менің ойымша, бұл – 20 жыл бойы репатрианттарға жетекші болып жүрген құрылымдардың толассыз өзгеріп отыруының кесірінен қалыптасқан жағдай. Біресе Ішкі Істер министрлігі, біресе Әділет министрлігі. Бір кездері бұл үдеріске Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі жетекшілік еткен болатын. Бүгін оны қайтадан полицейлік мекеме жауапкершілігіне жүктеп отыр. Менің ойымша, бұл дұрыс шешім емес. Бұл үдерістің ерекшелігін біліп, түсінетін арнайы министрлік қызмет етуі тиіс. Бұл құрылым әдетте әскери емес, азаматтық сипатта қолданыста болуы керек. Мүмкін, біздің мемлекетімізге отандастармен жұмыс бойынша Министрлік қажет шығар? Менің ойымша, Қазақстан халқы Ассамблеясының жасаған кейбір қалыптарын қолдануға болады. Шынтуайтына келгенде, бізге осы бағытта жұмыс істейтін жалпы Мемлекеттік бағдарлама қажет. Кез келген адамда Қазақстанға келу, не өзге елде қалуды таңдау құқығы болуы тиіс. Дегенмен, бұл жерде ескерілетін жайт: ол әрдайым өз Отанының қолдауын сезінуі керек. Кез-келген халықаралық келісім-шартқа гуманитарлық құрамдасты жазып отыру керек және де бұл заң шығарушыларға қатысты айтылған ұсыныс.

– *Израильда жаңадан келген репатрианттар жұмысымен абсорбция Министрлігі айналысады. Онда азаматтықты рәсімдеуге санаулы күндер кетеді. Бірақ, ең бастысы – олар Бен-Гурион аэропортына келу сәтінен бастап, еврей халқының берік достық қатынасын сезінеді.*

– Израильдік тәжірибе бізге жақсы үлгі екеніне сенімдімін. Оған қоса, шетелдерде біздің бірнеше миллион

қандастарымыздың қалғанын ескеру қажет. Әрине, олардың барлығы көшіп-қонуға бел байлай бермейді. Дегенмен, бұл үдеріс басталып кетті. Оны енді тоқтату мүмкін емес. Бірақ, мен израильдік мекемеге қарағанда, біздің министрлік алдына келесі екі міндет қояр едім: шетелдердегі қандастарымызды қолдау және оларды туған жерде аса құрметпен қарсы алу.

– Біздің сұхбатымыз қызық тақырыппен жалғасатын сияқты: қазіргі таңда мемлекет өзінің отандастырымен қандай байланыста? Менің ойымша, қазіргі таңда шет елдегі қандастармен тек энтузиазмге толы, ынталы, бірақ қатары сирек адамдар ғана байланыс орнатып жатқандай. Жазушы Мұрат Әуезов өзінің Моңғолияға, яғни қазақтар ұйысып тұрып жатқан Баян-Өлгей аймағына автокеруен жинағаны жайлы айтады. Онда кітаптар, сүйікті әншілердің ән жинақтары мен дәрі-дәрмектерді апарыпты. Осындай қарапайым сыйға дала қазақтары шын жүректен қуаныпты. Бірақ, меніңше, кез келген жанкештілік жүйеленуді жоққа шығармауы керек...

– Сөздің шыны керек, осындай Жүйелену жетіспей жатады. Менің ойымша, мемлекеттік бюджетті құру барысында қазақ диаспорасымен мәдениетаралық қатынастарды ескеріп отыру қажет. Осының барлығы айқын және нақтылы түрде көрсетіліп отырылуы тиіс. Менің пайымдауымша, осындай бағыттағы шығындарды Қазақстанның көпұлтты өкілдері бар халқы қолдамаса, қарсы шықпайды. Әрине, бұл жобалар қандастарымыз тұрып жатқан мемлекеттердің билік органдарымен келісілуі тиіс. Дегенмен, осындай жағдайлар белгілі бір қиыншылықтарды туындатады. Шетелдердегі отандастарымыз үшін кітаптар жинағын дайындайтын болсақ, онда түрік, азербайжан және өзбек қазақтарының латын тілінде жазып-оқитынын, қытай

қазақтары арабтың өрме жазуын пайдаланатынын, Ресейлік, Қазақстандық және Моңғолия қазақтарының киррилицаны қолданатынын ескеруіміз керек. Менің ойымша, мұндай қиыншылықтарға төтеп беруге болады. 20 жыл ішінде біз аудармашылар, оқытушылар мен ғалым-лингвистердің жеткілікті қатарын даярлап шықтық. Бұл тәжірибені алдымен Ресей қазақтарынан бастап, осы модельді көрші мемлекетте сынап көру керек. Кейін оны басқа мемлекеттерде пайдаланып көруге болады. Неліктен, Ресей? Өйткені, біздің менталитетіміз ұқсас және тілдік тосқауылдар жоқ. Оған қоса, жақында Астанада Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин қол қойған ынтымақтастық және өзара көмек туралы жаңа Келісім өз кезегінде осындай іспетті қызметтерге үлкен жол ашады. Қазіргі кезде Еуропада көптеген саясаткерлер мультикультурализмнен бас тартуда. Ал біз өзіміздің төл еуразиялық жолымызды таңдаймыз. Туған жерге қарай жол қиын және соқпақты. Оны бірлесе жүріп өтейік!

ТҮСІНІКТЕМЕ

**ЕРЕНГАЙЫП ШАЙХУТДИНОВ, ҚР ҰҒА академигі,
«Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық
қауымдастығы Алматы филиалының төрағасы, химия
ғылымдарының докторы, профессор**

ЕГЕР АШЫҒЫН АЙТАТЫН БОЛСАҚ ...

Мен философия ғылымдарының докторы Серік Нұрмұратов берген сұхбатпен қызыға отырып танысып шықтым. Бұл сұхбаттың астарында ғалымның ерекше қабілеттері мен үлкен еңбегі көрініп тұрғанын ешқандай күмәнсіз айтуға болады. Шынымен де, егер картаға көз жібертсеңіз, онда еріксіз ойланасыз: қатыгез жиырмасыншы ғасырда біздерді, яғни қазақтарды қайда баруға тағдыр жазбады? Олар Ресей, Өзбекстан және Түркия жеріне дейін қоныс аударды. Біздің көп отандастарымыз Қытай мен Моңғолия сияқты елдерде өмір сүруде.

Мен Отаныма не беремін?

Мен олардың тарихи отанына қайтып оралуға деген ұмтылысын қолдаймын ба? Әрине. Бірақ бұл жерде жауапкершіліктің екіжақты екенін түсіну керек. Мемлекеттік ұйымдар жағынан да, елге қайтып оралған отандастарымыз жағынан да бірдей деңгейде болуы тиіс. Өйткені, әрбір елдің, әрбір халықтың өз менталитеті бар. Соған сәйкес қазақтар да өзгеріп отырғаны белгілі. Біз бейімделу кезеңінің өзіндік ауыртпалығы бар екенін де ескеруіміз керек.

Мен ашығырақ болғым келеді, өйткені менің жаңа жерлестерім тек таза және ашық әңгімеге лайықты. Дегенмен, барлығы болмағанымен де араларындағы кейбіреулері бір нәрсе алсам деген

тілегін байқатып отырды. Мәселен, пәтер, жұмыс, айлық. Оны түсінуге де болады. Бірақ, дегенмен «мен өз Отаныма не беремін?» деген басқа көңіл-күймен келгені абзал еді. Осы орайда мен атақты Аркадий Райкиннің сөздерін еске түсіремін. Кеңес кезеңінде сынды онша жаратпайтын. Дегенмен, сахнаның ұлы шебері адамдарға сол уақытта адамдарды не толқытты, не толғандырды, соны астарлап жеткізіп отырды. «Араның ұстанымымен өмір сүретін адамдар болады. Өзіңе қарай тарттың, өзгеге қарай жібердің. Бірекі. Ал кейбіреулер тек өзіне қарай тартуға ғана қабілетті. Ондай жағдайда ара орнында тұрып қалады, кеспейді». Соншама жыл өтсе осы сөздер қандай өзекті! Әрине, ол тек оралмандарға ғана қатысты сөз емес. Ғалым-философтың сұхбатын оқып шыққаннан соң мен алдымен билікті де, жаңа отандастарымды да өзара түсінісу мен өзара сыйласуға шақырар едім. Бұл жерде ұсақ-түйек жоқ. Климаттық жағдайды алып қараңыз. Егер отандастарымыз жылы оңтүстікке үйренген болса, оларды республиканың солтүстігіне жіберудің қажеті қанша, одан ешқандай жақсы нәрсе шықпайды. Олар біздің қақаған аязымызды көтере алмауы мүмкін. Сондықтан олардың кейбіреулері Қазақстанға қоныс аударғанға дейінгі жерлеріне қайтып оралғысы келеді.

Өмір прозасы

Әрбір қоныс аударушыға арнайы жеке-дара тәсіл керек дегім келеді. Климаттық жағдай – «сәтті тіршілік етіп кетудің» басты шарты, дегенмен ол оның бірегейі емес. Отанмен кездесуді Германия мен Түркиядан келген біздің отандастарымыз жеңілірек көтереді. Бұл елдерде нарықтық қатынастар дамыған, сондықтан олар біздің ортамызға, біздің «капиталистік тіршілігімізге» тезірек үйренуде. Ал, енді Моңғолия мен Қытайдағы әріптестер мемлекеттің қолдауына біршама үйренгендіктен оларға қиынырақ болуы мүмкін. Оған да түсіністікпен қарау керек. Тіпті, адамдардың айналысатын кәсібінің өзін ескеру керек. Өзіңіз көзге елестетіп көріңіз: өзінің саналы ғұмырының жартысын Моңғолияда өткізген адам мал

шаруашылығына жағдай қарастырылмаған бидай егетін ауылға кенеттен қоныс тебетін болса не болады. Оның өмірін мұқатудың қажеті қанша? Оның орнына кәсіби қабілеттері мен мүмкіндіктерін сауатты қолданған дұрыс емес пе? Менің айтарым: отандастарды орналастырумен айналысатын адамдар осылардың барлығын алдын ала ескергені жөн. Әсіресе қарт кісілердің жағдайын ойлау керек. Ностальгия – түсінікті және өте керемет сезім. Бірақ одан басқа өмір прозасы бар.

Жиі кезедесетін жағдай: Қазақстанға қартайған ата-анасы көшіп келгенмен, олардың ересек балалары шетелдерде қалып қояды. Бұл дұрыс па? Шағын ғана зейнетақыға өмір сүру қиындау болары анық. Сондықтан өз отандастарымыздың «қиналып қалмауы үшін үлкен отбасы болып түгелдей қоныс аударған абзал» екенін алдын ала ескертіп отырған жөн. Бұл жерде барлық жауапкершілікті мемлекеттік органдарға ғана аударып қойған орынды емес. Газеттер, радио мен телевизия бұл мәселеге үнемі қайта оралып отыруы керек. Отандастарымызды елімізде күтіп тұрған қиындықтар жайлы ешнәрсені жасырмауымыз керек. «Көшіп келіңіздер, қалғанын сосын келгеннен кейін көреміз», - деген үстірт көңіл-күйлер істі насырға шаптырып жіберуі де мүмкін. Мен Жаңаөзендегі трагедия туралы қиналыспен ойға шомдым. Сырттан келген қандастарымыз біздің елдегі бюрократизм мен шенеуніктердің төменгі саяси мәдениетінің құрбаны болды деген қорытындығы келдім.

Шынымен де, бір жерге біздің елдегі нақты жағдайлармен таныс емес соншама қоныс аударушыларды отанымызға жинап алудың, Қазақстан жерінде өздерінің өмірлік тәжірибесін қарапайымданған түрде жүзеге асырудың қандай қажеттігі бар? Оның есесіне, қоныс аударушылардың республикамыздың барлық түкпір-түкпірлеріне барып жайғасудың жолдарын анықтап, олардың екі жылдың ауқымында үйренісіп, бейімделіп кетуіне барынша мүмкіндіктер жасау керек. Міне, содан кейін ғана олардың өзі жұмысты да, тұратын жерлерін де таңдауға шамалары толық жетеді.

Сірә, біздегі социологиялық қызметтердің шамасы әлсіз деңгейде болар. Ал, енді сауалнаманы қоныс аударушылар келіп қойғаннан кейін емес, олардың арасында көшіп келердің алдында жүргізген орынды. Отандастарды қабылдаудың өзін бір жүйеге келтірген абзал. Әрине, жоғарыда айтылғандарды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен қомақты қаржылар бөлінуі тиіс. Егер біз әлеуметтік апаттардың алдын алғымыз келсе, онда мәселені басқаша түрде жеңіл қарастыруға болмайды.

Қоныс аударушы үшін шағын қала

Басқа не айтуға болады? Германия, Норвегия және Еуропа елдерінде қоныс аударушылар үшін арнайы шағын қалалар салынууда. Олар осы жерлерде өмір сүреді, тілдерді үйренеді, кейбір кәсіби сипаттағы тағылымдарын жинақтайды. Әрине, бізге осы тәжірибені жергілікті жерлердің жағдайларына сәйкестендіре отырып қолдануымызға болады деп есептеймін. Біз осы өнімді әрекеттеріміз арқылы қарым-қатынас мәселелесін шешеміз.

Ал, енді Батыста адамдар егер жұмыспен немесе оқумен байланысты болмаса бір-бірімен қарым-қатынас жасауға құмар емес. Компьютер мен станокты өшірген бойда сен тек өзіңмен өзің боласың. Ал Шығыста адамдар өмірді өзара қарым-қатынассыз көзге елестете алмайды. Бұл жағдай тек қазақтарға ғана қатысты емес. Мен Германияға қоныс аударған қазақстандық немістермен кездескен едім және олардың өзара қарым-қатынастың жұтаңдығынан қиналыс тауып жүргендігінің куәсі болдым. Өйткені, олар бұл мәселе үлкен маңыздылыққа ие болған Қазақстанда туып-өскенін атап өткен жөн. Міне, сондықтан мен айтып өткен шағын қалалар уақытша тұратын қоныстар болып қана қоймай, олар біздің қоғамдық ұйымдар қамқорлық жасап отыратын өзіндік ұлттық-мәдени орталықтарға айналғаны абзал.

Сонымен қатар мемлекет де бұл мәселелердің тиімді шешімін табудан жалтармауы тиіс. Жоғарыдағы пайдалы және құнды жарияланым мені осындай орнықты ойларға жетеледі.

ҚАЗАҚТАР? ӘЛДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР?

Неге қазақ зиялылары «қазақстандық ұлт» ұранына қарсы шықты? Ұлтшыл-патриоттар қазақ тілін қалай қорғамақшы? Неге Қазақстандағы орыстар қазақ тілін үйренгісі келмейді? Оларды қандай болашақ күтіп тұр? Осы күрделі сұрақтар төңірегінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор *Рүстем Қадыржанов* ой толғайды.



БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

РУСТЕМ ҚАЗАҚБАЙҰЛЫ ҚАДЫРЖАНОВ



1950 жылы 18 шілдеде Қарағанды қаласында (Қазақ КСР) туды. № 63 орта мектебін тәмамдағаннан кейін 1967 жылы М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің механика-математика факультетіне түсті. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне ауысып, оны 1972 жылы аяқтады. ҚазМУ-дың аспирантурасында оқыды. 1975 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақ КСРО Ғылым Академиясының Философия және құқық институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасты. 1983 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, философия ғылымдарының кандидаты, 1992 жылы докторлық диссертациясын қорғап, философия ғылымдарының докторы деген ғылыми дәрежесін алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Қазақстанның ұлттық үрдістері және этносаяси мәселесі бойынша зерттеу тобының жетекшісі. 150 ғылыми еңбектің, оған қоса жеке және ұжымдық монографиялардың, брошюралардың, ғылыми мақалалардың, оқулықтар мен оқу құралдарының, Қазақстанның журналдары мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалардың авторы. Оның ғылыми еңбектері АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Қытай, Ресей, Польша, Словакия және т. б. елдерде жарық көрген. Бүкіл әлемдік философтар конгресі жұмысында Москвада (1993 ж.), Стамбулда

(2003 ж.), Сеулде (2008 ж.), ірі халықаралық конференцияларда АҚШ, Канадада, Қытайда, Словакияда, Ресей мен Қазақстанда болды. Вудро Вильсон атындағы Халықаралық ғылыми орталық (Вашингтон, АҚШ, май-қыркүйек 1999 ж.) бағдарламасының грантын, Фулбрайт бағдарламасын (АҚШ, Блумингтон, Индинана университеті 2004–2005 жж.), DAAD неміс бағдарламалары (Германия үкіметі жанындағы халықаралық қарым-қатынас және қауіпсіздік институты 2009 ж.) бойынша гранттардың иегері, ЮНЕСКО бағдарламаларына қатысты (2001–2002 жж.). Кеннан институтында (Вашингтон, 1999 ж.), Хуажон технология және ғылым университеті (Ухань, ҚХР, 2004 ж.), Колумбия университеті (Нью-Йорк, 2005 ж.), Беркли университеті (Калифорния, 2005 ж.), Индиана университеті (АҚШ, 2005 ж.), шығыстық және африкандық зерттеу мектептерінде (Лондон университеті, Ұлыбритания, 2008 ж.), Германия үкіметі жанындағы халықаралық қарым-қатынас және қауіпсіздік институтында дәрістер оқыды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгісімен, ҚР БҒМ және Ұлттық Ғылым академиясының құрмет қағаздарымен марапатталды, сондай-ақ 2007 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» гранты тағайындалды. 2010 жылғы Қазақстанның техникасы мен ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін ғалымдар мен мамандарға арналған ғылыми стипендияның иегері. 2011 жылы «Қазақстанның тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медальмен марапатталды.

Терминдер туралы келісейік

– Рүстем Қазақбайұлы, мен сізбен қазіргі Қазақстанның этникалық саясаты мен ұлттық құрылысы мәселелерін талқылағым келіп тұр. Бірақ, бәрінен бұрын, сізге жақында ғана қоғамды дүр сілкіндірген пікірталасты есіңізге салып өтсем. Қазіргі мемлекетіміздің Конституциясы «Біз, Қазақстан халқымыз» деген сөзден бастау алады. Бұл

ешкімнің тарапынан қарсылық тудырмайды. Ел Президенті қазақстандық ұлттың қалыптасуының пайдасы туралы айтқанда, бұл тезис жатпай іштей қарсылық тудырды. Ал бұған атақты ақын және ұлтшыл-патриоттар көшбасшысы Мұхтар Шаханов аштық жариялайтындығы туралы уәде берген болатын. Ақырында ұлттық бірлік доктринасына түзетулер енгізілді. Бәрі татулықпен аяқталды. Дегенмен түсініксіз сұрақтар қалды. Жалпы, мен үшін «халық» және «ұлт» түсінігі бірегей. Әлде олай емес пе?

– Айырмашылық бар, дегенмен бұлар бізде синоним ретінде қолданылады. «Халық» сөзі кеңестік уақыттан бері келе жатқан сөз. «Халық пен партия – біртұтас» деген ұран есіңізде ме? Қазір бұл ұран тек күлкі келтіреді. Ал «ұлт» сөзі ұзақ уақыттан бері құпия болды. Қазіргі таңда «ұлт» («нация») сөзі қазақ үшін ту секілді. Ғылымда да негізінен «ұлт» сөзі қолданылады. Халық сөзі әлдеқайда аз қолданыста. Дегенмен, жасырмаймын, ғылым әлемінде «ұлт» сөзіне түрлі түсінік беру кездеседі. Бұл әрқашан пікірталасты ушықтыра түседі.

– Бәрінен бұрын терминдер туралы келісіп алғанымыз жөн шығар. Әйтпесе, біздің екеуара әңгімеміз, басталмай жатып алға жылжымайды...

– Мен ең алдымен құрамына философия ғылымы кіретін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар блогын қорғау туралы бірнеше сөз айтқым келеді. Сіз осындай парадокс туралы ойландыңыз ба? Жаратылыстану ғылымдарының пайдасы мен қажеттілігі ешкімге күмән тудырмайды. Ғылыми-техникалық прогресс, инновация, жаңа технологиялар және тағы да басқалар. Ал әлеуметтік ғылымдарға қатысты пікір бір арнаға тоғыспайды.

– Владимир Высоцкий былай тұжырымдаған: «Ғалым-азаматтар, өздеріңіздің қырағылықтарыңызды тастаңыздар»...

– Міне-міне. Бірақ қазіргі әлемде онсыз ештеңе істей алмайтын барлық түсініктер, тек әлеуметтік ғылымдардан келген. «Ұлт», «ұлттыққауіпсіздік», «идеология», «мемлекет». Біздің «ұлт» туралы әңгімемізге қандай мәселе басты арқау бола алады. Оның екі негізгі түсінігі бар: азаматтық және этникалық мәні. Ұлт – бір мемлекеттің азаматтары. Оған бірнеше этникалық топтар кіреді. Сондай-ақ, бұл мәнге – американдық ұлтты мысал қылуға болады. Ирландықтар, африкандықтар, үндістер, мексикандықтардың ұрпақтары – олардың барлығы американдықтар. Олар саяси институттар, құқық, мәдениет, жалпы жер көлемдері мен шекаралары арқылы бірігеді. Этникалық мәндегі ұлт – бұл арғы әкелері мен шешелері бір ұрпақтан тараған белгілі бір адамдардың этникалық топтары. Сондықтан бір-бірімен қандас байланыстары бар. Бұл адамдар бір-бірімен бір тілмен, бір сеніммен, тарихпен, салт-дәстүрмен, мәдениетпен жақындасады. Міндетті түрде туған тілің мен мәдениетіңнің тірегі болатын «өзіңнің» ұлттық мемлекетің болуы тиіс. Дегенмен, кей кездері бір ұлттың өкілдері тарихи қарама-қайшылық негізінде әр түрлі елдерде өмір сүріп жатуы мүмкін. Қазақтар – Қытайда, Иранда, Монғолияда тұрады, бірақ олар бәрібір қазақ болып қалады.

– Сонымен, терминдер ғаламдық мәнде анықталды делік. Енді туған елге оралсақ.

– Қазақстанда екі тұжырым арасында өзара күрес жүріп жатыр. Олар екі термин арасында – «Қазақ ұлты» және «қазақстандық ұлт». Бірінші терминнің жақтастарын баспасөзде «ұлттық-патриоттар» немесе кейде тіпті кемсіту

үшін оларды «нацпаты» деп атап жүр. Ал мен «қазақ элитасы» деген терминді жөн санаймын. Олардың талқылауының мәні мынада: Қазақстанда тек бір ұлт бар, ол – қазақтар. Қалғандарының барлығы диаспоралар. Оның ішінде орыстар да бар, өйткені олардың өз елі – Ресей бар. Украиндықтар да диаспоралар, өйткені Украина мемлекеті бар.

Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады, егерде кім-де-кім бір ұлттың өкілі болса, ол диаспораның өкіліне қарағанда жоғары әлеуметтік және қоғамдық мәртебеге ие болады. Сонымен мынадай сұрақ туады: Қазақстан Республикасы кімге тиесілі? Осы жерде ғасырлар бойы мекендеген қазақ ұлтына ма, әлде ел басшысының бүгін ғана кейбір саяси жағдайдың пайдасы үшін жариялаған «қазақстандық ұлтқа» ма? Қазақ элитасы үшін бұл сұрақтың тек бір ғана жауабы бар. Қандай жауап екендігін сіз білесіз.

**«Аға да» немесе «іні де» емес.
Біз – тек бауырлармыз.**

– Кейбір қайраткерлер кеңестік үкіметі кезінде «үлкен бауыр» – орыс халқы болды деп ойлайды (дегенмен мен бұған күмәнмен қараймын). Ал қазір «үлкен бауыр» – қазақтар, қалған барлық халық – «кіші»...

– Мысалға былай. Енді екінші тұжырымдаманы қарастырайық. Бұл тұжырымдама бойынша ұлт – елімізде тұратын барлық этностардан құралады. Барлығы әр түрлі этникалық топқа жататынына қарамастан мемлекет алдында бірдей құқық пен міндетті иеленеді. Елімізде барлық азаматтар тең. «Біз, Қазақстан халқымыз». Екі тұжырымдаманың күресі әзірше виртуалды кеңістікте, қоғамдық дискурс саласында жүріп жатыр. Жалпы пікірталас мәдениетті түрде жалғасын табуда, бірақ қоғамдық ой шашыраңқы. Сондай-ақ, айтыс-тартыс әдеттен

тыс, қазақтардың көпшілігі екі тілде, ал орыстар тек бір тілде сөйлейді. Бірінші тұжырымдаманың жақтастары өздерінің көзқарастарын қазақ тілді көпшілік ақпарат құралдарында білдіреді, ал бұл дегеніміз басымдылық танытатын көпшілік орыс азаматтарына мүлдем беймәлім. Онда өздерінің үгіт-насихаттары және қоғамдық жұмылдырулары жүргізіледі. «Қазақстандық ұлт» жақтастары елімізде көбірек танымал орыс тілді басылым беттерінде өз пікірлерін білдіреді. Сонымен бірге олардың сезімін «қымыздық» деп атайтын жалған патриоттықпен айналысады. Бұл көрші елдердегі «квастық» сезімге ұқсас.

«Нацпаттар», расында өкпелі. Олар да қарсыластарын шовинистер, «шовиктер» деп атап жүргенін орыс тілді сарапшылар мен журналистер кей кездері білмейтін де. Тоқсаныншы жылдардағы «чемодан-вокзал-Россия» қатаң сөз тіркесі қолданысқа енуі мүмкін емес. Мүмкін бір жағынан мемлекеттік билік басындағылардың «қазақстандық ұлт» тұжырымдамасын ашық қолдағанынан да болар.

– Сірә, ғалымдардың мақсаты – тек қоғамдағы әр түрлі көзқарастарды белгілеп көрсету ғана болмауы тиіс, сонымен қатар ұсыныстар жасап отыру керек. Қайда бағытталу керек, немен қарулану керек, өзін қалай ұстау керек деген сияқты. Дегенмен, сіз мемлекеттен қаржыланатын ғылым адамысыз ғой...

– Менің басты міндетім – кез келген мәселеге барынша объективті және шынайы талдау жасау. Біз үнемі ұсыныстар жасап тұрамыз, бірақ менің ойымша қоғамда біздің еңбекті кім ықыласпен оқыса, солардың ішіндегі ең құндысы сол болмақ. Міне, менің айтып отырғаным: еліміздің ұлттық аясында екі партия өмір сүріп жатыр. Партиялар тура мағынасында айтылған сөз, ал шартты мағынасында ұлттық нышандағы партиялар Конституциямен тыйым салынған.

Дегенмен, өмір – көп қырлы, қиқыметі мол дүние. Әрқашан әділ және мінсіз заңмен жазылып қойылмаған. Шын мәнінде қазақ ұлтшылдары мен көптеген орыс ұйымдары саяси салада бір-бірімен ұдайы бақталасады. Өйткені, ұлттық мәселе бұл – саясаттың пәні. Менің ғалым ретіндегі міндетім – партия мен саясаттан тыс болу. Сондықтан, мемлекеттің өзі де өзгеше бір партия. Ия, бұл «партия» маған жалақы төлейді. Егер де мен «не қалайсыз?» деген қағидамен жұмыс жасайтын болсам, онда менің зерттеген жұмысымның көк тиындық құны болмайды. Мемлекет – «ақылды партия» ретінде мұны жақсы түсінеді. Осы қырынан Қазақстан Республикасы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан ерекшеленеді. Қайталап айтамын, менің ғалым ретіндегі құндылығым – нақты жағдайға объективті түрде талдау жасау. Қазіргі қоғамның, ғалымдардың, сарапшылардың, журналистердің осал тұсы неде? Партиялық түсінікте. Міне, сіз партиялық журналистке тән қате жібересіз. Бірақ сізді қуантатыным: сіз жалғыз емессіз. Кейде мынандай жағдайлар орын алады. Ғылыми конференцияларға қатысып қандайда болмасын бір мәселеге өз ойымды айтамын. Содан кейін маған «Сонымен сіз кім жағындасыз?» – деп сұрақ қояды.

– Сіз не деп жауап қайтарасыз?

– Мен жай ғана күлемін де, оларға айтыс пен тартыстың үстінде тұрамын деймін. Бұл – менің берік ұстанымым. Лениндік мұра бізді жеңімізден ұстап, болашаққа қоя бермейді. Сізді «Партиялық ұйым мен партиялық әдебиет» жібермейді. Шәкәрімнің өлімі, Шолоховтың трагедиясы және Фадеевтың өзін-өзін өлтіруі – барлығы осыдан шығады.

Ал мен маркстік-лениндік философияны оқып үйрендім, сіз қалай ойлайсыз, оның барлығы із-түссіз жоғалып кетуі мүмкін бе? Ленин ғалым-философтар

пролетариат мүддесін қорғаштайтын алдыңғы қатарлы партияға қосылуға міндетті деп есептеді. Сонымен қатар сенімді большевик ретінде болашақта ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға болатын еді. Кім ақиқатты иеленсе, сол алдыңғы қатарлы шепте тұрады десті. Басқаша айтқанда, партиялық қағида философия мен әдебиетте болды. Біз енді бұл жолдың ешқайда алып бармайтынын білеміз. Қазіргі таңда «философтардың» ішінде «таптық күрес» пен «пролетариаттық интернационализм» қағидасын ұстанып қалған кімнің есінде бар? Қазіргі кездегі қоғамдағы шиеленістер, тәртіп бойынша мүлдем басқа арнамен жүріп жатыр...

Қарағанды бізді неге үйретті

– Сонымен, сіздің көзқарасыңыз даусыз болмаса да анық. Біз «ғалым» туралы айтқанымызда «сарапшы» есімізге түседі. Ал сарапшылар әдеттегідей көпшілікке (басқару элитасына міндетті емес) өз ойларын, жорамалдарын ұсынады, ал кейде ұсыныстар жасайды. Бірақ сіздің өміріңіздің және жұмысыңыздың қағидасы барлық жағдайда құрметтеуге лайықты, өйткені сіз ол туралы ашық айтасыз және оны қорғап отырасыз. Онда, біз әнгімеміздің негізгі желісіне оралсақ. Біздің ұлтшыл-радикалдардың жеке басын түсінуге тырысайық. Сіз де, мен де Қарағанды қаласындағы № 63 мектепте оқыдық. Бізге білікті мұғалімдер сабақ берді, олардың кейбіреулері бұрынғы айдауда болғандар. Біз бір оқулықпен және бірдей кітаптарды оқыдық. Мен орыс халқын «үлкен аға» деп айтқанын білмеймін. Бірақ, тарих және әдебиет сабақтарында тіпті бізге ол туралы сұрақ қойылмаған болатын. Менің достарым Болат Рахымбеков пен Рүстем Атығаевтарға «кіші інілерім» деп қарау туралы ой басыма мүлдем келген емес.

Ия, уақыт өзгерді, бірақ соншалықты «аға» және «іні» деп қайта бөлінетіндей жағдайда емес қой. Шындығында бұған

бізді Шаханов пен оның серіктестері итермелеп жатыр. Қалайша, сіз, партияға кірмеген философ ретінде этнократия – қазіргі Қазақстанның жағдайында тұйыққа алып баратын жол екенін түсінбейсіз. Жарайды, біз «пролетарлық интернационализмды» артқа қалдырдық, бірақ қазіргі қарапайым интернационализм қазаққа қай жағынан ұнамай қалды? Қазіргі кезде елімізде 40 пайыз басқа ұлттың өкілдері тұрады. Егер біз оларды жалпы қазақстандық ұлт құқығынан айырсақ, онда күшті мемлекет құруымыз екіталай. Ия, бүгінгі таңда билік Шахановқа жол берді. Барлығын дұрыс істеген де шығар. Неге өз қолымен ұлт мүддесі үшін жапа шеккендерге кейіс білдіреді? Ал біз, орыстар, не істеуіміз керек?

– Бұдан шығатын жол – қазақтандыру. «Қазақ партиясы» осылай деп есептейді. Яғни, мәдени түрде ассимиляциялану керек. Қазақ тілін үйреніп, қазақтың тарихын білу керек немесе өз еріктеріңізбен өздеріңізге қолайлы елге көшу керек. Сіздерді ешкім күштеп қуып шықпайды. Отанын сүйетін ұлтшылдар «қазақтандыру» қарқынына көңілдері толмайтындықтан қазақ тілін жеткілікті деңгейде қолдамағаны үшін билікті сынайды. Бірақ, мемлекет басшылары, бәрінен бұрын Президенттің өзі оларға қарсы. Дегенмен, еліміздің әрбір азаматы өз ана тілінде оқуға және өзінің төл мәдениетімен сусындауға құқылы. Ал қазақ тілін оқу «стахановшылар» тәрізді әдіспен жүзеге асырылмауы керек. Президент 2020 жылға дейін 95 пайыз еліміздің тұрғындары қазақ тілінде сөйлеуге міндетті деп көрсетті. Себебі, бұдан бұрынғы қазақ тілін дамыту бойынша бағдарламалар орындалмады. Қазіргі кезде ешкімнің есінде жоқ шығар, ең алғашқы қазақ тіліне көшу бойынша бағдарлама кеңестік билік кезінде 1990 жылы қолға алынған. Осы бағдарламаға орай Солтүстік Қазақстан облысы 1995 жылы қазақ тіліне көшу керек болатын. Бірақ, іске аспады. Оқулықтар, білікті мұғалімдер жетіспеді. Бір жағынан

орыстардың партаға отыруға құлқы болмады. Сондықтан Президент сөзіне еш күдікпен қарамай-ақ, мен байқап отырмын: тілді үйрену – бұл революциялық емес, бәрінен бұрын инерциялық құбылыс? Сонымен бірге бұл жерде нақты мерзімді белгілеу тіптен қауіпті. Сондықтан қоғамға мемлекеттік тілді ендіруді арттыра отырып, эволюциялық жолға сенім артамыз. Жалпы алғанда, қазақтандыру – ұрпаққа артылатын жүк. Қазақстанның болашағы – балалар, жеткіншектер, бозбалалар мен бойжеткендер. Шынайы саяси және әлеуметтік жағдай оларды мемлекеттің негізгі тілін оқуға итермелейді.

Анна Иоанновна туралы ұмытпайық

– Қазақстан – азиялық мемлекет. Бірақ ол кейбір еуропалық мемлекеттерге адам құқығын қорғау бойынша өзінің толықтай басымдығын танытты. Кеңес үкіметі құлаған кезде, Қазақстан Республикасының барлық тұрғыны азаматтық алған болатын. Ал Балтия елдерінің үштен бір бөлігі шеттеп қалды. Орыстарға эрзац-құжаттарын берді, дегенмен барлығы азаматтық құқығынан айрылған болатын. Ашығын айтқанда, бұл нағыз мәжбүрлеу ғой. Кезіндегі Оңтүстік Африкадағыдай тек қана терісінің түсіне қарап емес, тілдік белгісіне де қарау. Бұл жолды өркендету тұрғысына жатады деу маған өте қиын. Посткеңестік елдердегі кезекті сайлау кезінде қарсылық білдіретін еуропалық құқық қорғаушылар – ауыздарына су толтырып алғандай үнсіз қалды. Яғни, Қазақстан орыс халқына дұрыс қарым-қатынаста болды. Сонда да, сіз ойландыңыз ба, неге Қазақстанда орыстар қазақ тілін оқуға құлқы жоқ? Әлбетте, кейбір адамдарда лингвистикалық қабілет мүлде жоқ. Ал кейбіреулері «кал калай?» және «жаксы!» деген сөздерден ары қарай бармайды. Бірақ, мұнымен барлығы бітпейді. Орыстар қарсылық танытып митингіге де шықпайды, ОБСЕ-ге шағым

жазбайды. Олар тек көшіп кетеді, не ...қазақ тілін оқымайды. Сіз ғалым ретінде осы феноменді түсіндіре аласыз ба?

– Онда ашығын айтайық. Мен бұл туралы көп ойландым. Кейде орыс таныстарым мен достарымнан олардың селқос «қарсылығының» себебін сұрасам, олар: «Маған қазақ тілі не керек, сіздер, өздеріңіз, қазақтар орыс тілінде сөйлейсіздер ғой?» – деп жауап қайырады. Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тіліне бәрінен бұрын, біз, қазақтар өзіміз көшуіміз керек. Ауылдықтар, қалалықтар, Қазақстанда туылғандар немесе шетелден келгені маңызды емес. Сонымен бірге орыс тілді қазақтарды қазақ тілді БАҚ өкілдерінің кейде кемсітуі және намысына тиюі орын алады, бұл әрине орынсыз. Оларды кеңестік орыстандыру саясатының құрбаны деп түсіну керек. Империялық саясаттың желісі – мәдени экспансионизм. Орыстар көшпелі халықтың мәдениеті мен салт-дәстүрін ығыстырып шығару арқылы өз тілі мен мәдениетін барынша, шамасы жеткенше алға жылжытты. Олар Даланы өздерінің мәдени провинциясына айналдырмақ болды және айналдырды да. Қазақстандық орыстарда күшті империялық сана басым. Ал бұл жар жағасында тұрғандай, яғни инерциялық сфера. Екі онжылдық барысында сананы өзгерту мүмкін емес. Кеңес Одағы олар үшін үлкен Ресей сияқты болды. Олар қалаған жерлерінде өмір сүрді. Оларға енді ескі «ойын ережесіне» қайта оралудың болмайтынын түсіну керек. Ал жаңа жағдайда олар моральдық және психологиялық тұрғыдан да дайын емес. ...Балтық елдеріне қатысты жағдайды түсіндіргім келеді. Олар 1940 жылдан 1991 жылға дейінгі аралықты өз елдерін отарлау кезеңі деп қарастырады. Бүгінгі мемлекеттер – Сталин мен Гитлердің қыспағында болған тәуелсіз балтық жағалауы елдерінің мұрагерлері. Бұл жерге осы жарты ғасыр бойында келгендер – басқыншылар немесе олардың балалары мен немерелері. Сонда, олар – ол елдің азаматтары болмай шығады. Ал Қазақстанда тарих басқаша өрбіді...

– Қазіргі кезде Әбілхайыр ханның Анна Иоанновнадан қамқорлық сұрағанын ешкім еске алғысы келмейтін сияқты. Сонымен бірге қатал да жауынгер жоңғарлардан құтқарғандығы белгілі. Патшайым Қазақ хандығына соғыс ашады және күшпен басып та алмады. Ол қазақтарды барлық күшімен және Ресей мемлекетінің айбынымен қорғады емес пе...

– Мен, тіпті Қазақстан мен Ресей арасындағы ұзақ қарым-қатынас кезінде, қазақ пен орыс арасында бәрі де болды деп есептеймін. Ұлттық жараның бетін тырнау – ақымақтық және өнімсіз. Бірақ қазір басқа нәрсе айтқым келеді. Мемлекеттік тілді оқығысы келмеудің себебі қайда жатыр? Империялық сана өзіне нені қорек етеді? Міне екі этнос қатар өмір сүріп жатыр. Екі тілде сөйлейді. Орыс тілі әлдеқайда дамыған. Ол жиі қолданылады, кең таралған, БҰҰ тілі болып табылады. Қазақ тілінде тек қазақтар ғана сөйлейді. Ал олардың әлемде бар-жоғы тек 12 миллион ғана. Сондықтан да біздің орыс азаматтар қазақ тілін оқудың керекі жоқ деп түсінеді. Олар ерікті түрде де, еріксіз түрде де қатты қателеседі. Бірақ, мен, уақыт барлығын өз орнына қояды деп есептеймін. Еліміздің азаматының мемлекеттік тілді білмеуі – бұл жөнсіздік!

– Енді тіл мәселесінен біраз шегініс жасайық, өйткені біз сізбен біраз талқыладық. Қазақстан Халқы Ассамблеясы сияқты қазіргі этносаясаттың қызықты құралдары туралы айтсақ. Қазақстан Халқы Ассамблеясы деп бұрыннан атала ма, әлде келесі кезекте тағы өзгертіпексіздер ме? Қазақ тілді Бақ-та үнемі айтылатын ҚХА туралы сіздің ойыңыз қалай?

– Мен, Философия, саясаттану және дінтану институтында үш жыл бойы жүргізілетін ұлттық саясат саласындағы жобаға жетекшілік етемін. Ассамблеяға біз терең көңіл бөлеміз. Көп ұлтты мемлекетке ол сөзсіз керек. Сіз

неге «атын ауыстыру» дедіңіз? Менімше, атауын негізгі Заңмен сәйкестендіргісі келген болар. Біз сізбен оның «Біз, Қазақстан, халқымыз» деп басталатындығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Сынға қатысты айтсақ. Ассамблеяны билікке өте жақын болғандықтан сынады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл өзін-өзі ақтаған, ал қазір бұл қағида күмән тудырады. ҚХА «Жоғарғы билікке» жалтақтаумен өте баяу және жасқанып әрекет етеді. Маловодный ауылындағы қазақтар мен шешендер арасындағы ұлтаралық шиеленісті алыңыз. Іс өзін-өзі соттауға дейін барды. Тұрғындар жергілікті жемқор билікке сенбеді. Содан кейін екі жақ та барлық жерге барған және арызданған, бірақ тек Ассамблеяға бармаған.

– Ассамблея басшысы – Ел президенті деп сізге қарсылық білдіруі мүмкін...

– Біз Президенттің басқа да толып жатқан мемлекеттік шаруалары жетерлік екенін түсінеміз. Оларды шындығында ешкім сайламаған қызметкерлер басқарады. Оларды жай тағайындаған. Ал, жалпы, бастама төменнен басталу керек. Айтқандай, интернетте болған сол кикілжіңге орай: «Бізге еш көмегі жоқ Қазақстан халықтар Ассамблеясы неге керек?» – деген сияқты түрлі пікірлер шықты. Өйткені олар бұл жағдайдың алдын-алуы керек еді ғой. Маловодныйдағы қарсылық бір күннің, тіпті бір жылдың да жемісі емес. Бұл жердегі шиеленіс қордаланған мәселеден туындаған. Бірақ, мен сіздің дұрыс түсінгеніңізді қалаймын: Ассамблея қажет. Міндетті түрде! Тек өзгерген түрде. Біздің ел – көп этникалық қоғам. Яғни жалғыз емес, мұндай мемлекеттер әлемде көп. Осы сияқты елдердің тұрақтылық негізі – бірдей әлеуметтік саясат. Яғни, біркелкі этникалық өкілдік, билік органдарында және басқа әлеуметтік саладағы үлестіру. Ливандағыдай, президент, үкімет өкілі және парламент басшысы әр түрлі конфессиядан емес пе...

– Мысалыңыз сәтсіз, себебі ел ұдайы толқуда...

– Бұл әлеуметтік саясаттан емес. Ливанда, Израилмен, палестиндықтармен басқа да күрделі мәселелер жетерлік. Сонымен қатар Қазақстанға қатысты саяси элементтер бізде де жетерлік. Мысалы, мәжілістегі жеті депутат ҚХА-нан. Ұлттық тұрғыдағы партиялар бізде тыйым салынған, бірақ этникалық өкілдік құқық қорғау билігінде баршылық.

Орыстар – төртінші жүз

– Мен сіздің «орыстардың империялық санасы» деген тезисіңізге қайта оралғым келеді. Расында бұл мүмкін емес нәрсе. Әттеген-ай, 1917 жылы, кейін 1991 жылы бұл саясат күйреуге ұшырады. Дегенмен қазақтар орыстардың қателігін қайталамай ма? Неге олар қазақ тіліне байланысты, жалпы «қазақтандыру» саясаты түсініспеушілікке алып келетінін түсінбейді? Әрине, Қазақстанның орыс азаматтары қатты ренжулі. Себебі, әкімшілікке кірсеңіз, ондағы тақталарда тек қазақ тілінде жазылған. Бұл дегеніміз негізгі заңымыздың жетінші бабында жазылған: «Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті басқару органдарында орыс тілі қазақ тілі-мен қатар қолданылады» деген талапты бұзушылық. Сонда «қатар» деген сөз қайда? Сіздер Конституцияны ауыстырыңыздар немесе тақтаға орысша жазыңыздар! Екінші кезең – әлеуметтік сатылар. Елімізде бірде-бір орыс әкімі жоқ, тек бір ғана министр бар. Ал орыстар – еліміздің әрбір төртінші тұрғыны. Орыс ұлтының көптеген жастары: «Біздің туған елімізде мүмкіндіктер аз» деп шағымданады. Жақында ғана жергілікті бір газетте профессор Бейімбет Ирмұханов «Қазақстанның болашағы қазақтар мен орыстардың қарым-қатынасына байланысты» деп өз пікірін білдірді, яғни билікті «руссофобия» мен «этноцентризм» үшін кінәлады. Байқасаңыз, оны айтқан орыс журналисі, мен емеспін...

– Мемлекет тұрғындар арасындағы қазақ емес бөлігін қолдау мен қазақ этникалық ұлттар арасындағы саяси балансты сақтауды жүргізуде. Сіз дұрыс айтасыз, мүмкін, бұл әрқашан сенімді болмауында. Бірақ сіз дұрыс түсінуіңіз керек, мемлекеттің өзі – этникалық ұлттың өнімі. Одақ ыдыраған кезде барлық 15 мемлекетте, Ресейді қоса алғанда, жауынгерлік отансүйгіштік пен ашық ұлтшылдық басым болды. Мемлекет өз міндетін жақсы біле тұра, ұлттық элиталардың ойымен санаспайды. Басқа қырынан алып қарағанда, билік этникалық ұлтшылдыққа қарай мойын бұрушылық өте қауіпті екенін және бұл көші-қонның тез өсуіне алып келетінін жақсы түсінеді. Өз кезегінде қоғамның тұрақсыздануы еліміздің басшылығына қажет емес. Тұрақсыз республикаға кімнің қаржылай инвестиция құйғысы келеді? Барлығы жақсы түсінеді. Бірақ қай жағынан алып қарасаңыз да көңілі толмайтындар жетерлік. Қазақтар өз тілінің мемлекеттік деңгейге шынайы иеленбеуіне көңілі толмайды. Орыстар мемлекеттік қызметке сирек шақыратындығын айтады. Бұл мені ғалым ретінде және азамат ретінде жиі мазалайды. Кадрлық саясат тек этноұлтшылды жағынан ғана емес, сондай-ақ трайбалистік амал тұрғысынан да қауіпті. Әрбір ірі шенеунік айналасына «өзінің» адамдарын, әсіресе өз ағайынынан, болмаса өз жүзінен туыстарын топтастырады. Ол кімге сөзсіз сенім артса соған адал болады. Ал қазақ тілі үш жүздің барлығына бірдей тиесілі, бұл – өзіндік сенім шарты. Өкініштісі іскерлік сапа екінші, тіпті оныншы орынға түсіп кетеді. Кеңестік кезеңде кадрлық саясат КОКП ОК және Қазақстан секторы тарапынан қатаң бақылауда болды. Менің ойымша қазіргі таңда ескі тәжірибені ескеру ұмытылып бара жатқан сияқты.

– *Мүмкін, Қазақстандағы орыстарды өзінше «төртінші жүз» деп атау керек шығар. Билік мықты болу үшін, олармен де бөлісу керек сияқты...*

– Бұл ой әзірше ауада қалықтап тұр. Жоққа да шығаруға болмайды, бірақ бір күні ол да болуы мүмкін.

– Олай болса «қазақстандық ұлт» құрылысын ақша аямай қаржыландыру керек шығар. Бәрінен бұрын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сабақ беретін қазіргі мектептер мен балабақшалардың дамуына ақша салу керек. Қашан барлығы үш тілде сөйлей бастаса, сол кезде «қазақстандық» және «қазақстандық ұлт» туралы талас-тартыс өздігінен жойылады деп ойлаймын. Қазіргі таңда мемлекет осындай бағдарламаларға қаржыны өте аз құяды...

– Мен мұнымен келіспес едім. Әрине, мемлекет тілдің дамуын қаржыландырады. Сонымен қатар мектептер мен балабақшалардағы қазақ тілі сабағын, оқулықтар мен кітаптарды шығаруға ақша бөледі. Бірақ барлығы мемлекетке байланысты емес. Қоғам бөлінген қаражатты қалай қабылдайтындығы үлкен мәселе. Ия, қазақ және орыс балалары да қазақ тілін оқып жатыр. Бірақ орыс тілді әлемде өмір сүріп жатырмыз. Бұған көшеге шығып оңай көз жеткізуге болады. Қоршаған орта үлкен рөл ойнайды.

– Мұндай жағдайда бәрінен бұрын өзіміздің өмірімізді жеке мысалға алып қарауға болатын шығар...

– Әрине, мысалға, менің өзім орысша сөйлейтін қазақпын. Дегенмен, туған тілімді жақсы білемін. Өзімнің үлкен қызымды № 12 қазақ мектебіне оқуға бердім. Кеңес үкіметі тұсында Алматыда ол бірден-бір ана тілінде сабақ беретін мекеме болды. Қызым бұл пәнді тәп-тәуір оқыды. Шығарма жаза алды, қазақ тілін түсініп, әрі тез жауап бере алды. Ол қазақ тілін оқудың тілі ретінде қабылдады. 11 жылдық мектепті алтын белгімен тәмамдады. Бірақ үйде ол орыс тілінде, достарымен орыс тілінде қатынас жасады.

Ал содан кейін Америкаға оқуға кетті де, сонда қалды. Қазір оның қазақ тілі төмен деңгейде. Менің сұрақтарымды түсінеді, бірақ жауап бере алмайды. Міне, ұлтшылдар осы себепті қазақ тілінің әлеуметтік ортада басымдыққа ие болуын қалайды. Тілді үйренудің екі жолы бар, бәрінен бұрын неміс тілін оқығандар жақсы біледі. Немістерде бір-біріне жақын, бірақ, әр түрлі екі етістік бар. Біріншісі – studieren (оқу, зерттеу, бір нәрсені оқу, қандайда бір университетте оқу) ал екіншісі – lernen (оқу, жаттап алу, үйреніп алу). Қандай айырмашылық бар? Бірінші жағдайда, сіз мұғаліммен жұмыс істейсіз, сынақтар мен емтихандар тапсырасыз, мәтіндер аударасыз. Ал басқасында сіз тікелей қарым-қатынас жасайсыз. Неге екені белгісіз, ғалымдар бір феноменді зерттеумен айналыспаған, ол оралмандар мен қазақы ауыл тұрғындарына байланысты жағдай. Олар үлкен қалаға келеді де, ұсақ-түйек саудамен айналысады. Сатып алушылармен және өздерінің әріптестерімен жеңіл бизнес бойынша араласады. Жарты жылдан кейін, ары кетсе бір жылдан кейін олар орысша еркін сөйлей бастайды. Әлбетте, бұл Пушкин мен Чеховтың тілі емес, бірақ өздерінің орыс сатып алушыларымен аудармашысыз сөйлесу, «полиглот» тілі деуге болады. Әрине бұл қуанышты жағдай.

Бізді қандай болашақ күтіп тұр

– Қане онда, қорытынды жасайық. Өзіңіздің еліңізде жақын 10-20 жылда қандай этникалық саясат басым болады деп ойлайсыз? «Американдық арман» деген тұрақты сөз тіркесі бар ғой. Ал қазақстандық арман қандай болуы керек?

– Армандау – бұл қиялға берілудің бір түрі. Ал мен ғалыммын. Тіпті болжам жасағанда да даусыз фактілерге мен толықтай белгілі тұжырымдарға жүгінгенді жөн санаймын. Қазақстанда тағы екі он жылдықтан кейін де тек қазақтар

ғана емес және басқа ұлттың өкілдері де өмір сүретін болады. Бірақ барлығы қай жағынан алып қарасаңызда қазақ тілін білетін болады. Әзірге біздің өмірімізде орыс тілі өз орнын алып тұр. Дегенмен болашақтағы қоғамда оған орын жоқ. Бәрінен бұрын жалпы қазақтар саны тұрақты өсіп келеді, ал орыстардың үлесі азайып барады. Осыған орай Ресейде орыс отандастарды қоныстандыру бағдарламасы жүріп жатқандықтан, орыс халқының қайтуы жалғаса береді. Қазақ халқы өзара орыс тілін білмейтін оралмандармен толығады. Бұған қоса қазақ отбасылары да көп балалы. Яғни, демографиялық өзгеріс қазақтардың пайдасына шешіледі. Кейбір зерттеуші ғалымдар бүгінгі күнгі жиырма бес пайыз орыс халқының кейін 10 пайыз болатынын айтып жүр. Тарихи контексте бұл соншалықты алшақтау көзге түсетін көрініс емес. Бұл үрдістер қазіргі таңда тек біздің елімізде ғана жүріп жатыр, ал басқа бұрынғы КСРО «кеңестік социалистік» республикаларда тәжірибе жүзінде толықтай аяқталды (Балтық елдері, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан). Орыс халқы бұрынғы қоғамдық жағдаймен салыстырғанда қазірге кезде төменгі деңгейге дейін қысқарды. Ал Қазақстанда кеңестік кезеңде қазақтарды «ұлтсыздандыру» қатты жүрді. Сондай-ақ өз тіліне, тегіне және дәстүріне, тарихына оралу үрдісі баяу жүріп жатыр. Бірақ, бәрінен бұрын, ХХІ ғасырдың соңына қарай Қазақстан Республикасы кейбір ұлттық диаспоралармен бірге этникалық біртектес мемлекетке айналады. Қазақ емес этностарды ассимиляциялау күшпен емес, керісінше жұмсақ түрде жүргізілу керек. Сондықтан «түбегейлі өзгеріс» (Петр Столыпиннің атақты сөз тіркесі) тек Ресейге ғана емес, Қазақстан үшін де қажет емес. Осы сияқты үрдіс Шығыс Еуропада да жүріп жатыр. Польшаға қараңыз. Ол жақта Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін поляктармен қатар немістер, еврейлер, батыстық украиндар мен беларустар өмір сүрді. Соғыстан кейін немістерді жер аударды, еврейлердің біразын ұлтшылдар атты, біразы

Израилға көшті. Украиндықтар мен беларустар тек поляк тілін үйренуге емес, сонымен бірге ассимиляцияға ұшырауға мәжбүр болды. Көбісіне поляк аты-жөндерін иеленуге тура келді. Мен Қазақстандағы жағдай осылай жалғасын табады деп айтпаймын. Бірақ солай ойлауға себеп бар, онымен келісесіз деп ойлаймын.

– Болашақ мені қуантады деп айта алмаймын. КСРО-дағы біртұтас елді сақтай алмаған «халықтар достығы» және «интернационализм» сияқты жалындаған жалған ұранға қарағанда, шынайы және ашық сұхбат дұрыс деп ойлаймын. Менің ойымша, келешекте экономика саясаттың алдына шығады. Интеграциялық үрдістер ұлттық өзімшілдіктің орнын басады. Ғалымдар ойланбаған бірден-бір қызық жайт: Қазақстанда ресейлік-қазақстандық кәсіпорындар саны күрт өсті. Бизнес өкілдерін құрайтын орта тап өкілдері бәрінен бұрын ұлттық шектеушілік пен болжалды түрде орыстардың ассимиляциясына қарағанда, бәрінен бұрын, Ресеймен бірге ортақ нарықты қалайды. Әлбетте, лингвистикалық өзгерістер емес. Шекаралық одақ және Біртұтас экономикалық кеңістік отансүйгіш ұлтшылдардың жоспарына өзгеріс ендіруі мүмкін. Маған солай көрінеді. Бірақ бәрібір сіздің көзқарасыңыз маған адал, шынайы және назар аударарлықтай көрінді.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Леся КАРТАЕВА, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, тарих ғылымдарының докторы

СЫҢАРЖАҚТЫ ТҮСІНІКТЕРДІҢ КҮЙРЕУІ

Рустем Кадыржанов, нағыз ғалым ретінде әрқашан өткір тақырыптардың бел ортасында жүреді. Бүгінгі күннің мысалы, кеңестік кезеңдегідей оларды тек өз ортамызда ғана емес, керісінше, қоғаммен ғалымдардың ашық сұхбатында айтамыз. Бұл жиі және қызу талқыланатын тақырыптар. Қашан барлық Қазақстан азаматтары мемлекеттік тілде сөйлейді? Елімізде орыс тұрғындарының азаюы жалғаса бере ме? Егер солай болса, онда шегі қалай болмақ? Бұл көріністі қалай қабылдауға болады – өкінішпен бе, әлде қуанышпен ба?

«Партиялық сана» құрсауында

Иә, расында, соңғы жылдары Қазақстанның демографиялық даму динамикасы жалпы және пайыздық көрсеткіш бойынша қазақ халқының үлес салмағының басқа этностармен салыстырғанда әлдеқайда өсу үстінде екенін дәлелдейді. Бұл елімізде абсолютті деңгейде қазақ емес этностардың саны күрт төмендейді дегенді білдірмейді. Қазақ қоғамының этнодемографиялық құрылымының өзгеру үрдісіне бірнеше факторлардың әсері

бар. Біріншіден, елімізде «Нұрлы көш» бағдарламасының іске асырылу барысында жүздеген мың этникалық қазақтардың өздерінің тарихи отанына қайта оралуы. Екіншіден, этникалық қазақтардың көбеюі дәстүрлі түрде қазақ отбасында жоғарғы туу көрсеткішін береді, әсіресе ауылды жерлерде. Урбанизация – қазақ халқының табиғи өсу үрдісін азайтты, алайда қазіргі кезде қаланың өзінде де көп балалы отбасылар көбеюде. Мысалға менің көршімнің отбасында алты бала өсіп келеді. Шындығына келсек, отбасында балалардың көбеюі тек қазақ халқына ғана тән емес, сондай-ақ басқа да Қазақстанда өмір сүретін шығыстық этностардың отбасында да байқалады. Бұл соншалықты этникалық емес, керісінше әлеуметтік мәселе. Жұрт ертеңгі күні тек өздерінің балаларын асырай алатынына ғана сенімді емес, сондай-ақ олардың өздеріне лайықты жақсы өмірмен қамтамасыз ете алатынына да сенімді бола бастады. Сонымен қатар қазіргі кезде тәжірибе жүзінде ешкім еске алмайтын бір фактор бар. Ол – Ресей және Белоруссиямен біртұтас экономикалық кеңістіктің құрылуымен байланысты. Бұдан басқа, тәжірибе көрсеткендей ішкі еңбек миграциясының ағымы өсіп келеді. Бұл, әрине, менің ойымша бүгінгі күннің немесе ертеңгі күннің мәселесі емес, бірақ келешекте ұзақ мерзімді еңбек миграциясының үрдістері Қазақстанның этнодемографиялық бейнесіне әсер ететін болады.

Сарапшылардың пікірінше, біздің елдегі этностардың проценттік өзгерісіне әсер ететін факторлардың тізіміне басқа ұлттардың арасындағы «чемодандық көңіл-күй» кіреді, олардың көбі бір жағынан отандастарды Ресейге қайтаруды іске асыратын ресейлік бағдарламаларға иек артады. Дегенмен, бұл үрдістің өзіндік орны болар, бірақ, менімше бұл фактор Қазақстандағы басқа ұлттардың кеміп кетуіне айтарлықтай көлемде әсер етеді деп ойламаймын. Шындығында Рүстем Қадыржанов бұл жағдайға толықтай объективті және шынайы түрде талдау жасаған. Талқыланған мәселеден Рүстем Қазақбайұлының көзқарасынан

көретініміз, оның өзіндік ерекше даралығы. Расында, көп мәселенің тамыры, оның өзі айтқандай «партиялық санада» жатыр, яғни адамның бойындағы жеке құндылығы мен идеологиялық сенімі әрқашан тиімді және дұрыс шешім шығаруға кедергі келтіретіні анық.

Эмоцияға берілуге болмайды

Рүстем Қадыржанов ұлт сөзінің ұғымында екі тәсілді ерекше атап көрсетеді. Біреулер елімізде тек бірақ ұлт болу керек, ол – қазақтар, қалғандары тек диаспора дейді. Ал біреулер – жоқ, қазақтар мен орыстар, ұйғырлар мен өзбектер, украиндар мен беларустар, бәріміз – қазақстандық ұлтпыз, біртұтас халықпыз дейді. Маған ұнағаны, тақырып адамды соншалықты көңіл-күймен баурап алса да, ғалым өзінің рецептісін беруге асықпайды. Сонымен бірге «ұлт», «халық» сияқты түсініктер жуық арада ымыраға келе қоятын тақырып емес екені бәрімізге белгілі.

Рүстем Қазақбайұлымен толықтай келісемін, өйткені бізде терминологияда қателесу байқалады. Мысал келтірсем: «өзбектер оңтүстік корейлік технология бойынша машина шығарады» деп айтқанда, зауыт цехтарында тек этникалық өзбектер ғана жұмыс істейді дегенді білдірмесе керек. Болмаса, «қырғыздар жоғарғы Нарын сарқырамасында СЭС салады» дегенде де. Яғни, біз өзбектер мен қырғыздар туралы саяси ұлт ретінде айтамыз. Сонымен қатар біз осы мемлекеттерде өмір сүретін басқа этностардың мәдениетіне тіл тигізгіміз келмейді. Бұған «Маяк» радиосын қоса отырып, біздің еститініміз: «қазақтар заң қабылдады», «қазақтар ЭКСПО-2017 өткізуді конкурста жеңіп алды». Осындай сөз тіркестерін Қазақстанның барлық тұрғындары жеткілікті түрде салқын қандылықпен қабылдайды, сондай-ақ олар біз туралы, қазақстандықтар туралы айтып жатыр деп түсінеді. Бірақ, бұл көзқарас сырттай әрекет, ал

еліміздің ішінде терминологиялық шиеленіс өршіп тұр. Егер бір жақты эмоцияға берілмей және мәселеге саналы ой тұрғысынан қарайтын болсақ, қордаланған мәселелер таңқалдырады. Еліміз бар, онда әр түрлі адамдар өмір сүріп жатыр, дегенмен барлығы сол елде тұрып жатқандықтан, бәрібір оларды қалай да атау керек қой. «Қазақстандық» сөзі, кез-келген этносқа, соның ішінде мемлекет құрушы қазақтарға да ешқандай қауіп-қатер тудырмайтынына сенімдімін. Менің ойымша, негізгі заңымыздың бірінші бетінде-ақ былай деп жазылып қойылған: «Біз, Қазақстан халқы, ортақ тарихи тағдырымызбен біріге отырып, ежелгі қазақ жеріне мемлекет құрдық...». Еліміздің басқа азаматтарының жоғарғы әлеуметтік және қоғамдық дәрежесін, тек мемлекет құраушы ұлттың негізінде талап ету – қолдайтын іс. Халықтың айбыны әкімшілік тәртіппен асқақтамайды, ол мүлдем басқа да категориялармен өлшенеді. Сондай-ақ қазақтарға мақтануға тұрарлық нәрселер бар.

Осыған қарамастан, біз бәсекелесеміз. Неге? Мүмкін, біз, біршама мәселеге механикалық тұрғыдан қарайтын шығармыз. Не үшін тікелей қазақ тілінен орыс тіліне немесе керісінше аударма жасаймыз? Әрбір тіл өзіне тән ерекшеліктерімен, өзінің символикалық және коннотациялық терминдерімен өзгешеленеді. Міне, қатенің нақты мысалы механикалық тәсілдің негізінде туындайды, «казахстанец» сөзі қазақ тілінде «қазақстандық» болып аударылады, керісінше аударсақ «казахстанский» деген мағынаны береді, бұл дегеніміз қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес «қазақстандық өнім» дегенді білдіреді. Біздің сарапшылар «қазақ елі» түсінігі өз мағынасына жақын келеді деп жорамалдайды. Басқа мысал «ұлт» терминінің түрліше мағына беруі. Кеңестік кезеңде «ұлт» және «этнос» түсінігін біршама ауыстырып қолдану орын алған және бізде әлі күнге дейін «нация» және «ұлт» түсінігі деңгейіне сай біркелкі ретке қойылмаған. Басқа да негізгі аспект болып саналатын айырмашылық мәселенің теориялық-әдіснамалық

тұрғыда түсіндірілмеуі. Сөзсіз, кез-келген мәселені шешу ғылыми тәсілді талап етеді, бірақ ғылым да гомогендік құрылым болып табылмайды. Ұлттық құрылыс мәселесі, тек конструктивизм және примордиализм методологиясы шеңберінде ғана қарастырылады. Сонымен бірге әдіснаманың ішінде де түрлі бағыттар кездеседі. Жалпы бәріміз барлығына ыңғайлы болғанын қалаймыз.

Өмірдің сапасы – бірінші жоспарда

Сөзсіз, бірегейлікті қалыптастыру мәселесі өте маңызды, дегенмен, қазіргі кезде менің ойымша бірінші жоспарға Қазақстан азаматтарының өмір сапасын лайықты деңгейде қамтамасыз ету мәселесі шығады. Шындығында қолжетімді баспана, жұмыс және жалақы, сапалы тамақтану мен демалыс, сондай-ақ әрбір отбасында өзінің жеке тиімді капитал жинақтау немесе жинау түрінде «тұрақты қорын» құру. Жоғарғы жалақы алу үшін – жоғары білім болу керек. Денсаулық сақтау дегеніміз – диспансерлеу ғана емес, ақырына дейін емделу. Азаматтардың денсаулығын сақтаудың саналы және дұрыс жүйесі, ол – аурудың алдын алу. Еңбекке орналасу туралы мәселені мысалға алып, оны біздің тақырып шеңберінде қарастырайық. Қазіргі таңда кадрлық саясатқа көңіл толмаушылық байқалады, айтатындары: «барлық мемлекеттік қызметтің басқару орындарында қазақ ұлтының өкілдері отыр». Қордаланған жағдай тек этникалық саламен емес, тілмен де байланысты екенін түсіну керек. Біз көріп тұрғандай, елімізде мемлекеттік тілдің маңызы артып келеді. Осы сияқты өсу динамикасын көрсететін тіл әлемде аз шығар. Оны қолданудың аясы орасан зор жылдамдықпен артып келеді. Мемлекеттік қызметте істейтін адамдар мемлекеттік тілді білуге міндетті. Әрине, қандайда бір мемлекеттік мекемеде жас қызметкер әдейі орыс кемпірімен орыс тілінде сөйлесуден бас тартса, бұл – дұрыс емес. Бұл мемлекеттің солақай саясаты емес жас қызметкердің жеке басының мәдениетіне тікелей

байланысты. Жұмыс беруші тең дәрежеде ұлтына қарамай екі тілділерге ықылас танытады, ал егер ол – үштілді болса сұраныс жоғары. Клиенттермен жұмыс істесең – ізетті бол, оларға ұнай біл және олардың тілінде тура және ауыспалы мағынада айта біл. Тіл – іскерлік ортада бірінші кезекте тұратын құзірет. Меніңше, бұл мәселені соншалықты артық драмалаудың қажеті шамалы деп ойлаймын. Дегенмен қырық-елу шамасындағы адамдар жас шағында әр түрлі себептермен қазақ тілін игермеген. Қазіргі кезде оларға партаға отырып, қазақ тілін оқу оңайға соқпайды. Оған күш те, уақыт та жете бермейді. Өмір сүру сарыны өзгерді. Қазір ешкім «Служебный роман» фильміндегідей жұмысқа барғанда «ол мені төбесіне көтереді» деген оймен жұмыс істемейді. Тоғыздан онға дейін «тамаша роза» мен «тартымды югославиялық етікті» талқыламайды. Ары қарай Высоцкий әніндегідей «Үйге келсең – сол жерде отырасың» сияқты емес. Тек кешкі тамақпен, тазалау, шеге қағумен бірге баланың сабағын орындаумен айналысасың. Бірақ, мен, бұл мәселе уақыт өте келе өздігінен шешіледі деп ойлаймын. Осыған байланысты қазіргі таңда мектептер мен балабақшаларда қазақ тілі оқытылатынына мемлекеттің және қоғамның қырағы назарын аударғым келеді. Мұнда, біраз мәселені күрделендіріп жіберген сияқтымын. Сондықтан біз әлі талай қазақша, орысша нашар сөйлейтін ұрпақ өкілдеріне ораламыз. Өйткені тоқсаныншы жылдары қазақ тілін оқытудың методикасы болмады, ал әдеби орыс тілін игерудің сағаттар саны жедел қысқарды. Барлығын бастан өткеру керек, еліміздің тағдыры үшін лайықты жауапкершілікпен өткеруге тиістіміз. Қазіргі кезде бізде «байқұс» қазақ тілінің тағдыры үшін көптеген қамқорлықтар бар. Үкіметке өтініш-тілектер жазылып жатыр, шуылдаған жиындар ұйымдастырылады. Міне, осы энергиялар бейбіт мақсатқа бағытталса ғой. Көптеген пайдалы істер тындырған болар едік. Мәселен, балалардың ойын барысында оқитын көркем, әдемі оқулықтарын шығару, мультфильмдер, интернет ойындар

құрастыру т. б. Ақырында көршінің баласының өзін қазақ тіліне үйретуге болар еді. Өкінішке орай, көптеген қайраткерлерге тек жиындарда ғана төбе көрсету жеңіл әрі оңайырақ. Тым болмаса алға жылжушылық пен қайырымдылықтың үлгісі болар еді. Менің ескі досым, әдеби қазақ тілін еркін меңгерген және оны өзінің отандастарын үйретуге талпынатын Анар Фазылжанованы әрқашан мақтан тұтамын. Осы үшін ол барлық мүмкіндіктерді қолданады.

Рүстем Қазақбайұлы не туралы айтса да, жалпы бұған жоғарғы деңгейдегі әдептілік пен шыдамдылық қажет. Міне, сондықтан «қызу» тақырыптарды талқылаудан қорқудың қажеті жоқ. Сонда ғана сыңаржақ түсініктер қирап, күлі көкке ұшады.

Жиырма жыл – тым қысқа мерзім

Тағы бір сәт, Қазақстандағы ұлттық құрылыс мәселесі бойынша пікірталас барысында әлемдік тәжірибеге сілтеме жасау жиі кездеседі. «Міне, Америкада бұлай», «а еуропалық елдер», «былайша айтқанда Ресейде де солай» деген сияқты. Ешқандай салыстыру мақсатқа сәйкес келмейді деп ойлаймын. Ресейлік ұлттық саясатқа қатысты айтар болсақ, ол эталон болып табылмайды, ал қолданыста жүргендер әрқашан нақты бола бермейді. Ресей де солай жасады деп қайталау – дұрыс емес. Онымен қоса батыс елдерінде өздерінің титулды этностарын қалыптастырды, ал ақырында саяси ұлттары мүлдем басқа болып шықты. Өмір ағысы соншалықты тез аққан жоқ, ал жеке адам өмірінің құндылығы да ұлы емес, дегенмен әлем сондай кішкентай болған жоқ. Қазақстан барлық кезеңді мүлдем басқа ақиқатпен өткерді. Жаһандану, этникалық және діни ренесанс үрдістері, саяси ұлтты құрау, әлеуметтік-экономикалық модернизация және тағы басқа да «...циилар». Осының барлығымен біз бір мезетте кездесіп жатырмыз. Ал бұл қарама-қайшылық және көбінесе бірін-

бірі жоққа шығаратын үрдістер. Менің ойымша, «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақал нақ біздің жағдайымызға айтылғандай. Қазақстан қоғамына, мемлекетке бар болғаны жиырма бір жыл. Уақыт – жетілудің көрінісі, жауапты және саналы шешімнің жемісі. Сонымен қатар біздің «барлық өміріміз әлі алда».

ДІН ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ

Неліктен дінге байланысты жанжалдар жиі туындайды? Дін негіздерін оқушыларға оқыту керек пе? Православтық шіркеу айналасындағы жанжал неден? Осы және де басқа сұрақтарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор *Анатолий Косиченко* жауап береді.



БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

АНАТОЛИЙ ГРИГОРЬЕВИЧ КОСИЧЕНКО



1947 жылдың 4 қарашасында Орша қаласында (Витебск облысы, Беларус КСР) дүниеге келген. С.М. Киров атындағы Қазақ университетін физик-теоретик мамандығы бойынша бітірген. Екі жыл мамандық бойынша жұмыс істеді, содан кейін Философия институтына кіші ғылыми қызметкер болып қабылданды. 1984 жылы философиядан «Пәндік іс-әрекет негізіндегі уақыт проблемасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1992 жылы «Ғылыми шығармашылықтың логикалық-гносеологиялық және әлеуметтік-мәдени мәселесі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 250 мақаланың, 15 ұжымдық жинақтың авторы. Көптеген елдерде (Австрия, Германия, Үндістан, Польша, Ресей, Франция және т. б) ғылыми конференцияларға қатысқан. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Құрмет белгісімен», «Ғылымда жасаған ерен еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің» 20 жылдық мерейтойына арналған мерейтойлық медальмен марапатталған.

Хиджаб төңірегіндегі дау-дамай

– Анатолий Григорьевич! Бұл сұрақты біз бұрын да сіздің әріптестеріңізбен талқылаған болатынбыз, алайда, өкінішке орай, бұл сұрақ әлі де болса өзінің өзектілігін жоғалтпады. Мен не жайында айтып тұрғанымды айта кетейін. Сіз әлемдік дінбасшыларының IV съезіне қатыстыңыз. Мен бұл оқиганы теледидардан тамашаладым. Екеуіміздің бұл жайында алған әсеріміз бірдей шығар деп ойлаймын. Барлық дүниежүзі елдерінен Астанаға түрлі діндердің құрметті және рухани дінбасылары, жоғары иерархтары жиналды. Барлық іс-шаралар өз деңгейінде салмақты да игілікті өтті. Бірақ, соңында дінге сенушілердің оларды тыңдағылары да келмейтіні анық аңғарылып қалды. Әсіресе бұл радикалды исламдық топтарға байланысты. Жер бетінде әлеуметтік және саяси жанжалдардың басым көпшілігі мұсылман дініне байланысты тәрізді. Збигнев Бжезинский айтқан тұрақсыздық иінінің исламмен байланысы бар. Бейбіт және қарапайым имамдар бұл «атақтан» бас тартады. Бірақ жағрафияға қарсы дәлел айту қиын. «Аль-Каиданың» жақтастары Ливиядан, Мысыр, Таяу Шығыс, Солтүстік Кавказ, Орталық Азия және Кашир арқылы, сонау Индонезия мен Филиппин аралдарына дейін барлық жерде билікке таласу. Барлық жерде «нағыз» ислам деген сылтаумен соғыс жүріп жатыр...

– Ғалымдар, осы сұрақтар жайында әрине, ойлану үстінде. Бұл проблемаға көзжұмбайлықпен қарау ақымақтық болар еді. Бірақ біз әлемді стереотиптер басқаратынын түсінуіміз керек. Қазірдің өзінде олар барлық елдердің геосаяси мүдделеріне байланысты арнайы құрылуда. Қазіргі әлемде діни шиеленіс орын алуда. Осыған исламның қатысы да бар. Неге деген сұрақ туындайды? Мүмкін ол әуел баста агрессиялық сипатта болған шығар.

Жоқ! Ислам (христиандық конфессия мен деноминацияға қарағанда) артынан ерушілер өз принциптерінің сақталуын қалайды. Ислам дінінің тәртіптері – бұл өмір тәртібі. Мұсылмандар қазіргі таңда Құран және Сүннет заңымен өмір сүруге міндетті. Бірақ ол әлемде дінсіздікпен бетпе-бет кездесуде. Зайырлы елдерде әсіресе, еуропа елдерінде мемлекеттік және қоғамдық өмірдің түкпірінде, дін социумнан тыс ығыстырылуда. Ислам өзін сақтап және белсенді қорғануда. Өзінің дінсіздігін жоғалтып жатқанда, радикалды топ басшылары мұны өз пайдаларына асыруда. Конфессияаралық сұхбат пен бейбіт келісім орнына біз лаңкестік мен экстремизммен күресудеміз. Менің ойымша, дінаралық татулықтың және басқа діндегілерге шыдамдылықтың болмауы, басқа дін өкілдерін түсінбеу – бұл ешқайда апармайтын жол. Мысалы, зайырлы заңда шарифат үкімдерін қолдануға рұқсат беруін Еуропадағы мұсылмандар талап етуде. Отбасылық құқық, мұрагерлікті заңдастыру, діни сауаттылық және т. с. с. Әрине, мәселе ортағасырлық дәуір жөнінде емес. Опасыз әйелдерін таспен ату, ұрылардың қолдарын шабу, әрине мүмкін емес. Шарифат үкімдері әлдеқайда ойлы, әділетті шешімдер, еуропалық елдердің заң шығарушылары осы проблемаға үңіле келе, шарифат нормаларының қазіргі заманауи заңға қарама-қайшылығы жоқ екеніне көзі жетті. Кейбір еуропалық христиан дінбасшылары, мысалы, Архиепископ Кентерберилік Роуэн Уильямс зайырлы заңмен шарифат нормаларын біріктіру туралы ой айтқан еді (әділеттік үшін, осы ойы үшін ағылшын қоғамында наразылық толқынын тудырды).

– Бірақ біз қарама-қайшы мысалдарды да көрудеміз. Хиджаб мәселесі төңірегіндегі Франция парламенті мен көшелерінде қандай пікірталастар туғанын еске түсірейікші.

Әр мұсылман әйел өзіне не ұнайды соны кiсiн – ол өз еркi. Менiң ойымша, Никола Саркози мұсылман қоғамының басым даусын ескермегендiгiнен көп нәрседен ұтылды.

– Саркози әуел баста өзiн әбден естi және ұғымды шешiм қабылдайтын саясаткер ретiнде көрсеттi. Iшкi iстер министрi бола жүрiп ол Франциядағы мұсылман ұйымдарының одағын құрды. Осындай беделдi ұйымның дауысына бүкiл Франция, сонымен қатар саяси зиялы қауымдар да құлақ асты. Бiрақ содан кейiн Франциядағы мұсылмандардың мәдени және саяси жүйесiне байланысты керағар жағдайлар үдей бастады. Мұсылман әйелдерi өздерiнiң қоғамдық жерлерде хиджабпен жүрiп тұру құқықтарын қатты талап еттi. Өздерiнiң қалауы ма, әлде күйеулерiнiң бе, әлде қоғамның тәртiбi бойынша ма маңызды емес. Ал Францияның зайырлы қоғамы, мұны әйелдердiң ар-намысын кемсiту деп түсiнiп қалды. Менiң ойымша, бұл дегенiмiз әйелдер құқығы мен еркiндiгiн абстрактi түсiну. Алайда, француз заң шығарушылары мiндеттi түрде қоғамдық орындарда хиджаб киiп жүруге тыйым салуды жөн деп бiлдi.

– *Бетi қайтпайтын феминизм тағы да бiр рет өзiнiң бет әлпетiн көрсеттi, оның сүйкiмсiз екенi байқалып қалды. Бiрақ та қазiргi шындыққа көз жүгiртейiкшi. Айталық, Тәжiкстанда соңғы уақытта ерекше бiр шартты неке танымал жайылып отыр. Күйеуi мен әйелi үш, бес, он жылға дейiн бiрге тұруға шарттасады. Бұл шарт мешiт қабырғасында дәрiптеледi. Кейбiр араб елдерiнде осындай ерлi-зайыпты қарым-қатынастардың бұл түрi ерекше таралғаны айтылып жатыр. Осындай некелерге рухани дiнбасыларымен қатар, зайырлы өкiмет басшылары да қарсы. Мүмкiн осындай жағдайларға байланысты отбасылық қатынасқа араласпау керек шығар?*

– Менің пікірімше, араласпау – бұл әмбебап құрал емес. Дәстүрлі діндер, қағида бойынша қалыпты отбасыларының мықты негіздерін берік ұстанады. Үш жылдық неке дегеніміз не? Бала дүниеге келеді, ал содан соң неке шарты бітеді. Бұл жерде сәбидің мәртебесі түсініксіз. Тұрақсыз отбасы – тұрақсыз қоғам. Отбасылық қарым-қатынастар адамгершілік қасиеттер мен кісіліктен тұрады, онсыз болмайды. Белгілі бір уақытқа жасалған шарт – бұл белгілі бір елдің екіұштылығына бағытталған қадам. Ал біздің зайырлы әлемде тұрақсыздық онсызда жетіп артылады.

Пікірсайыс болмай қоймайды. Бірақ....

– *Съез тақырыбына ден қояйық. Көптеген тәуелсіз сарапшылардың ойынша, қоғамға оның әсері зор емес. Оның бір себебі: ұйымдастырушылар бұл пікірсайыстан қашпауға тырысты. Мүмкін, бұл дұрыс емес шығар? Мәселенің шындығына келер болсақ, әрбір шіркеу қызметкері өзінің өмірге деген көзқарасын ұсынды. Съезд оны сыпайы түрде тыңдады.*

– Сіз пікірсайыстан қашпау керек еді дейсіз бе? Әрине бұл да орынды. Әрбір сөз сөйлегендер бейбітшілік жолын қуушылар екендігіне сендірді. Пікір білдірді де, содан соң тарап кетті. Сонымен қатар пікірталас жақтастары шынайы әлемде дінге байланысты өмірдің проблемалары мен қарама-қайшылықтары сақталғанын айтты. Бірақ талқылайтын баяндамалардың кеңістігін кеңейтсек, онда біз тым тереңдеп кетуіміз мүмкін және де ортада абыржушылық туғызады. Мысалға, АҚШ-тағы протестандық қоғамның көшбасшысының бірі съезде бір жынысты некелерге оң көзқарасы бар екенін айтқан еді. Католик дін қызметкері бұл ойға мүлдем қарсылық танытты. Өзісін жетік білген модератор

тез арада бұл кикілжіңнің туындап келе жатқан шоғын тез өшірді. Бәрі тамаша, бірақ проблема бәрібір сол қалпында қалды. Бәлкім өмірлік жарды таңдау жайында емес, одан да өзекті өмірдің қандай екендігі жөнінде тақырыпты алайық. Пәкістанда ислам дінінен христиан дініне ауысу мемлекеттік сатқындықпен тең келеді. Дін ұстау бостандығы қайда? Бұл сұрақ әрине, пікірсайыста талқыланбады. Міне сондықтан аналитиктерді көптен күткен съезге байланысты әлемдік дінбасылары және ұқсас іс-шаралардан сақтандырдым. Менің ойымша, әлем халықтарының діни әлеуеті кеми түсуде. Егерде біз бәріміз шынайы сенуші болғанымызда, діни алауыздықтар әлдеқайда аз болушы еді.

Бұл өмірде бәрі диалектіге байланысты. Съезде қазіргі зәру тақырыптар жөнінде пікірсайыстар болуы керек еді. Алайда, саясибиязылық пен төзімділік шеңберінде біз қатысушыларды ұстай алар ма едік? Қалай айтсақ та, бұл үлкен мәселе. Сонымен қатар, негізінде Астанадағы кездесуді ұйымдастырушылар әлемдік тәжірибені негізге алған сияқты. Бұл съезд осындай түрдегі жалғыз іс-шара емес. Әлемдік дінбасшыларының саммиті негізінде «үлкен сегіздіктің» кездесуі алдында өтеді. Осы саммиттерде ұсыныстар дайындалады. Ереже бойынша, саяси «ауыр салмақтыларға» қатысты үндеу дайындалады, бірақ кейінгілері бұл үндеуге аса сирек мән береді.

Дін әлемдік саясатқа адами құндылықтар тұрғысынан өзінің ықпалын тигізгісі келеді. Астанадағы әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің съезінде дүниежүзілік жұртшылыққа үндеу қабылданды. Бұл үндеу өз кезегінде практикалық бағыттан тұратын бірнеше тармақтардан құралған болатын.

Мысалға, бұл үндеуде бүгінгі күні толық шамада пайдаланбай келе жатқан, діннің зор бітімгершілік әлеуетті бар екені арқау болып өтеді. Діндегі бейбітшілік тұрғысындағы потенциалы қазіргі таңда барлық көлемде іске

асыра алмай жатқан сияқты. Бұл әлеуетті өрістетіп және оны ұтымдырақ ету қажет. Бүгінде дін адамдарға алаңдаушылық тудырып, тіпті әлемге қауіп туғызды деген әрекеттер жасалуда. Сонымен діни және либералдық құндылықтар қарама-қарсы қойылуда. Танымал адамдардың көптеген жарияланымдары мен пікірлері бойынша дін схоластикалық және догматикалық тұрғыдан прогресске кедергі келтіріп, адамзатты кері тартады. Ислам терроризмнің негізі деген пікір кеңінен таралған. Шындығына келер болсақ әлі де аяғына дейін зерделенбеген, дін позитивті қуат береді.

Руханилық элементін саясатқа, әлеуметке енгізу керек. Бұл туралы съезде біздің Президентіміз Н.Ә. Назарбаев жақсы айтқан болатын. Мақсатымыз оңай емес, оның практикалық механизмдерін іске асыруды әлі де болса толықтыра түсуіміз керек. Сондықтан да біздің институтта «Діннің қазіргі заманға тигізер қаупі мен талабын төмендету мүмкіндіктері» деген тақырыпта жұмыстар жасалуда. Көріп тұрғанымыздай, мәселеде тікелей ешқандай екіұштылық жоқ. Біз саясатты, ішкі қоғамдық қарым-қатынасты қалай сауықтыру керек екендігімізді түсінуге әрекеттенеміз.

– Сіз соңғы кезде өрши түскен клерикализмге қарсы үгіт туралы айтқан едіңіз. Діннің адами құндылық пен руханилықты әкелетіндігін алдеқайда көбірек естиміз.

– Өкінішке орай, діннің жоғары өнегелілігі мен руханилығы туралы ой кейде тиісінше ойланбай қайталаанады. Руханилық қалай көрініс табады? Тек қана уағыздар кезінде ғана емес қой? Және тек қана діншілдер арасында ғана емес шығар. Діндарлар сенім мұратын әдеттегі күнделікті өмірде іске асыруы керек. Бірақ мұндай нәрсе жиі кездесе бермейді. Діншіл адам өзін атеистен де жаман ұстайтыны жиі кездеседі. Адамдарға барлық діннің

негіздерін үйрету аса маңызды, сөйтіп өзіндік сауатсыздықты жоюды жүргізу керек. Бірақ одан да маңыздысы – сенімнің позитивтілігін көру маңыздырақ. Діннің күші неде? Діншіл адам Құдайға бағдар артады, ал бұл дегеніміз, оның өзінің де жақындай түсуі. Адамгершілік және рухани тұрғыдан өседі. Әлеуметтік топтар мен басқа да тұтас қоғамдар туралы да осыны айтуға болады.

– Православие туралы сөйлесейік. Мүмкін, бұл да жақсы шығар, сіз кикілжіңді алыстан, Алматыдан бақылап тұрғандайсыз. Шынайылыққа мүмкіндігіңіз көбірек. Ресейде орын алған жағдаят туралы не айта аласыз? Мен соңғы кезде мәскеулік және күллі Ресей Патриарх Кириллдің ізіне түсіп жүрген жанжал туралы айтып отырмын. Бұл жерде не басымырақ, дінге қарсы пиар ма, шіркеудің есептен жаңылысуы ма?

– Бұл жағдайды түсіндіретін бірнеше факторлар бар. Ресейдің 75% тұрғындары православия дінін ұстанады деп саналған. Бірақ зерттеушілер тереңірек қазбалағанда, шынайы шіркеуленгендігі мен кейбір ырымдардың орындауына қарап, олар бұл санды 10% қысқарту керек деген қорытындыға келді.

Өзін діншілмін деп санайтын әрбір адам дін жолымен жүрмейді. Ал православтық дін басы Ресей қоғамынан рухани құндылықтардың жаппай іске асырылуын талап етуге болады деп осы уақытқа дейін ойлап келді. Бірақ бұл құндылықтар әлі де болса қоғамда тамыр жая қойған жоқ. Сондықтан да либералды, атеисті көңіл-күйге бағытталған кейбір ресейлік қоғамның бір бөлігі православие шіркеуі мен оның дін басыларына қарсы шықты. Мәскеулік және күллі Ресей Патриархы Кириллге көрсетілген дәлелдерді әртүрлі қабылдап бағалауға болады. Қымбат сағат және

фотошоптың ебедейсіз әрекеті, пәтер жөндеу, одан әрі сот, жоғарғы билікпен жақын және достық байланыстары – мұның барлығы шебер түрде көрсетіледі, көпірте айтып және сенсация сияқты ұсынылады. Бұл жерде арандатушылық реңкі барлығы анық.

– Олигархқа кешірілген нәрсе, монахқа лайықты емес пе?

– Соған ұқсас. Бірақ мәскеулік және күллі Ресей Патриархы Кирилл дүниежүзіндегі ең қуатты діни бірлестікті басқарады. Түрлі конфессия өкілдерімен кездескенде әр ұсақ-түйектің өзіндік мәні болады. Қымбат сағат сияқтының өзі де. Кирилл өзінің қоғамдағы православияның әлемде алар орнын көрсетуде. Енді оған қарапайым киіну керек пе? Бүгінде кедейлік ұтылыс ретінде қабылданады және де бұл тек сыртқы жағы. Зайырлы ресейлік мемлекет (барлық кезеңдерде) тек православияға сүйенеді деп Патриарх Кирилл дұрыс айтады. Ал Ресейді қиратқысы келгендер (ал ондай күштер өмірде бар, олар әлі де болса жеткілікті) православие шіркеуін аяғынан шалатын адамдар. Төленген пиар мен православияның жүйелік беделіне дақ түсіруді, объективті сарапшы объективті сынның қайда екенін айыра алады.

Православие шіркеуі – Ресейді ыдыраудан сақтап тұрған байланыс бөлімі. Ресей БАҚ-да РПЦ-ді қатаң сынға алды. Шіркеу қатты сынға дайын емес еді, бірақ одан қорытынды шығарады. Сіз айтқандай кейін мұндайға «ұрынбауға» тырысады. Егер де шіркеу, дінге сенушілермен орындалатын ырым-салттарымен шіркеуден тыс шықпағанда, оған ешкім де тиіспейтін еді. Бірақ православия шіркеуі үндемей қала алмайды. Ол әлеуметтік және саяси проблемаларға жай қарай алмайды, ол қоғам алдында жүруге міндетті, ал саясатта, экономикада басқа заңдар бар. Шіркеуге деген

құрмет – бұл әлбетте Ресейде орын алған. Бірақ бұдан жеткіліксіз, кереғарлық туындады. Ресей қоғамының антиклерикалық бөлігінде қарама-қайшылық пайда болды.

– Алтарьда билеген жүрген қыздар төңірегіндегі пікірсайысты алайықшы. Менің ойымша, шіркеу айламен құрылған торға түсіп қалған тәрізді. Елдегі ешқандай оқиға осындай қызығушылық танытпаған шығар...

– Әрине, шіркеу бұл мәселеге мүлдем жауап қайтармаса болмайтын еді. Бірақ, олардың қорлаушылық сипаттағы қылықтарына байланысты бір ғана ресми түрдегі өтініші жеткілікті болар еді. Басқалары құқықтық шеңберде болды, бұдан не шықты? Ақымақ үш бойжеткеннен батыр жасады. Шіркеу пікірталасқа араласып, түрлі көзқарастар туындады. Қыздардың биінің сыртында шіркеу мен ресейдің дұшпандары тұр – бұл сөзсіз. Сондықтан, тағы да қайталаймын шіркеу қорлаушылыққа төзе алмады, бірақ шіркеуге саяси мәселеде әлі де «жұмыс» істеуі керек. Қазір қыздарды кешіруді шіркеуден талап етіп жатыр. Бірақ олар қателіктерін түсінген жоқ. Кешірім сұрамағанды қалай кешіруге болады?

Шындық қайда?

– Сұрақты кеңірек қояйық. Бұл, егер де қыздарға балалық шағында кейбір шындықты құлақтарына құйғанда әйгілі «концертке» байланысты болған жағдай мүмкін болмас па еді? Ресейде, Қазақстанда да бұл мәселе, мектепте православия негіздерін, сондай-ақ исламды, буддизмді де оқыту жөнінде пікірталас тудырған. Ал, егерде оқытатын болса, онда нешінші сыныптан бастау керек? Сабақты мұғалім бе, әлде шіркеу қызметкері оқытуы тиіс пе? Мұның бәрі оңай шешіле салатын проблема емес.

– Сіз маңызды мәселелерді қозғап отырсыз. Қазақстан және Ресей зайырлы елдер. Жалпы білім діни білімнен бөлектенген. Бірақ ең алдымен мынаны анықтауымыз керек: біз зайырлы дегенді қалай түсінеміз?

Екі түсінік бар. Біреулері бойынша, мемлекет оқушыларды зайырлы бағдарламамен оқытуда, мұнда ешқандай дін оқытылмауы керек. Атеизмге ұқсас, толық зайырлылық. Әйтпесе, Інжілдің талабына бола, Дарвиннің теориясын өзгерту керек болады. Екінші жағынан, мектеп өміріне діннің терең енуін қалағандар. Бұл көзқарасқа сай, оқушыларға дінге байланысты рухани құндылықтар үйретілу керек. Бұл мәселедегі ақиқат қайда? Менің ойымша, ол әрқашан оның ортасында. Еуропада мысалға, мектептерде әлдеқашан дін негіздерін оқытады. Оқушылар католиктердің кім екенін және олардың протестанттардан айырмашылығын біледі. Қалаларда неліктен мешіттер мен мұнаралардың пайда болғанын түсіндіреді. Еуропада түрлі дінді оқып үйрену адамды төзімділікке үйретеді. Ресей өз жолымен кетті. Оларда төрт діннің – христиандық, ислам, буддизм және иудаизм негіздерін оқытады. Оқушылар мен олардың ата-аналары өздеріне қай бағыт жақын, соны таңдауға құқықтары бар. Қазіргі зайырлы бағытқа бейімделген ата-аналар мен балаларына зайырлы этиканы оқыту көзделген. Қазақстанда балаларды конфессионалдық белгісі бойынша бағып-қақпау үшін, осы уақытқа дейін барлық дінді оқып-үйрету негізге алынған еді.

– Маған осы тәсіл әбден дұрысырақ сияқты...

– Бұл оқыту процесінде әлі де болса «ақтаңдақтар» жетіп жатыр. Бірақ діни білімді үйрету керек, бұл менің өмірлік ұстанымым. Бұл терроризм мен экстремизмге қарсы жақсы ем болып табылады. Діни білімсіздік қайғылы зардаптарға

ұшыратады. Сонымен қатар, білім беру процесінде атеистерге басымдылық беруге болмайды. Таңдау құқығы қайда? Демократия қайда? Осыдан шығатын қорытынды – дін негіздерін үйрету керек. Оқушылар мынаны түсіну керек: кез келген дін – бұл әлемдік мәдениеттің бір бөлігі. Осыдан шығатын қорытынды, мұндай сабақтардың ең басты ұстанымының бірі-мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі. Барлық қазақстандық балалар әлемдік дін негіздерін білуі тиіс. Сыныпта қашан арнайы курсты бастау керек деген талас туындайды? Төртінші сыныптан ба? Жетінші сыныптан ба? Мүмкін, оныншы сыныптан ба? Оныншы сыныпта адам тұлға болып қалыптасады, бұл уақытта ер жетіп және бойжетіп келе жатқан жеткіншектерге жаңа білім үйрету кеш болады. Менің ойымша, мұндай білімді 4-5 сыныптан үйрету керек.

– Сіздің белгілеп қойған ойыңызға қайтадан оралғым келіп тұр. Адамдар дін туралы көбірек білулері керек, тек діни уағыздардан ғана емес. Ия, храмға бару рухани тазартады. Бірақ біз қазір ақпараттық технология ғасырында өмір сүрудеміз. Қанша жерден өзгеше болса да, көңіл-күйді іскерлік ақпаратпен қатар атқару жаман емес. Менің ойымша, православия шіркеуінің әлсіз жағы – бұл білімді пиарлық қызметтің болмауы. Сондықтан, долбарлап айту ұят. Мысалы, Алматыдан алыс емес бір ауылда Софроний әке қызмет етеді. Таңғажайып тағдыр иесі. Спецназдың бұрынғы подполковнигі, еш қатерге міз бақпаған, қызметтен кеткен соң руханилыққа бет бұрған. Храмның жанынан храмға келушілермен бірге ол қарттар үйі мен балалар үйін салады. Балалар мен қарттар бір-біріне қамқорлық жасап және сонымен қатар бір-бірін тәрбиелеуде. Бұл тәжірибеден, пайымдау мен ойланып, түсінуді көреміз. Елімізде қаншама тастанды балалар, қаншама жалғыздікті қарттар бар. Тағы бір мысал. Түрген ауылындағы шіркеудің Александр

әкейі орыстың ескіден қалған бұйымдарынан мұражай ашты (иінағаш, балалардың төсегі, жіпіргіштер). Мұражайда көптеген ескі фотосуреттер, хаттар бар. Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударғандар бұл жерге он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмамыншы ғасырдың басында келген. Сол жердің тұрғындарымен тату-тәтті өмір сүріп келді, бірге жұмыс істеді, мұсылмандық және христиандық мерекелерді бірге атап келді. Бірге үйлену тойларын атқарды. Осындайды ұмыту мүмкін бе? Александр әкей тағы да балалар театрын құрды, ол жерде Інжіл қойылымдары ойналды. Бұл туралы естіп білушілер аз емес шығар...

– Сонымен шіркеу өмірімен қатар поптар, имамдар, ксендздер және басқа конфессия өкілдері қайырымдылықпен айналысты. Сонымен қатар, мұны әлеуметтік серіктестік деп атады. Олар қамаудағылармен жиі кездесіп тұрады. Олармен қамқорлық жайлы әңгімелерін жүргізіп отырады. Ресейде шіркеу қызметшілерін армияға алуға рұқсат берілген. Сонымен бірге, әлеуметтік полярлану күшімен қоғамда (бұл Қазақстан мен Ресейге қатысты) дін құралдары арқылы туындап отырған әлеуметтік шиеленісті төмендетті. Сізге бір деректі жағдайды айта кетсем. Краснодар облысында қайғылы жағдай болды. Шіркеу зардап шегушілерге түрлі заттар мен азық-түлік, ақша қайырымдылық есебінде жинай бастады. Осылайша бұл жағдайға аз да болса көмектескісі келді және ол жаман да болмады. Пиарға қатысты, айтсақ. Бұл сұрақ мені барынша қызықтырды. Шіркеу қызметшілеріне осы мәселені түсіндіріп беріңізші деп сұрағанымда, ол былайша жауап берді: «Ия, біз көп нәрсе істеудеміз. Бірақ оны жариялауға біздің дәтіміз бармайды. Бізді кейбір миссионерлікпен айыптамауларың, елдегі қоғамдық көзқарасқа қысым көрсетті деп кінәламағанын қаламаймыз. Көпконфессиялы

елде бұл құптарлық іс емес». Мұндай позиция менің ойымша даусыз нәрсе. Қайырымды істер ешқашан түрлі ұлт өкілдері мен әртүрлі дін өкілдерін араздастырмайды. Неліктен Ресейдің осы бір тәжірибесіне көңіл қоймасқа? Мәскеулік Патриархатта пресса қызметі, сонымен қатар Синодалдық ақпараттық бөлім құрылған. Оған профессор, халықаралық-журналист Владимир Легойда басшылық етті. Бөлім қызметкерлері жұртшылықпен жүйелі және мақсатқа бағыныңқы байланыстармен айналысып келеді. Олар православия тақырыбындағы барлық жарияланымдарға тақуалықпен қарап отырады. Ол жағымды және жағымсыз болуы мүмкін. Олар түрлі түсініктемелермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жасайды. Теледидардағы түрлі ток-шоуларға қатысады. Менің ойымша, уақыт өте келе біз мұның тамаша жетістігін көретін боламыз.

Исламға келетін болсақ, кедейлерге қамқорлық көрсету – бұл сенімнің ең басты қағидаттардың бірі. Бұл әрбір мұсылманның парызы. Мүмкін осыдан болар, ислам түрлі әлеуметтік мәселелерге қатты назар аударады. Исламның христиандықтан айырмашылығы – «кейінге қалдыратын шындық» жоқ. Оған қазір және қазіргі уақытта қол жеткізу керек. Бірақ бұл проблема барлық діндерде бар. Біз шіркеу қызметшілерінің жақсы істері туралы тым сирек оқимыз. Көбінесе, «сары прессаның» қуантпайтын сыбайлас жемқорлық фактілерін, мәдени қызметкерлер арасындағы алауыздықты хабарлайтындығы ұнамайды. Негізінде мұндай жағдайлар жиі кездесе бермейді. Бірақ олар мұндай мәселелерді дұрыс жеткізбей тым өсіртіп көрсетеді және адамдар арасында дін туралы дұрыс емес ұғымдар қалыптаса бастайды.

Қазақстанға халифат керек емес

– Анатолий Григорьевич, «Дін туралы» заң қоғамда түрлі реакциялар туғызды. Оны шетелдегі «достарымыз» ұнатпай отыр. Тағы да ар бостандығына қысымдық көрсетеміз дегендей. Сіздердің араларыңызда, осы құжатты әзірлеушілер болды ма?

– Жоқ, шынымен болмады. Мен теоретикпін, дінтанушы және мәдениеттанушымын. Ал, заң жобасына негізінде заңгерлер тартылған, мұнысы дұрыс. Бірден айта кететін болсам, мен жаңа заңның тұғырнамасы мен стратегиясын құптаймын. Бұған дейін біз 1992 жылғы заң шығару актісін басшылыққа алдық. Одан бері көп нәрсе өзгерді. Барлық қателік біздің 1992 жылдан бері біздің діни өмірімізде, еркін дін ұстану жағдайында біздің діни тәжірибеміздің болмауы. Міне сондықтан, біз жай ғана шетелдік үлгілерді алып пайдаландық. Бізде мемлекеттік қатынас пен діни бірлестіктерді реттейтін либеральды заң пайда болды. Бірақ жағдай бірімәнді емес, күрделі еді. Кез-келген дін сөзсіз жақсылық әкеліп, сенім ұялататынын негізге алды. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, кейбір діни бірлестіктерден адамгершілік, рухани және ақпараттық түрдегі қауіп төнеді. Турасын айтсақ, көп қоғамдар өздерінің сенушілеріне патриотизм сезімі сияқты тәрбиелік мәні бар нәрселерге аса көңіл бөле бермейді.

– Тағы да бір мысал: танымал болған діни ұйым «Хизб-ут-Тахрир» өздерінің бірінші мақсаттары «исламдық халифат» құру екенін тұспалдамай тура айтты. Егемен Қазақстан бұл ұйым басшыларының есебінде болмай шықты...

– Өкінішке орай, тек бұл ғана емес. Сондықтан, заң жүйесін реформалау туралы мәселе көкейтесті болды. Биліктегілер заң негізіне қоғамға қарсы және мемлекетке қарсы кейбір діни қоғамдардан келетін импульстерді осы арқылы тоқтатуға мүмкіндік беретін практикалық механизмді құру керек болды. Бұдан бөлек, заңда өздерін мемлекет тарихында жақсы қырынан көрсете білген дәстүрлі діндерге басымдылық берілді...

– *Кейбір сарапшылар, «дәстүрлі діндер» сөз тіркестері ғылыми емес және тіпті ғылымға қарсы деп санауда...*

– Бірақ ол біздің қолданысымызға берік еніп кетті! Менің ойымша, бұл ұғым ғылыми емес, бірақ кейбір қатынаста қабылдауға әбден болады. Жаңа діннің нашарлығынан емес, жай ғана олар республикамыздың әлеуметтік және қоғамдық өмірінде өздерін әлі жақсы көрсете білген жоқ. Міне, сондықтан бұл принцип заң жүйесінде осы тіркес көмегімен бекітілмеді. Қазір енді маңызды критерийлердің бірі осы дін мен басқа діннің ізбасарларының саны. Біз бәріміз түсінеміз, исламның, православияның, католицизмнің, жаңа мекемелер мен қоғамдарға қарағанда жағдайлары мен мүмкіндіктері анағұрлым көбірек. Маған либеральды бағыттағы саясаткерлер мен саясаттанушылар, сөз еркіндігі, адамдардың дін ұстау және құқының абстрактылы көзқараста қарайтын принципіне, аза бойы қаза тұрады. Сонымен қатар, сарапшылар заң дінге сенушілерге дін тұту еркіндігін қамтамасыз етеді, ал биліктегілерге өздерінің ұлттық қауіпсіздік қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп ойлайды. Мемлекетті, дінді еш себептен-себепсіз қыспаққа алатын монстр ретінде көрсету – бұл әділетсіздік болар еді.

– Сіздің діннің мүмкіндіктері туралы жұмысыңызға оралсақ. Бұл жобамен жұмыс істеу кезінде уақыттың тез өтіп кететіні түсінікті. Сіз қандай практикалық нәтижелерді алғыңыз келеді? Сіздің жұмысыңыздан қоғам не ұтады? «Қоғамда өмір сүріп және қоғамнан еркін болу мүмкін емес» – деген әлемдік пролетариат көсемі қателескен жоқ сияқты...

– Бұл жұмыс терең концептуалды зерттеулерді талап етеді, бірақ практикаға бағытталған. Абстрактылы түрде кез келген дін Құдаймен сұхбатқа бағытталғанын біз барлығымыз да түсінеміз. Адамдарда жарқын және биік адамгершілік сезімді ояту бар. Бірақ бұл процесс қалай басталады, қалай жүзеге асады, оның қандай зардаптары бар? Біздің бірінші мақсатымыз, ең алдымен, қоғамдық көзқарас тұрғысынан дін қоғамда жақсы ықпал танытатын кейбір салаларды көрсету керек. Бұл қандай салалар дейсіз ғой? Ең алдымен, түрлі әлеуметтік топтардың көпконфессионалды діни қоғамдар арасындағы қатынас. Сөзсіз, барлық діндер бір адамгершіліктің дәнін біріктіреді. Бірақ сонымен қатар діндер арасында өз ерекшеліктері бар. Құдайды олар бірдей түсінеді. Сондықтан, діндерді негізінен не біріктіретінін түсіну маңызды. Бұл жерде, мен ең алдымен, көпшілік қолдаған дәстүрлі діндер жайлы айтып отырмын. Біз әлемнің кейбір конфессияаралық формуласын шығаруға тырысамыз. Қазақстандағы қоғамның шоғырлануына барлық діндер жұмыс істеу үшін не керек? Екінші міндет, егер Қазақстан бүкіл әлемге жаңа халықаралық принциптерді, халықаралық қатынастарды ұсынса, жаман болмас еді. Дін ол кезде маңызды элементке ие болар еді. Кейбір атқарылған жұмыстар да бар. Біз мына сұраққа жауап беріп көрдік: әлемдік саясатта агрессияны қалай жеңілдетуге болады? Үшінші міндет: жастар және

дін. Қанша көлемде, қанша жастарға діни білімді үйретуіміз керек, осыны анықтап алуымыз керек, сонда басқа дін өкілдеріне қатысты агрессияны болдырмаймыз. Барлық зерттелінетін мәселелер спектріне біздің тұжырымдарымыз бен ұсыныстарымыз түсінікті және іс жүзінде жүргізілуге тиіс.

Папа Патриархпен кездесе ме?

– Саясаткер, гуманитар-ғалым үшін қиын мәселе екен білемін. Сіздердің кеңестеріңізге биліктегілер құлақ аса ма?

– Президент әкімшілігінің, Үкіметтің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың тапсырысы бойынша соңғы екі-үш жылда мен аналитикалық жазбалар жазып жүрмін және де менің кеңесіме (тағы да басқа сарапшылар) ден қойып жүргенін көріп жүрмін. Ұсыныстарды анықтайды, ескертулер жасайды, бірақ құлақ асады. Бұл қуантарлық жәйт.

– Прозелитизм (дінге жаңа кірген адам) жайлы сұрамасам болмайды. Шығыстық келбеттегі ұқсас адам православ шіркеуіне кіріп келген кезде, оған баршаның назары ауады. Ал енді орыстар исламды қабылдаса, қоғам мұны ерекше ынта-ықылассыз қабылдайды. Негізінде, дінді таңдау – әркімнің жеке ісі, бұл мәселеге Сіздің көзқарасыңыз қандай?

– Бір жағынан адам дін таңдауда ерікті. Бұл аксиома. Бірақ дінді қабылдауда этникалық және ұлттық ерекшеліктер бар. Сайып келгенде, белгілі бір дәстүрлер бар. Мысалға, түрік этносы – бұл мұсылмандар. Славяндар – олар христиандар. Дәстүрді қабылдау мен дәстүр жолымен жүруді ұмытуға болмайды. Ата-баба дінінің ұлы екені рас.

Бұл туралы әрқашан есте ұстауымыз керек. Дін қызметкерінің парызы – өз дінінде ақиқатты айту. Бірақ, дінбасылары өздерінің борыштары мен прозелитизм арасындағы шекара бар екенін түсінуі керек. Бұл шекара өте нәзік, бірақ ол бар. Көпконфессиялы қоғамда бұл шекараны бұзу қауіпті. Православия мен католицизм арасындағы даудың келе жатқанына міне, бір ғасырдан астам уақыт болғанын сіз білесіз ғой. Христиандықтың екі тармағы бір-бірімен қатаң бәсекелес үстінде. Бұл даудың бітпейтін түрі бар сияқты. Уақыт өте келе, жоғары орыстың православия иерархиялары, мысалы Патриарх Кирилл мен митрополит Илларион Патриарх ОПО басшыларының Рим папасы Бэнедикт XVI кездесуі мүмкін екенін айтуда. Ең қызықтысы, олар 2007 жылы кездескен болатын. Бэнедикт XVI Папа болып сайланған, ал Кирилл Смоленскийдің және Калининградтің митрополиті, олар Мәскеулік Патриархаттағы сыртқы шіркеулік байланыстарды басқарды. Жаңа кездесу енді қай кезде болады, оны әлі ешкім білмейді...

Дінді қабылдау дәстүрімен бірге, әлемдік діннің нақты этностар өкілдеріне ғана емес, жер бетіндегі барлық адамдарға үндеуі негіз болып табылады, осыдан әлем дінінің негізгі көпұлттық сипаты көрініс табады. Сондықтан, адамдардың дінді ауыстыруы – діни дәлелдерге байланысты объективті құбылыс. Көбісі Францияда 300 мың этникалық француздар ислам дінін ұстанатындығын, ал Германияда –150 мыңға жуық этникалық немістер ислам қабылдағанын біле бермейді. Мүмкін Еуропадағы мұсылмандар өз сенімінің жүйелілігін көрсететін шығар. Менің ойымша, бұл фактор Ескі христиандықтың түпкі тамыры қайда екенін есіне түсіруіне көмегін тигізуі мүмкін.

*– Шынын айтқанда, логиканы көріп тұрған жоқпын.
Ислам – жас, консолидарлық, белсенді діннің білім көзі.*

Кейбір аналитиктердің ойынша, ерте ме кеш пе ислам христиандықты ысырып тастайды...

– Менің көзқарасым басқа. Менің ойымша, олар бір-бірімен жақсы қызметтес болып, бейбіт қатар өмір сүре алады.

– Қазақстан мектептеріндегі дінтану жайлы әңгімеге тоқталсақ. Сіздің институтыңыздың атауының өзгеруі үміт күтерлік? Сіздің арнайы «саладағы» халықаралық байланыс жайлы ойыңызды білгім келеді...

– Республикада бірнеше зерттеу орталықтары жұмыс істеп тұр. Осы орталықтардан қоғамға күш келіп тұр. Біріншіден, біздің институт, сіз айтқандай – дінтанушы деген «түбірсөзді» өзіне қосты. Бұл біздің еңбегіміздің жемісі, бізге берілген үміт болды. Дін істері жөніндегі Агенттік де қызу жұмыс істеуде. Бұл Агенттік қарамағында дін мәселесіне байланысты Ғылыми-зерттеу және аналитикалық орталық жұмыс істейді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде бұл тақырыпқа байланысты өздерінің меншікті сарапшылар тобын құру әрекеттері іске асырылуда. Еліміздің білікті ғалымдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жиналған. Бұл Ғарифолла Есімнің философия факультетінің деканы қызметін атқарған, осындай білікті мамандар даярлап шығарудағы ерен еңбегі. Сенатор қылып сайланғаннан кейін, оның жұмысын әрі қарай әріптес-ғалымдары жалғастырды. Ол жерде өте жақсы дінтанушы мамандар даярланады. Сонымен қатар, оқу процесіне байланысты кейбір проблемаларды да жасырмауымыз керек. Дінтанушылардың көзқарасын екі жаққа бөліп жіберген екі оқулық шықты. Біреуінде автор жаңадан шыққан діни ағымдарға қатысты сыни пікір

білдірді, бұл өз кезегінде демократиялық қоғам арасында сын-пікірлер толқынын туғызды. Екінші оқулықтың құрастырушылары сопылыққа ғана бағытталған, ал бұл исламдағы көп бағыттың бірі екенін бәріміз білеміз. Өз ойымды айта кетейін. Жалпы оқулық шығару әлі ертерек сияқты. Дінге қатысты, сондай-ақ исламдағы, көптеген сегменттер дау-дамайлар туғызуда. Менің ойымша, студенттерді оқыту кезінде әзірге монографиялар мен діни тақырыптарға байланысты оқулықтарды пайдаланумен шектелген дұрыс шығар. Бұл бірақ, менің жеке пікірім.

Халықаралық байланыстарға байланысты маған бір емес бірнеше шетелдік орталықтардан ынтымақтастық туралы ұсыныстар түсті. Орталық Азия діннен келетін қауіп-қатер ошағының көзі болуда. Сондықтан, Қазақстандағы дінтанушылар әріптестер назарынан тыс қалмады, кей мәселелерге байланысты алдын-ала жауап беру керек болады. Бұл мен үшін мүмкін емес сияқты. Кейбір мәселелерге байланысты ағаттықты көріп отырмын. Ресеймен менің тығыз шығармашылық байланысым бар, бірақ рәсімделмеген. Кейбір зерттеулерді біз ресейлік әріптестерімізбен синхронды жүргіздік, бізді де, оларды да «Діннің қоғамға жағымды әсері», «Дін және зайырлы мемлекет: шектесу нүктелері», «Ғылым және дін» және т. б. тақырыптары қызығушылық тудырды. Ресеймен бірлесе отырып жасалған форумдарға, Рождестволық мәнерлеп оқуға қатыстым. 2012 жылдың қаңтарында мәскеулік Патриарх ұйымдастырып, ОПО басшысы Патриарх Кирилл ашқан. Бұл іс-шара 4 күн бойы өткізілді, көптеген қызғылықты пікірлер, Қазақстан үшін көкейкесті мәселелер талқыланды.

ТҮСІНІКТЕМЕ

**Қазақстан Православие Шіркеуі істерін басқарушы
епископ Каскеленский ГЕННАДИЙ**

ЖҰМАҚҚА ЖАҚЫН ҚОҒАМ ҚҰРУ

Дінбасылар пенделік өмірден қашқақтайды деген қалыптасқан пайым бар. Баспасөзбен жолыққылары келмейді. Тек руханилық туралы ғана айтқанды жөн көреді. Құдайдың сөзі туралы, шіркеу істері, діндарлармен қарым-қатынастар жөнінде әңгімелегенді дұрыс көреді. Бүгінгі күні мұның барлығының ақиқаттан алшақтығы аңғарылады. Орыс Православие Шіркеуінің дінбасылары осы заманның өзекті мәселелері жайлы пікір айтуға тырысады. Оның үстіне, біздің күнделікті тыныс-тіршілігіміз туралы білімді де тәжірибелі кісі сөз қозғағанда үнсіз қалу жарамас. Бұл кісі философия ғылымдарының докторы, профессор Анатолий Косиченко.

Анархияға жол жоқ!

Қоғамда православие негіздері, ислам тарихы және басқа діндерді мектепте оқыту мәселесі өткір көтерілуде. Идея, жалпы алғанда, түсінікті. Бірақ оны қалай жүзеге асыруға болады? Біреулер кезінде Құдай Заңы оқытылған революцияға дейінгі жаңалықтарды ескере отырып, Ресейдің тәжірибесіне қайта оралу қажет дейді. Басқалары бірнеше үстем конфессиялардың діни ілімі мен тарихы бойынша бірден жалпы білім беру жеткілікті деп есептейді. Ғалым-дінтанушылар не дейді? «Діни білімді оқыту керек. Бұл менің нық көзқарасым. Бұл терроризм мен экстремизмнің алдын алудың жақсы

жолы. Мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары өздеріне ұнаған арнайы курсты таңдай алады. Діни сауатсыздық қиын салдарларға әкеліп соғады», – деп жазады Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші қызметкерлерінің бірі Анатолий Косиченко. Дін негіздерін оқушыларға үйрету идеясының қоғамға барған сайын дендеп енуіне мен де қуаныштымын. Бірақ, мен алдымен, біздің еліміздің қоғамдық өміріндегі ахуал туралы бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Осыдан бір жыл бұрын «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды. Ол мемлекет пен діни конфессиялар арасындағы жаңа қатынастарға серпін берді. Бұл саладағы бассыздықтар аяқталды деп айтуға толық негіз бар. Осымен егемен Қазақстанның тарихындағы жаңа кезең басталды. Мемлекет тұңғыш рет бұл қатынастарды реттеудің ұстындарын айқын жариялады. Православиелік шіркеу де басқа конфессия өкілдерімен бірге бірқатар еркіндіктерінен айрылды. Мысалы үшін айтар болсақ, жаңа заң барлық мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде миссионерлік қызметтер мен діни ғұрыптарды атқаруға тыйым салады. Оның ішінде, түрмелерде сыйыну бөлмелері мен храмдарды жабуға тура келгенде біз үлкен мәселемен бетпе-бет келдік. Қарттар үйіндегі сыйыну бөлмелерін жабу – бұл, біздің пікірімізше, шаш ал десе, бас алу. Қазіргі кезде біз дінбасылардың қарттармен және қамаудағылармен кездесіп, олардың діни мұқтаждықтарын қанағаттандыруы жөнінде мемлекеттік органдармен келісімге келдік. Аталмыш заңның жетінші бабында көрсетілген құқықтардың жүзеге асырылу тәртібін тәжірибеде қарастыру қажет. Біз түрмелер мен қамау орындарына барудың кестесін жасап әкімшілікпен келісуіміз қажет.

Біз еркіндігіміздің бір бөлігін құрбан еттік

Мұндай қатаң қағидаларға біз ұстамдылықпен қараймыз. Өйткені заңның пайда болу себептері ме, діни экстремизмнің

таралуына байланысты қоғам мен биліктің алаңдаушылығын түсінеміз. Өз балаларымыздың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін еркіндігіміздің бір бөлігінен айырылуға дайынбыз. Мұнан қашып құтыла алмайсың. Мемлекет дін жөнінде жаңа заң қабылдаса, демек оны түсінуге тырысу керек. Жауапты шенеуніктердің әрекетін сырттан сынаған оңай, әрине. Бірақ олардың орнына өзіңді қойып көрсең, басқаша қимылдаудың мүмкін еместігіне көзің жетеді. Лаңкестік қауіптің таралып отырғаны рас. Өткен жылы бізді Батыс Қазақстандағы жендеттердің жүргізген әрекеті теңселтіп тастады. 2012 жылдың тамызында менің өзім және басқа да көптеген дін қызметкерлері өлім қаупін бастан өткердік. 11 тамыз түнінде біз Ақсай шатқалындағы оңаша үйлердің бірінде діни ғибадаттарымызды атқарғанбыз. Келесі түні қанды қырғын орын алды. Біздің діндарларымыз тәу етушілердің арасына кіруге тырысқан сақалдыларды байқапты. Бірақ олар бізге шабуылдауға батпаған тәрізді. Адамдардың қарасы көп болатын. Олар қарусыз болса да, тойтарыс бере алар еді. Бұл жағдай бір ақиқаттың басын ашады: мемлекеттің заңнамашыл әрекеті қолданбалы мақсатқа ие. Билік құрылымдарының міндеті қоғамның тозақ тұңғиығына қарай құлауына жол бермеу. Лаңкестіктің етек алуына жол бермеу. Ал Шіркеудің міндеті – біздің қоғамның өмірін толыққанды ету, елдің азаматтарының Қазақстанда жайлы өмір сүру жағдайын жасау. Жұмаққа жақындататындай қоғам қалыптастыру. Біз бүкіл өмірімізді рухани, адамгершілік мазмұнмен толықтыруымыз керек. Философтар айтқандай, XX ғасыр – бұл «Құдайдың қайта оралу» ғасыры. Бұл үрдіс жаңа ғасырда да жалғасын табуда. Басқа жолды көріп те тұрған жоқпын, дәстүрлі рухани өмірді жаңғырту қажет. Мұны мектеп қабырғасынан бастау керек. Дінді оқыту, православиелік христиандықпен, дәстүрлі исламмен танысуды балауса кезден, мектептің өзінен бастау керек. Қоғамдағы салауатты күштердің өкілдері де осы мүддені бөліседі деп ойлаймын.

Өмірді оқулықтан үйренбейміз

Негізінде, әрбір сыныпта бүлдіршін дін туралы жаңа нәрсені білуі тиіс. Бұл шындығында да солай. Мәселе басқада. Ұл немесе қыз бала Інжіл мен Ізгі Хабардан (Евангелий) алынған негізгі сюжеттерді кімнен естіп, қай қырынан таниды. Олардың мұндай жағымсыз ақпаратты кезіндегі тар кеңестік, атеистік тәрбие алған адамдар жазған тарихи оқулықтарынан алуы әбден мүмкін ғой. Мұндай оқулықтар аңғал атеистік мифологияға толы болып келеді. Оларда, мысалы үшін, дін мен ғылым қарама қарсы қойылады. Мен мектепте дінді оқытуды үш сатыға бөлуді ұсынар едім. Бірінші саты – үшінші сыныптан жетінші сыныпқа дейін. (Бұл тұста біз оқытуды төртінші сыныптан бастауды ұсынған Косиченко мырзамен толық келісеміз). Жетіншіден тоғызыншы сыныпқа дейін анағұрлым тереңдетілген білім беруге болады. Ал үшінші саты – бұл оныншы, он бірінші сыныптар, мектеп бітірушілер. Осымен мектепте білім беруді аяқтауға болады. Бірақ жалпы дінді өмір бойы үйрену керек. Дін негіздерін кім оқытуы тиіс? Дінбасылар ма әлде мектеп мұғалімдері ме? деген сұрақ туындайды. Өз көзқарасымды білдірейін. Бұл курсты арнайы білім алып, салмақты дайындықтан өткен кәсіби педагогтар, мұғалімдер жүргізуі қажет. Адам жақсы дінбасы болуы мүмкін, бірақ мұғалімдігі орташа болуы ықтимал. Егер ол дінтанушының немесе кәсіби педагогтың екінші кәсібін алып, жоғары оқу орнының дипломын иеленсе, қалаған жағдайда сабақ бере алады. Әрине, мен бұл тұста, тек православиелік дін басылар туралы ғана емес, өзге конфессия өкілдері туралы да айтып отырмын. Бірақ, барлығы қазір әңгіме деңгейінде қалып отыр. Ешқандай курстың оқулықсыз болмайтыны анық емес пе!? Осыдан үш жыл бұрын оны жазудың мүмкіндігі болды. Бірақ ол оқу құралы мейлінше сәтсіз шықты, ол туралы мен Дін істері агенттігіне сәйкес сараптамалық хат жаздым. Белгілі философ әрі қоғам қайраткері Фарифолла Есімнің жетекшілігімен авторлық

ұжымның жазған тәп-тәуір оқулығы да басылып шықты. Біздің Митропольелік округтың өкілдерін осы басылымның жұмысына шақырды. Бұл оқулықта мазмұндалған ақпарат объективті әрі дәйекті. Бірақ бір кемшілік бар: өте күрделі тілмен жазылған және мектепте оқытуға жарамайды. Дегенмен, мемлекет әлі де болса, балаларға дін негіздерін үйретуді бастауға құлық танытпай отыр. Ондай бастамалар болса, біз естір едік. Бұл, әрине, өз басыма келер болсам, менің көңілімнен шықпады. Шындығында, ислам мен православие тәрізді дәстүрлі діндердің өзі қазақстандық мектептерден ығыстырылған. Бұл жақсы емес, өйткені діни білімге деген құштарлық әрбір жанға тән. Егер де жас кісі дәстүрлі руханилық туралы ақпаратты заңды жолмен алмаса, оның әрқилы экстремистік секталардың виртуалды уағызшыларының ықпалына түсіп кету қаупі бар.

Жікке бөлу емес, біріктіру маңызды

Егер балалардың бір бөлігі православиені оқып, қалғандары мұсылман дініне адалдық танытса (ал кейбіреулеріне католик дінін меңгерген маман іздеуге тура келеді), дін негіздерін осылай оқыту мектеп ұжымын ыдыратпай ма? деп кейде бізден сұрап жатады. Бұл тұста бізге Ресей таңдаған жол сәйкес келе қоймайды. Онда әртүрлі діндер бойынша арнайы курстар бөлінген. Қазақстанда толеранттылық пен діни төзімділік дәстүрлері анағұрлым мықты. Бұл дәстүр мыңдаған жылдар бойы бар. Біздің елімізде көпұлтты, көпдінді таңғажайып халық өмір сүреді. Міне, сондықтан, балалар мен ата-аналар да, мұсылмандар мен православтар да бірін бірі жақсы тануы үшін, ислам негіздері де, православие негіздері де баяндалатын дінтанудың жалпы оқулығы болғаны дұрыс. Қазақстанда дін негіздерін оқыту өзара танысу мен өзара құрметке ықпал ететіндей етіп жазылуы тиіс. Сыныпты конфессиялық белгісіне қарап ыдыратуға жол бермейтіндей болуы керек. Біз

дінбасылар мен имамдардың жолын жауып қойғанын түсінеміз. Дін туралы заң қабылданғанға дейін мектептерге діни бірлестік атын жамылған әрқилы секталар кіріп кетті. Құдайға шүкір, сатанистерге (сайтанышылдарға) дейін жеткен жоқ, бірақ көптеген миссионерлер мен олардың насихаты мейлінше күмән тудыратындықтай еді. Тозаққа апаратын жол ізгі пиғылдармен бүркемеленді. Дана Конфуцийдің мынадай бір сөзі бар: «Иілту үшін, бүгү керек». Сондықтан ел дамуының белгілі бір кезеңінде шенеуніктердің ұмтылысын ақтауға болады. Бірақ мәселе бұл «кезеңнің» қаншаға созылатынында болып тұр. Мен дінді мектепте оқытуға, дінбасылар мен имамдардың әскерлер мен түрмелерде уағыз жүргізуіне біртіндеп келетінімізге сенімдімін. Бұл уақыттың талабы. Әрине, өткен тоталитарлық ойлаумен, кеңестік идеологиямен қоштасу оңай емес. Бірақ не десек те, бейбітшіл, дәстүрлі дінсіз біздің болашағымыз жоқ. Кеңес уақытында адамның адамгершілік тәрбиешісі ұжым болатын. Таусылмайтын комсомол, кәсіподақ және партия жиналыстары бәріміздің есімізде. Ал кеңестік жүйе құлаған кезде әркім өз-өзімен қалды, қоғамдағы маңызды дәнекер күйреді. Дін осы мағынада қоғамға да, мемлекетке де көмек бере алады. Дін бүкіл қоғамды біріктіре алатын жалғыз қуатты күш болып қала береді.

Қазақстанда «пуссекті» аңғармапты

«Pussy Riot» тобының «панк-концертіне» қатысты ой бөліскім келеді, оның үстіне дінтанушы Анатолий Косиченконың сұхбатында бұған біршама орын беріліпті. Бұл оқиға Ресейді либералды және православиелік-державалық, патриоттық екі жікке бөлді. Жазда мен Ресейде болдым. Онда бақытсыз қыздар туралы сұрақтың астына алып, дамыл бермеді. Бірақ Қазақстанда бұл жағдай онша ешкімді қызықтырмайды. Біздің еліміздегі қарапайым адам өмірі, ресейлік құмарлықтардан алыс тәрізді. Шіркеу қауымдарын қайта тіркеуге, түрме храмдарын жабуға қатысты сұрақтар да көп

болды. Біз қайта тіркеудің күрделі үдерісін ешқандай шығынсыз бітірдік. Қазір республикада 261 православие қауымы бар. Ал тұтастай алғанда, республика бойынша жергілікті діни бірлестіктер санының үштен бірі қысқарып кетті. Ресейдегі шіркеуге қарсы сынның либералды толқынына келер болсақ, мен мұны шіркеулік-қоғамдық қатынастар дамуының қалыпты диалектикалық сәті ретінде қабылдаймын. Ізгі Хабардың сөздерін еске алайықшы: «Сонда Жаратушы Ие айтты: бұл адамдардың тобын кіммен салыстырамын? Олар кімге ұқсайды? Олар көшеде отырып алып, бір-біріне былай деп айқайлап айтатын балаларға ұқсайды: біз сендерге сыбызғыда ойнадық, ал сендер билемедіңдер; біз сендерге қайғылы өлең айттық, ал сендер жыламадыңдар. Иоанн Креститель келді: нан да жемейді, шарап та ішпейді; сендер онда жын бар дедіңдер. Адамзаттың Ұлы келді: жейді де, ішеді де; сендер бұл жеу мен шарап ішуді ұнататын адам, бойкүйездер мен күнәһарлардың досы дедіңдер. Оның даналығын олардың барлық үрім-бұтағы ақтайды». (Лк 7: 31-35). Менің айтайын дегенім: Ізгі Хабарды қабылдауға дайын емес, Шіркеуге қарсы тұратын адамдар, қашанда оны қатаң сынға алады. Бұған дайын болу керек. Шіркеу үндемеген тұста, олардың пікірінше, қоғамның өзекті мәселелеріне араласпаған кезде де, олар шіркеуді қаралады. Алайда Әулие Патриарх Кирилл және басқа жоғары дінбасылар көпшілікке жағымсыз бірқатар қоғамдық мәселелерге қатысты пікірін білдірген бүгінгі күні Орыс Православие Шіркеуін кінәлаушылар тіпті көбейе түсті. «Бұл даналық та олардың үрім-бұтағымен ақталады». Көп жағдайда, оппоненттер өздерінің бұрын айтқан дәлелдерін басқа дәлелдермен теріске шығарып отыр. Әрине, шіркеу адамдарына пікір айтқанда мұқияттылық пен сақтық керек, журналистиканың ойын ережелерін қабылдамай, сенсация қуалаудан аулақ болуы керек, ғайбаттаудан алшақ болуы тиіс. Біздің Ізгі Хабар ақиқатын қазіргі заманның кішігірім мәселелеріне қатысты айтылған айқайларға айырбастамауымыз қажет. Барлығына мәңгілік

тұрғысынан, Шіркеудің әулие апостолдары мен әкейлерінің көзімен қарауға үйренуіміз керек. Шіркеудің мәселелерін таза талдау, ұғынып-түсінуге тырысу қашанда маңызды екендігіне сенімім кәміл. Бүгінгі күні біздің барлығымызға қоғамдық ғылымдар қомақты көмек бере алады.



ЕУРОПА. ИСЛАМ. ҚАЗАҚСТАН. СЕНІМ МЕН ҮМІТТІҢ ҮШТАҒАНЫ

2012 жылдың 30-31 мамыр айында Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі өтті. Оған дінбасылар ғана емес, зиялы қауым мәдениеттанушылар, саясаттанушылар, исламтанушылар да қатысты. Көптеген сарапшылардың пікірінше, өзге діндермен салыстырғанда исламда пікірталас өте көп. Ондағы жарқын рухани бастау бұл діннің бүкіл әлемге – Мароккодан Индонезияға дейін, Еуропадан Австралияға дейін таралуына үлкен ықпал етті. Алайда шаһидтер Пайғамбардың атын ауызға алып өлімге бас тігуде, жойқын жарылыстар салдарынан адамдар өлімі орын алуда. Бұл қайшылықтың шешімі бар ма? Бұл жайында съезд делегаты Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор *Наталья Сейтахметова* жауап табуға тырысады.

БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

НАТАЛЬЯ ЛЬВОВНА СЕЙТАХМЕТОВА



Қарағандыда туған. Отбасымен Өзбекстанға көшіп келген. Орта мектепті алтын медальмен бітіріп, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия факультетін тамам-даған. Қазақ КСР Ғылым академиясы, Философия және құқық институтының аясында аспирантурада оқыған. Кандидаттық диссертациясын, кейін докторлық диссертациясын қорғаған. Докторлық диссертацияның тақырыбы – «Ортағасырлық Мұсылман мәдениетіндегі адам философиясы». Философия ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері. Германия Федеративтік Республика DAAD бағыты бойынша халықаралық гранттың және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігінің «ЖОО Үздік оқытушы» грантының иегері. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша әл-Фараби шығармаларының жиынтығын қазақ тілінде басып шығарылуына өз үлесін қосқан. Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық «Әл-Фараби» журналының бірінші орынбасары. Жеке монографиялары: «Концепция человека в духовных исканиях Мусульманского Средневековья» (1999 ж.); «Мусульманская средневековая философия» (2009 ж.); «Философия исламского образования: история и современность». Ұжымдық монографиялары: «Аль-Фараби и развитие восточной

философии» (2005 ж.); «Аль-Фараби и исламская духовность» (2005 ж.); «Мир ценностей аль-Фараби и акциология XXI века» екі кітапта (2006 ж.); «Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания» (2001 ж.) және т. б. 2012 жылдың маусым айында ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі болып сайланды.

Бассам Тиби нені біріктіргісі келді

– Наталья Львовна, зиялы қауымға да, қарапайым адамдарға да маза бермеген түйткілді мәселе төңірегінде ой толғап көрсеңіз. Жақында әлемдік және дәстүрлі діндердің съезі өтті. Осы қатал заманда жалпы адам пейілін мінез-құлықты жұмсарту үшін, өркениеттер арасында сұхбат орнату үшін біздің еліміз үлкен күш-жігер жұмсап отыр. Бірқатар жетістіктер де жетерлік. Дегенмен, көптеген сарапшылардың айтуынша дінбасыларының, имамдардың, ксёндздердің және басқаларының бірлескен шараларына қарамастан бүгінгі дүниеде бұрынғысынан екі ислам қатар өмір сүріп отырғандай. Оның бірінде муэдзин (азаншы) азан айтып, намазға шақырысымен тақуа мүміндер бар назарын Аллаға аударып, жайма-шуақ кейіптен зибадат жасауға бет бұрады. Ал екіншісінде Тулуза қаласынан шыққан қияли фанат салқынқандылықпен еврей балаларын нысанаға алып, атып өлтіреді. Мәскеу әуежайында адамдар өрт пен түтінге оранып тұншықты. Тіпті алыс Африкада, Нигерияда адамдар ауыз бекіткен кездері христиан шіркеуінің маңында машина жарылды. Теріске шығаруға келмейтін осындай айғақтардың көптігімен келісерсіз деп ойлаймын. Философиялық танымға таңылмаған адамдар басындағы осындай шашыраңқылықты қалай реттеуге болады?

– Сіз қазіргі заманның адамның тылсым дүниесіне, рухани салаға қатысты аса күрделі мәселесін қозғадыңыз. Әдетте бұл мәселеге бірін бірі теріске шығаратын әрі қайшылықты мейлінше әр алуан пікірлер айтылып, баға беріліп немесе айыпталып жатады. Соңғы кездері «ағартушы ислам» туралы көп айтылып жүргенінен хабардар боларсыз. Бірақ бұл термин схоластикалық түсінікті емес, дұрыс түсіндірмені қажет етеді, өйткені кейбіреулер «ағартылған исламмен» қатар «ағартушы ислам» да бар екен деген ой түйі мүмкін. Осыдан барып біз «екі ислам» туралы жалған теорияның қармағына түсеміз. Біздің қоғамның алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі – осы мәселенің шешімін табуда адамдарға көмектесу, сіздің тілмен айтқанда, оларды бастағы шашыраңқылықтан арылту. Өйткені исламда ағартушылық идеялары әуел бастан бар. Тіпті «Құран» сөзінің өзі «қара'а» – мәнерлеп оқы дегеннен шығады. Сондай-ақ, «Білім алуға ұмтылу – әрбір мұсылман ері мен әйелінің міндеті», – пайғамбардың қалдырған өсиеттерінің бірі

– *«Құран» сөзі мағынасының тағы бір жорамалы бар, ол «құр'ан» – «оқу» дегенді білдіреді...*

– Бұл мағыналар, өзіңіз көріп отырғандай, бір біріне қайшы келмейді. Үнемі білім жетілдіру, даналық кітаптарын оқу мен әлемді тану – бұл исламның негізі. Әрбір мүмін мұсылманның міндеті – ағартушылық, білім алу, тану (мағрифат), ақырында қасиетті мәтінді түсіне білу және осы қасиетті мәтіннің көмегімен өз-өзіңді ұғыну. Атақты шығыстанушы, профессор Франц Роузентал бұл қасиетті кітаптағы «білу», «білім», «таным» сөздерінің көптігіне таң қалды. Ол тәфсіршілердің мәліметтеріне сүйене отырып, Құранда «білім» сөзінің 750 мәрте кездесетінін айтады.

Сондықтан мына мәселенің басын дәл ашып алу керек. Исламның ағартылған түсінігі туралы айту қажет. Бұл – мұсылмандарға да, христиандарға да, буддистерге де, бір сөзбен айтқанда, мейлі ол азиялық, еуропалық немесе африкалық болсын, бұл барлық конфессия өкілдерінің бәріне қатысты.

– Олай болса, түсіндіріңізші, әлемнің әр алуан елдерінде содырлар автомат, гранатомет және жарылғыш заттармен қатар қолдарына Құран тәрізді Қасиетті Кітапты қару ретінде неге алады?

– Менің ойымша, жауапкершіліктің біршама қомақты жүгі бұқаралық ақпарат құралдарына тиесілі тәрізді. Қылмыстың әлеуметтік, экономикалық және тіпті психологиялық себептерін зерттеудің орнына олар ең оңай жолмен жүргенді жөн көреді. Қылмыскерлердің ұлты мен ұстанатын сенімін жариялап шыға келеді. Осылайша «ислам терроризмі» деген сияқты жабысқақ ат пайда болады. Ал «Брейвиктің ісін» қайда жібереміз? Игілігі жарасқан Норвегияда 69 баланы аспай-саспай атып өлтіріп, сонысымен масаттанған Брейвик деген біреу табылыпты. Бірақ, неге екені белгісіз, ешкім «христиан терроризмі» туралы айтпайды.

– Мәселе содырлық актілердің санында болып отыр. Брейвик – жалғыз-жарым жүрген садист. Ал «ағартылған» немесе басқа да исламды ұстанатын террористер жарты әлемді қорқыныш пен үрейде ұстап отыр...

– Иә, бір қарағанда солай көрінуі мүмкін. Бірақ біз мұндай қорқыныштар мен фобиялардың тұтқынында

қала берер болсақ, тығырықтан шыға алмаймыз. Мен бүгінгі күні психикасы бұзылған адамдарды «өндіріп шығаратын» қоғамдағы білім беру факторын, экономиканы, әлеуметтік мәселелерді зерттеу қажет деп есептеймін. Психикасы қалыпты адам өзі сияқты адамды өлтірмейді. Оның үстіне христиан және мұсылман өркениеттерінің өзара қатынастары аудиторияларда, сарапшылар қауымдастықтарында талқылануы тиіс. Осындай шара таяуда Астанада өтті. Бұл жолы съезд саясат пен дін, мультимәдениет пен дін деген мәдениетаралық өркениеттер арасындағы маңызды мәселелерді қарастырды. Өкінішке орай, бұл тақырып көбіне шектен тыс саясаттандырылып кетеді. Алайда ең қауіптісі – кейбір шекаралас мемлекеттерден байқап отырғанғандай митингілерге, алаңдарға шығару. Сондықтан, «ағартылмаған ислам» болмайтынына мен сенімдемін. Исламдағы ағартушылық қисынын бұрмалауға тырысатын сауатсыз түсіндірмелер ғана бар. Діннің көмегімен өздерінің саяси немесе тіпті жеке мәселелерін шешуге тырысатын адамдар да табылып жатады. Бірақ Құран, мұсылмандардың қасиетті кітабы, Мұхаммед пайғамбардың Мекке мен Мәдинеде жеткізген адамгершілік әңгімелері мен өсиеттерінің, рухани қағидаларының, ғұрыптық және құқықтық қондырғыларының, құлшылық дұғаларының жиынтығы (Сунна) әлемге рухани-адамгершілік дәстүр таратады және біздің қатал заманымызда болып жатқан нәрселерге олар кінәлі емес. Діннің өзі де бұған кінәлі емес. Бірқатар сыншылар исламның кейде элитарлық сипат алатынына меңзейді. Оның жабықтығы туралы жалған пікір қалыптасады. Міне сондықтан қазіргі кезде заманның демократиялық құндылықтарына қайшы келмейтін ең жас діннің құндылықтық парадигмасын танытудың айқын және көпшілікке жетімді анағұрлым ашық, жаңа тұжырымдамасы

керек. Тіпті керек десеңіз, исламға жариялылық пен ашықтық ауадай қажет. Кезінде орыс философтары Владимир Соловьев пен Николай Бердяевтің «ашық христиандық» туралы жазғандарын есімізге алайық. Қазір мұндай ғалымдар ислам әлемінде де бар. Олардың қатарына жиырмасыншы ғасырдың соңында «еуроислам» терминін ғылыми айналымға енгізген Геттинген университетінің профессоры Бассам Тибиді жатқызуға болады.

Оның тұжырымдамасы – бұл миллиондаған мұсылмандар тұратын Батыс Еуропа елдерінің бүгінгі болмысын исламдық дәстүрлермен біріктіруге тырысатын неопостмодернистік нұсқа деп айтуға келетін жорамал. Тиби исламның өз ішкі әлемінде ғылымға, жаңашылдыққа, сұхбатқа ашық екендігіне назар аударады. Оның беделіне нұқсан келтіретін барлық жарамсыздықтарды алып тастауға және кернеуді бәсеңдетуге көңіл бөледі. «Ислам контексті» көпшілікке қарсыласу дискурсы болып көрінуі мүмкін, алайда бұл тұстағы мәселе тек мәдени және діни бірегейлікті сақтап қалуда ғана болып отыр. Біздің Институтта еуроисламдық сұхбат бойынша ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылуда.

Елдің келешегі жолында

– Христиандық пен исламның қарсылығы ғасырлар қойнауынан бастау алады. Бірақ, қазіргі заманғы зиялы адамдар бұрынғы қаһарлы янычарлар мен крест ұстанушылардан өзгеше болуы тиіс емес пе. Айырмашылықтарын ашып көрсеткеннен гөрі, адамдарды біріктіру жолын іздеген дұрыс сияқты.

– Кез-келген мәтінді дайындау барысында белгілі бір оқиғаны түсіндіруде дәл осындай көзқарас тұрғысынан келу

керек. Мейлінше беделді ресейлік шығыстанушылардың бірі Виталий Наумкин осы туралы тамаша жазады. «Бөтендер» мен «басқаларды» жек көру, жирену – қауіпті нәрсе және ол кері нәтижесін береді. Сондықтан қазір мұсылман емес әлеммен сұхбат құруға ұмтылатын ислам көшбасшылары тарихи сахнаға шығып отыр. Өйткені қанша айырмашылық бар дегенмен, ортақ іргелі және әмбебап ұстындардың да болатыны белгілі. Мысалы үшін айтар болсақ, Иран президенті Мохаммад Хатами өз уақытында «Өркениеттер сұхбаты» тұжырымдамасын жариялады...

– ...соның салдарынан радикалды көңіл-күйдегі діндес бауырларының күшімен аяусыз биліктен тайдырылды.

– Өркениет дамуы – бұл тікелей біртегіс жол емес, кейде жарыққа, ақиқатқа жетудің жолы мейлінше бұралаң. Христиандар мен мұсылмандардың арасындағы қатынас – бұл белгілі бір стратегия. Ол әлі аяқталған жоқ. Оны тарих және адамдар жазады. Екеуара сұхбат қарсы отырған әңгемелесушінің өз көзқарасына деген құқығын мойындай отырып, абсолютті теңдік пен өзара құрмет жағдайына негізделуі тиіс. Сұхбат діни және мәдени егемендікке сүйенуі керек. Осы тұрғыдан алғанда еуроислам – бұл, сөз жоқ, дұрыс бағыттағы қадам.

– Еуропаның жедел исламданып бара жатқаны ешкімге құпия емес. Францияда, егер жаңылмасам, 10 миллиондай мұсылман тұрады. Германияда орасан зор түрік диаспорасы бар, ол көп жағдайда елдің қоғамдық өмірін айқындап отыр. Бұл қауымның жылы қабағын өзіне тарту үшін оңшыл христиан-демократтар да, социал-демократтар бастаған қоғамның солшыл шоғыры да күрес жүргізуде. Ұлыбрита-

ниядағы билік «мұсылмандардың сезімін аяқ асты етпеу» үшін медицина мейірбикелеріне крест тағуға тыйым салып, теңдессіз қадамға барды. Бірақ мұсылмандардың өздері арқашан толеранттылық пен діни төзімділік көрсете бермейді. Хиджаб мәселесіне қарай Франция екіге жарылды деп айтуға болады. Швейцарияда мешіттердің саны шектен асып кетті, соның салдарынан билік кейбір кантондарда олардың құрылысына рұқсат бермей қойды. Батысеуропалық демократияның көшбасшылары «мультимәдени сұхбат іске аспады» деп байбалам салуда. Қалай ойлайсыз, неге бұлай болды?

– Мұндай байбаламдарға байсалды қарау керек сияқты. Жүрілуі тиіс жол, егер оны әлемдік өркениеттің тарихымен сәйкестендірер болсақ, сәл ұзындау болып шықты. Бассам Тибиге қайта оралғым келіп тұр, ол мынадай өкініш білдіріп еді: «Еуропада мұсылмандармен терезесі тең қарым-қатынас жасау мәдениеті жоқ». Ол сондай-ақ еуропалықтардың қандай да бір мұсылмандық тақырыпқа ден қоюындағы қиындықты атап көрсетеді. Олар өздерін дұрыс түсінбеуі мүмкін деп, айтқан сөздерін толерантты емес мағынада ұғынады деп қауіптенеді. Ал мәдени-діни қатар өмір сүру еуроисламдық сұхбат аясында ғана мүмкін болады. Бұл сұхбат тұрғылықты халықтың мигрант-гастарбайтерлермен ұрыс-керісі түрінде емес, елдің келешегі жолында тең ынтымақтастықты білдіретін әңгіме ретінде болуы тиіс. Батысеуропалық елдердің жетекшілері өздерін шарасыз сезініп, қолдарын түсірмеуі керек деп ойлаймын. Әсіресе, мені өзім бірнеше мәрте болған Германия әжептәуір ренжітті. Бұл елді өте жақсы көремін. Ұлтшылдық күйретілгеннен кейін қоғамдық көңіл-күйдің қайта бағалануы жүзеге асты, ксенофобия мен ұлтшылдық жұқпалы ауру сияқты көрінетін болды. Германия концлагерь тұтқындарына орасан зор сомада

шығын төледі. Маған таныс профессорлардың бірі менің құлағыма сыбырлап: «Біздер, немістер, өзіміз жасамаған қылмыс үшін өкінуден құтылу үшін қанша ұрпақ буыны алмасуы керек?!» деді. Осы тұста мына нәрсені ескермесек, әділетсіздік болады: тіпті фашистік Германияның өзінде ислам философиясын зерттеу тоқталған жоқ, ал мұсылман қорымдары үлгі күйінде күтіп ұсталды. Осыдан жиырма жыл бұрын біріккен жаңа, демократиялық Германияда исламға деген қатынас барынша қадірлі деңгейде. Бұл жерде ең жоғары ғылыми дәрежедегі тамаша шығыстанушылар жұмыс істейді. Неміс тілінде «Ислам энциклопедиясы» шығып тұрады. Оның үстіне, дәл осы Германияда ғалымдар өздерінің салмақтылығымен және конструктивтілігімен ерекшеленеді. Мұнда мұсылман ғалымдарының зерттеулеріне ерекше құрметпен қарайды, ал олардың өздері де философияның нәрін тату үшін Германияға қуана-қуана келеді. Германия Федеративті Республикасы – сұхбат тәжірибесі жинақталған ең интеллектуалды және ең толерантты еуропалық елдердің бірі. Мұнда осындай объективті болмыс қалыптасты, сондықтан «еуроислам» термині де осында пайда болды. Әрине, кейде кері сипаттағы жұмыстар да жарияланады. Оларда шығыстық мәдениет іргелі еуропалық құндылықтарға төнетін қауіп ретінде қарастырылады. «Еуроцентризм», «шығыс центризмі» – бұл екі ілім де бірдей деңгейдегі кемтар ілімдер, өйткені барлық оқиғаларды олар формалды түрде және біржақты логика тұрғысынан қарастырады.

Еуропа – гуманитарлық дәстүрі қалың қабат

– Біздің көптеген сарапшыларымыз үшін еуропалық көшбасшылардың бұл дабылы күтпеген жағдай болды...

– Маған мультикультурализм саясаты біржақты сипатта болып көрінеді. Ұлттық дәстүрлерді құрметтейсің бе, ана тіліңді үйренесің бе – мархабат, ешкім тыйым салмайды. Алайда әңгіме танымал мамандық пен жұмыс таңдауға келгенде, билік органдарына қатысуға келгенде көзге көрінбейтін шектеулер пайда болады. Осыған орай сұрақ туындайды: еуропалық елдердегі мультикультурализм саясаты қандай өзі? Шынайы, жауапкершіл, жалпыхалықтық па, әлде формалды, жасанды, абстрактылы ма? Мен өз басыма келсем, екінші нұсқасына қарай бүйрегім бұрады. Қоғамның орнықты экономикалық және әлеуметтік интеграциясы қажет. «Сен неміс немесе француз, ағылшын немесе итальян болуың мүмкін, бірақ оның барысында сен мұсылман болып қалуың керек», – деп атап көрсетеді «еуроислам» теориясының жақтастары. Яғни елдің әрбір азаматы өз елін мақтан тұтып, қоғаммен біте қайнасуы керек. Әркім жалпы мемлекеттің игілігі үшін өзінің мәдени тәжірибесін үлес ретінде қоса білуі тиіс. Айтпақшы, ресейлік ғалым әрі саясаткер Рафаэль Хакимов те өзінің еуроислам манифестінде еуропалық құндылықтармен исламның сұхбаттасуы идеясын ашып көрсетеді. Қазір Швейцарияда тұратын араб Тарик Рамадан еуропалық ислам – бұл Көне дүниеде еуропалық әлемнің құрамдас бөлігіне айналған исламның бір түрі деп есептейді. Оның тарихи түбірі тереңде. Ол ислами құндылықтардың таралуын жағымды бағалайды, өйткені осылайша исламдық және батыстық мәдениеттердің жақындасуы жүзеге асады. Бүгінгі күні ислам дәстүрлеріне үйретудің адамгершілікке тәрбиелеу екендігін түсіну қажет. Ізгілікті болу, гуманды болу сынды исламдық ұстындар батыстық қоғамға қайшы келмек түгілі, өзінің өзекті екендігімен көзге түседі. Әсіресе бұл бүгінгі күні Еуропаның ағартушылық гуманизмді негізгі міндеті санап келген университеттерінде көкейтестілігімен сипатталады.

– Отанымызға қайта оралайық. Қазақстан мульти мәдениетті қоғам емес пе. Осы бір ақылды сөзді білмесе де, жасырлар бойы бұл жерде қазақтар мен орыстар, татарлар мен өзбектер тату-тәтті келісіммен өмір сүрді. Соғыстың қилы дәуірі республиканың ұлттық палитрасына жаңа бояулар қосты. Мұнда поляктар мен немістер, кавказдықтар пайда болды. Мультикультурализмнен көңілі қалған кәрі Еуропадан біз не үйрене аламыз?

– Иә, қазіргі әлемдегі қазақстандық үлгіні, біздің өзіндік жолды көп қырынан алғанда ерекше деп бағалауға болады. Шығыс пен Батыстың аралас қосындысы бар. Христиандық және мұсылмандық дәстүрлер өзара қиюласқандай. Бірақ тәжірибе алмасудың артықтығы жоқ. Мәселеге тек бас пайда тұрғысынан қарау, меніңше, дұрыс емес. Ұлттық өз-өзіне ғашық болудың да шегі бар. Еуропа – бұл гуманитарлық дәстүрі қалың қабат. Дүниенің бұл бөлігінде жинақталған техникалық болсын, гуманитарлық болсын білім мөлшерін бүкіл әлем игілігіне жаратуда және жаратуы тиіс те. Оның ішінде білім беру саласындағы еуропалық стандарттарды «импорттауға» болады. Тұтастай алғандағы Еуроодақ пен ондағы әртүрлі мемлекеттердің құқықтық және институционалдық өзгешеліктерін терең зерттеген жөн. Бұл туралы өзінің «Еуропаға жол» атты бағдарламасында Президент Назарбаев айтып өтіп еді. Көпшілік еуропалықтардың шектен тыс рационализмі мен прагматизмін жиі сынап жатады. Бірақ бұл тұста да өзіндік түйткілдер бар. Қоғамның жалпы діндар бөлігімен, оның ішінде мұсылмандар қауымымен сұхбат құру – бұл рационалды. Бұл тақырыпқа қатысты осындай күтпеген бұрылысты немістің қазіргі ұлы философы, атақты «франкфурт мектебінің» өкілі Юрген Хабермас жасап

отыр. Ол ғалымдардың лексиконына «коммуникативті рационалдылық» деп аталатын жаңа ұғым енгізді, ол діни және діни емес сұхбаттың тамаша үлгісін білдіреді. Шындап келгенде, ислам тек рухани ғана емес, сонымен қатар, рационалды және өзінше логикалық дін. Оның үстіне, егер үніліп қарасаңыз, ислам либералды құндылықтарды бөтенсімейді, бұл туралы демократия мен либерализмнің кейбір еуропалық жақтастарының айтып жүрген теріс пікірі қате. Құранның екінші сүресі 256-аятында айтылғандай, шынайы дінде «зорлық жоқ». Ал негізгі еуропалық құндылықтардың бірі – сенім бостандығы емес пе?! Исламда жағымды да, пайдалы да нәрселер көп. Мысал үшін, Еуропаның әрбір тұрғыны үшін таныс, қазіргі тілмен айтқандағы «әлеуметтік пакет» ұғымын алайық. Ал исламда мұқтаж кедей-кепшік пен міскіндерге қауымның (умманың) көмек қолын созатын зекет ұстыны дамытылған. Өкінішке орай, Құранды тұтас қарастырмай, өзіне тиімді тұстарды жалпы контекстен жұлып алып сілтеме жасап, бұл қасиетті кітапты жағымсыз қырынан көрсетуге тырысатын арсыз зерттеушілер де кездеседі. «Құмарлықты қоздырудың» осындай түріне салар болсақ, Інжілді де, Христостың өзін де кінәлауға болады...

– *Мысалы?*

– Иисус (исламда Иса пайғамбар) айтты делінетін мынадай сөз белгілі: «Сіздерге бейбітшілік емес, қылыш әкелдім». Оны бір милитаристік үндеу деп түсіндіруге болады. Бірақ ол түбірімен дұрыс болмайды. Қылыш бұл жалғанға тән күйкі тіршілікті шорт кесу үшін қажет. Құдай мен адам арасындағы байланысты қалдыру керек. Сондай-ақ Құранмен таныс емес адамдарды «жихад» сөзі

үркітеді. Әсіресе «Біз кіші жихадтан оралдық, енді ұлы жихадқа кірісеміз» деген хадис белгілі. Бұл жерде ешқандай да қауіп-қатер жоқ. Мәселе тек адамның рухани жетілуге ұмтылуында ғана болып отыр. «Қылыштың жихады» туралы да алып-қашпа әңгіме көп. Бұл тіркестің де жаугершілік мағынасы асыра көрсетіледі. Бұл жау шабуылы тұсындағы агрессияға берілетін жауап қана. Құранның «әл-Анфал» («Олжа») аталатын сегізінші сүресінің 61-аятында жихадтың гуманистік мәні баяндалады: «Егер дінсіздер соғыстан бас тартып, бейбітшілікке келетін болса, онда сен де бітімге кел (О Пайғамбар!). Өйткені сен үшін соғыс – мақсат емес. Сен өзінді және діндарларды шабуылға шыққан жаудан қорғау үшін шайқасқа түсесің. Бітімге кел де, Аллаға тәуекел ет». Міне сондықтан, кезінде француздың атақты діни теоретигі Поль Рикер жазғандай, Құранды зерттеу барысында түсіндірмелердің қақтығысына жол бермеу керек.

– Мен, сізді саяси шындыққа қайта әкелгім келеді. Заңсыз көші-қон, «өзіміз» бен «өзгелер» деп жіктелу, мультикультурализмнің күйреуі тақырыбы, сөз жоқ, Еуропаның қоғамдық санасына одан ары ене береді. Алжирден келген иммигрант баласының яһуди мектебінде қан төккенінен (бұл трагедия туралы біз айтып өттік) кейін, француздардың әлеуметтанулық қызметі Ұлттық майданды басқаратын мадам ле Пеннің беделінің артқанын көрсетті. Ол Франциядағы ең алғашқы әйел-президент болады деп ойламаймын, дегенмен бұл көрсеткіштер көп нәрсені аңғартып тұрғандай...

– «Дін», «азаматтық», «көші-қон» деген ұғымдармен ойнау қауіпті. Саясаткер үшін де, сайлаушылар үшін де және тұтастай алғандағы бүкіл ел үшін де. Саясатта Макиавеллидің

орнықтырған «жақсы мақсатқа жетудің барлық құралдарын ақтауға болады» деген ұстанымы әлі қолданылатыны белгілі. Соның салдарынан болатын қиялдағы қитұрқылықтар этносаралық қақтығыстар мен жаппай тәртіпсіздіктерге ұласады. Бұл тұста қандай кеңес беруге болады? Бұл кеңес қарапайым әрі ол христиандық доктринадан да, исламдық тұжырымнан да туындайды. Өзіңе қаламағанды өзгеге тілеме. Айтпас бұрын ойлан. Тыңдай біл. Жаратушының адамға екі құлақ, бір ауыз бергені тегін емес шығар. Ұлтына, дініне және саяси көзқарастарына қарамастан, барлық өзотандастарыңмен сұхбат құра біл. Мен кейбір сарапшылардан естігенім бар, өркениетаралық сұхбатта мән жоқ, өйткені әркім бәрібір өз пікірінде қалады деген уәж бар. Мен бұған сенбеймін. Адам – ақылды, зерделі жан. Ал егер оның ақылы болса, демек ол рухани адамгершілік дейді неміс философтары және бұл идеялар ислам философиясымен үндес. Ал адамгершілік, руханилық деген не? Бұл терең ұшталған отбасының алдындағы, жұмыстағы әріптестеріңнің алдындағы жауапкершілік сезімі. Сондай-ақ Отаныңның алдындағы. Міне сондықтан әрбір адам өз шамасы мен қабілеттеріне қарай, осындай сұхбат қалыптастыруға міндетті.

– Философиялық білімі жоқ қарапайым адамдардан біз көп нәрсе күтіп отырған жоқпыз ба?

– Меніңше, бұл көп нәрсе емес. Толеранттылық, бөтен пікірге деген төзімділік, қарсыласыңды тыңдай білу – бұл қасиеттер тек халықаралық симпозиумдар мен саммиттерде ғана емес, күнделікті өмірде де қажет. Бірақ, әрине, зиялы қауым өкілдеріне, елдің ертеңі болып табылатын, 15-20 жылдан кейін билікке араласатын студент жастарға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Мынадай мысал келтірейін.

Осыдан екі жыл бұрын БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун әлемнің ірі жоғары оқу орындары үшін бағдарлама жариялады. Ол «Академиялық ықпал» деп аталды және оның мазмұны саясаткерлер, ғылыми қауымдастық өкілдері, шығармашы зиялылар ұстануы тиіс 10 іргелі ұстындардан құралды. Соның бір бабы терең, жүйелі білім беру арқылы мәдениетаралық өркениеттік сұхбат орнықтыруға ықпал етумен сипатталады. Дәл осы білім беру мен ағартушылық арқылы біз толеранттылыққа үйреніп, өз еліміздің орнықты дамуына әсер ете аламыз. Бұл тамаша идея. Өйткені мұнда бірнеше буын келер ұрпақтың қамы алдын ала ескерілген.

Ессіздікке қалай қарсы тұруға болады

– Наталья Львовна, өкінішке орай, әлем әдемі ғылыми кестелерден алыс дамуда. Сіздер, ғалымдар өз әлемдеріңізде, қарапайым халық мүлдем басқа өлшемде өмір сүреді. Сіз маған ислам туралы көп жаңа әрі қызық нәрселер айттыңыз. Бірақ нақты өмірде не болып жатқанына көз салыңызшы. Ливияда діндес бауырлар бір-бірін құштарлана қырып жатты. Жиналған халықтың көзінше ұрандатып, елдің бұрыңғы басшысын құлатып, масқаралап өлтірді. Бұл «көтерілісшілер» мен олардың күресіне деген іш тартуды туғыза қойған жоқ. Осындай жағдай Сирияда да қайталануы мүмкін. Иранға тек АҚШ ғана емес, араб монархиялары да қарсы тұруда. Яғни бір мұсылман екіншісіне қару кезенуге дайын. Және мұның ақыры көрінбейді. Сіз секілді ғалымдар мен біз сияқты журналистер осындай ессіздікке қарсы тұра аламыз деп ойлайсыз ба?

– Бұл көпке таныс айғақтар. Егер формальды тұрғыдан келер болсақ, бәрі солай көрінеді. Бірақ барлық бұл

қақтығыстарда исламға деген «кестелі қосымшалар» бар. Үлкен саясат, мұнай, саяси көшбасшылардың менмендігі – міне, осының барлығы, бірақ тек ислам емес. Бірақ мұның барысында ислам өкілдеріне, дінбасыларына, ғалым-исламтанушыларға, сондай-ақ жалпы қарапайым өнегелі мұсылмандарға біздің «ислам экстремизміне» ешқандай қатысымыз жоқ деп үнемі ақталуға тура келеді. Міне 14 ғасыр бойы исламның толеранттылығын дәлелдеуге тура келетіні мені таң қалдырады. Құранның мәтіндерін, хадистерді, ортағасырлық христиандық және мұсылмандық дереккөздерді оқу керек емес пе?! «Ілік іздестіру» емес, мұқият оқу керек. Тек осылай ғана! Біз ессіздікке қарсы тұра аламыз ба? Иә, қарсы тұра аламыз. Әркім өз саласында. Мен өз зерттеулерімді жалғастыратын боламын. Сіз сұхбатқа бейімі бар адамдарды тауып, қолдау көрсету арқылы. Бүкіл саясат сұхбатқа құрылуы тиіс, мен осыны қадап айтқым келеді. Ал оны бастау үшін саяси тұрғыда сыпайы терминдер туралы келісіп алуымыз қажет. Олар сарапшының адами абыройына тимеуі, оның ұлттық және діни «меніне» нұқсан келтірмеуі тиіс. Адуан түрлі, көпқырлы мәдени әлем тек өзара сұхбаттастық жасампаздықта ғана өмір сүре алады, ал кез келген азаматтық қауымдастық Батыс және Шығыс деп жіктеу емес, «адуан түрліліктегі бірлік» ұстыны қызмет еткенде ғана топтаса алады. Құранның мына аяттары осыны айтпай ма: «Оның бар екенінің белгісі аспан мен жерді жаратуы, сендердің тілдерің мен тәндеріңнің түс айырмашылығында. Мұнда білушілер үшін белгі бар»; «Шығыс та, Батыс та Құдайдың алдында: қайда қарасаң да Құдайдың келбеті...».

– Тағы да Қазақстан туралы. Біз шартты түрде «сұхбаттық» деп атаған саясатта бірқатар жақсы нәтижелерге жеткеніміз туралы айттық. Қандай ірі шара

болмасын, онда қашанда православиелік әкей имаммен, басқа да конфессия өкілдерімен қатар отырады...

– Бұл тек ресми қатар отыру емес. Бұл өзіндік рәміз (символ). Бұл ішкі қажеттілік. Керек десеңіз, бұл Президент Назарбаевтың саясаты. Әртүрлі дін өкілдерінің ізгі қарым-қатынасы мен серіктестігін қарапайым қазақстандықтар көрген кезде, олар өздерін басқа елдерді жегідей жеген күдік-күмәннен, жалған пиардан, ұлтшылдық өзімшілдіктен қорғаныста сезінеді. Біз, қазақстандықтар, бір бірімізді құрметтеп үйренгенбіз. Бізде ортақ ұлттық мүдделер бар. Егер Еуропада мультикультурализмнің күйреуі туралы айтылса, бізде ол толыққанды қызмет етуде. Бір айта кететіні, толеранттылықтың қазақстандық тәжірибесінің бастауын біздің ұлттық мақтанышымыз саналатын әл-Фарабидің мәдени-интеллектуалдық мұрасынан аңғаруға болады. Оның философиясы – антикалық әлем мен ортағасырлықтың, христиандық әлем мен исламның, ғылым мен діннің, сенім мен білімнің сұхбаты. Дәл осы себепті оның шығармашылығы ұлттықтан тыс, ол бүкіл адамзатқа тиесілі. Еуроислам ауқымында оның мұрасы мейлінше өзекті.

– Бірақ бізге оңай болғанын мойындау қажет. Қазақстар, орыстар мен өзге этностар екі жарым ғасыр бойы бірге тұрды. Бір біріне үйренді, ұлттық мінез-құлықтары жақындасты, тіпті бір біріне ұқсап та кетті. Ал Еуропа жаппай көші-қон мәселесімен таяуда ғана ұшырасты. Жарты ғасыр – бұл сонша ұзақ мерзім де емес...

– Миграциялық үдерістер, әрине, Көне дүниеде әрқилы қабылдануда. Еуропалық қауымдастық та, ислам үмбеті тәрізді алаңдап отыр. Көптеген зерттеушілер

еуропалықтардың діни және мәдени бірегейлігінің, тіпті олардың онтологиялық (болмыстық) өзегінің жойылу мүмкіндігі туралы айтып жүр. Онтология – философияның бөлігі, болмыс туралы ілім. Батыста танымның бұл түріне үлкен көңіл бөледі. Бірақ, екінші жағынан, бұл адамдар Еуропаға шақырылмаған қонақ ретінде келген жоқ. Бастапқыда мыңдаған, сонсоң он мыңдаған, жүз мыңдаған түріктер Германияның бомбыланған қалаларын тазартты, зауыттар мен фабрикалар тұрғызды, кейінен ғана конвейерге тұрды. Осыдан кейін оларды еуропалық деп аталу құқығынан қалай айыруға болады? Міне сондықтан, меніңше, еуроислам Мұсылмандық Шығыс пен Батыстың интеллектуал-либералдарының арасында кеңінен танымал ағымға айналды. Бұл еуропалық өркениеттің игіліктерін пайдаланып, батыстық қоғамға кірігуге тырысатын, сонымен бір мезгілде ата-бабаларынан қалған сенімнің негізгі ұстындарын сақтауға ұмтылатын мигранттар үшін онтологиялық «тірек» болып отыр. Бай адамдарда мәселе туындай қоймайды, оларды капиталымен кез келген ел қабылдайды, дін ұстанумен, білім алумен байланысты оларда мәселе туындамайды, өйткені олар экономикаға инвестиция әкеледі. Ал қарапайым адамдарға жаңа орынға бейімделіп кету оңай емес, әрбір ел мұндай жағдайдан шығудың өзіндік амалын қарастырады. Жапонияда, мысалы, жұмысты кімнің атқарғанына, жергілікті жапон болсын немесе басқа, қытай әлде кәріс болсын, оған қарамастан жұмыс беруші бірдей жасалған іс үшін бірдей жалақы төлейді.

«Сусымалы қасиет»

– Білесіз бе, «Брейвик ісі» маған маза бермей-ақ қойды. Оңбаған, әрине. Сот қанша уақыт кессе де, бәрібір аз. Бірақ

маған «*тиіп кеткен*» бір нәрсе бар. Ұсталып жауап беріп жатқан тұста ол: «*Осылай істемегенде мені ешкім естімес еді*» деп тұрып алды. Мен мынаны айтқым келеді: қарапайым еуропалық адам таңдау құқығынан айрылған. Еуропаның мультимәдени дамуына қарсы болатындар саяси қателікке бой алдырудан сескеніп, өздерінің қорқыныштары (фобия) туралы ашық айта алмайды. Бұл агрессияның осындай тұрпайы түріне әкеліп соғады. Менің ойымша, қолға қару алғаннан гөрі, елде жүргізіліп отырған саясатпен өзінің келіспейтіндігі жөнінде не болса да ашық айтқан дұрыс тәрізді. Сұхбат – қаншама қиын әрі төзімділікті қажет ететін болса да атылған оқтан жақсы емес пе?

– Мені Норвегиядағы, Францияның Тулуза қаласындағы трагедия қатты толғандырды. Бейкүнә балаларды атып өшін алмақ болған бұл екі қаныпезердің (адам деп айтуға аузым бармайды) өз идеяларын ашық айтуға (заң шеңберінде, әрине) мүмкіндіктері болмады деп айта алмаймын. Бұл жердегі мәселе басқада. Олардың екеуі де кембағал отбасынан шыққан. Брейвик әкесіз өскен. Мохаммедтің, яғни «тулузалық атқыштың» ата-аналары Алжирден көшіп келіп, күндерін зорға көріп жүрген, бала тәрбиесімен айналысуға мүмкіндік болмаған тәрізді. Менің нық сенімім бойынша, толеранттылықтың алғашқы сабақтарын бала отбасынан алып, оны кейін мектепте «бекітуі» керек және ақырында оны ересек шағында қоғамдық өмірде дамытуы керек. Өкінішке орай, кезінде белгілі израилдік ғалым Дэвид Хейд қайғыра айтқандай, «толеранттылық сусымалы қасиетке айналып барады». Бірақ ұнжырғаны түсіруге болмайды. «Өзге» (дұрысы, «Басқа») азаматтарға деген қатынастағы агрессия мен ксенофобия үрдіске айналып кетті дегенге мен сенбеймін, бірақ оның алдын алу үшін адам тәрбиені

өзінен, өз балаларынан бастауы керек. Олардың бойына әлемді ізгі қабылдау қасиетін егу керек. Біз сізбен әңгімені әлемдік діндер съезінен бастап едік. Бұл рәміздік белгіге ие шара. Өйткені қоғамда әулие әкейлер соғыс пен зорлықты тоқтата алмайды деген тұрақты таптауырын бар. Олар өзге діндегілерге деген өшпенділікті жоя алмайды деген көзқарас бар. Бірақ бұл қате пікір. Мысалға айтар болсақ, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Ватикан арнайы циркуляр шығарды, онда мұсылмандармен, өзге христиандық ілім өкілдерімен өзара қарым-қатынасты қалай құру керектігі жөніндегі мәселелер кеңінен жазылған. Осы құжаттың шығуымен барлық католиктердің исламға деген қатынасы бірден өзгеріп сала берді деп айта алмаймын. Бірақ дұрыс бағытта қадам жасалғаны айдан анық және бүгінгі күні Ватиканның сұхбаттық саясатының әсері мол.

– Сөзіңіз аузыңызда, папа Бенедикт XVI өзінің бір сәтсіз уағзызынан кейін мұсылмандардан кешірім сұрауды жөн деп тапты. Бұл оның тек діндар ғана емес, төзімді адам екенін де байқатады.

– Дұрыс айтасыз. Өз діндес бауырларын төзімділікке, сұхбатқа шақырып православиелік епархияның өкілдері де, мұсылман діни басқармасының жетекшілері де жиі-жиі сөйлеп тұрады. Жұрттың барлығының оларды тыңдамайтыны басқа әңгіме. Кейбіреулер тыңдамағандай түр көрсетеді.

– Еуропа көшбасшыларының дабылына қарамастан, мультикультурализмді көміп тастау әлі ерте. Өйткені егер олай болған жағдайда бір ұлттың ғана үстемдік етуі орын алатын болады. Ал қазіргі Еуропада мұны көзге елестету

қиын. Бірақ «қайнату қазаны» деп аталатын теорияның бар екені белгілі. Онсыз Ұлы американдық арман әрбір АҚШ азаматы үшін мүмкін болмас еді...

– Мен бұл жерде сізбен келіспеймін. «Қайнату қазаны» теориясын бүгінгі күні көптеген ғалымдар, оның ішінде американдық ғалымдар теріске шығарып отыр. Оның орнына «мәдени мозаика» туралы, «бір тәрелкедегі әртүрлі салат» туралы көбірек айтылады. Яғни ұлттың тұтастығы оны құрайтын халықтардың әр алуандығымен сипатталады. Айта кететіні, Қазақстан халқы ассамблеясы жұмысының негізіне де осы ұстын қойылған. Біртұтас ұлт үшін рухани егемендіктің шекараларын өшіру, адамдардың мәдени бірегейлігін жоқ қылу – бұл идеялар іске аспай қалды. Бұл КСРО-да да, АҚШ-да да жүзеге аспады. Бірақ Кеңестер Одағы үшін бұл эксперимент күрделі аяқталды. Ол 15 «кесіндіге» ыдырап кетті. Біздің бұрынғы орасан алып елімізде оның жетекшілерінің «кеңес халқы» деп аталатын қауым құрамыз дейтіні есіңізде болар. Енді қазір қайда бұл теория?!

– Мәселені тағы да Қазақстанмен байланыстырғым келіп тұр. Бір қарағанда бәрі түсінікті сияқты. Елдің Конституциясы «Біз, Қазақстан халқы» деген сөзден басталады. Алайда «қазақстан ұлты» деген термині бар Ұлттық доктринаның алғашқы нұсқасы жарияланғанда қазақ зиялы қауымының көптеген өкілдері бірден қарсы шықты. Олар «біз – қазақпыз, қазақстандық емеспіз» деп жар салды...

– Бұл ұлттық өзіндік сана-сезімнің сезімтал пернелерімен ойнауға болмайтындығы. Бұл да дін сияқты өте нәзік сала. Бұл тақырыпқа қатысты қандай да бір құжат дайындау үшін жеті рет емес, жетпіс жеті рет өлшеу керек. Егер адам өзін

қандай да бір ұлттық дәстүрлермен, тілмен және мәдениетпен сәйкестендіретін болса, оған кедергі келтірудің не жөні бар?

– *Дұрыс айтасыз. Бұл пікірталасты болашақ ұрпақтың ениісіне қалдыру керек. Мен өз басым 30-40 жылдан кейін бұл мәселенің өзектілігін жоятынына сенімдімін. Жасы ұлғайған орыс қазақстандықтармен салыстырғанда, қазақша еркін сөйлесе алатын орыс қыз-жігіттерінің буыны өсіп шығады. Ұлтаралық некенің саны артады. Сөйтіп бәрі өз орнына келеді. Адамзат болмысының ең сезімтал белгілерінің бірі – ұлттық сана-сезімге бола реніш пен күмәнға орын қалмайды. Өкінішке орай, біз екі онжылдық бойы көп көпірдік. Мемлекеттік тілді қорғап алаңға шығудың орнына, тіл үйренем деген барлық қалаушыларды мемлекеттің есебінен оқыту керек еді.*

– Жеке менің өзім үшін бұл тұста үлкен мәселе жоқ. «Қазақстан ұлты» сөз тіркесін мен «азаматтық» сөзінің баламасы ретінде қабылдаймын. Өзімді тек қазақстандық бірегейлік аясында ғана сәйкестендіре аламын. Тілге келсек мен сізбен келісе қоймаймын. Оқыту жүргізілді және әлі жүріп жатыр. Бірақ ашық мойындау керек: орыс тілінде сөйлейтін қазақстандықтар бұрынғы үдемелі қалпын сақтауда. Қазақ тілін үйренбеу үшін мыңдаған сылтау табады. Ал қазақ тілі әлемдегі ең диалогиялық, полифониялық тілдердің бірі емес пе?!

– *Олай болса, біздің еліміздің игілігі үшін бір-бірімізге еңбек және сындарлы сұхбат тілейік. Шығыстың дәстүрінше, иншалла! Лайым солай болсын!*

ТҮСІНІКТЕМЕ

НАҒИМА БӘЙТЕНОВА, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы

ИСЛАМ: КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ

Мен өзімнің әріптесім Наталья Сейтахметованың «Весь мир» газетіне берген терең әрі мазмұнды сұхбатын аса қызығушылықпен оқып шықтым. Мен де дінтанумен айналысатындықтан, мақала менің қызығушылығымды тудырды. Тек ғылыми тұрғыда емес, сонымен қатар – студент, магистранттар және PhD докторанттарға осы тақырып аясында дәріс оқимын.

Қасиетті Құранның бірде-бір сөздерін өзгертуге болмайды

Біздің студенттер – білімге құмар, әуесқой қауым. Сондықтан, барлық жағынан алғанда оқуға тұрарлық бұл жұмыспен танысу, олар үшін өте пайдалы. Оның үстіне еуроислам бойынша зерттеулер бізде жоқтың қасы, әрі бұл дінтанудағы қызықты әрі жаңа бағыттардың бірі. Соңғы кездері, ислам сөз бостандығы, адам құқығы, төзімділік және дінге еріктік сияқты кейбір еуропалық құндылықтармен байланыстырылып жүр. Еуроисламның қазіргі заман теоретиктері шығу тегі араб Тарик Рамадан, Бассам Тиби сияқты еуропалық ғалымдар. Әсіресе, Бассам Тиби еуропалықтардың исламға деген қатынасы күрделі деп тұжырымдайды. Дегенмен де, исламды нақты бір территорияға,

яғни, Еуропаға бейімдеудің кезі келген сияқты. Менің түсінігімше, мәселе аталған ілімді жаңарту яғни, модернизациялау туралы емес. Себебі, мұсылман дінінің идеологиясы және мәдениетінің негізі болып табылатын Құранның бірде-бір сөзін, үтір, нүктесін де өзгертуге болмайды. Қазіргі таңда Еуропа толығымен исламдануда: минареттер салынып, жаңа мешіттер ашылды. «Комсомольская правда» газеті 2012 жылдың 14- желтоқсанында шыққан санында қызықты мәліметтерді келтірді. Ұлыбритания басылымы өткен жылдағы халық санағының нәтижесін жариялап, Англия мен Уэльстегі мигранттардың саны 13-20 пайызға өскен. Ал Лондондағы мигранттардың саны халықтың 37 пайызын құрады. Елде христиандардың саны азайып, атеистер мен мұсылмандардың саны артуда. Ғалымдардың болжамы бойынша, жарты ғасырдан кейін Еуропаның тең жартысы мұсылман тұрғындарына айналмақ. Қазіргі күннің өзінде Еуропадағы ислам – бұл шындық. Сондықтан, бұл жағдайды есепке алған жөн. Біреулер исламды қауіп ретінде көрсе, басқалары жаңа дүние ретінде қабылдайды. Жалпы исламға көзқарастың басым бөлігі біржақты және көбіне бойынан тек жағымсыздық көруге тырысады. Еуропада қалыптасқан жағдайларды ондағы исламмен өзара сабақтастыра отырып, саралау аясында, адамдардың бейбіт және өзара тиімді өмір сүру шарттарын ойластырған жөн. Бүгінгі күні, еуроислам жақтастары батыста тұратын мұсылмандарды батыс қоғамының ықпалына түсіп, өз сенімдерінен таймауға шақырады. Еуропалықтар ислам мен мұсылмандар туралы толығымен ақпараттанған. Бұл орайда олар мұсылмандардан отбасы құндылықтары, жас ұрпақтың үлкенге деген құрметі сияқты кейбір тәрбиелік тұстарын үйрене алады. Ортағасырларда араб тілді мұсылман мәдениеті Еуропа мәдениетіне үлкен әсерін тигізгені белгілі. Испанияны жаулап алғанға дейін араб мәдениеті жергілікті испан-рим мәдениетіне қарағанда төмен болса, IX-X ғғ. мәдениет пен ғылымның дамуы нәтижесінде араб мәдениеті маңызды рөлге ие болып, мұсылмандық Шығыс үшін ғана

емес, христиандық Еуропа үшін де мәдени орталыққа айналды. Ортағасырлық авторлардың мәлімдеуінше, еуропалықтардың өзі үлкен құлшыныспен араб тілін үйренген, арнайы кітаптарға тапсырыс беріп отырған. Қазіргі Испанияның территориясында, дәлірек Андалусияда, әлі күнге дейін, ислам мәдениетінің, яғни, Кордова халифатының ескерткіштері сақталып тұр.

Арандатушылыққа ермеу керек!

Қазіргі таңда, әлемдегі екі ірі діннің ара-қатынасы шиеленісті болып келеді. Әсіресе, Дания баспасында Мұхаммед пайғамбардың келемеж суреті, яғни, карикатурасы жарияланғаннан кейін, Алжирден Индонезияға дейін шиеленістер толқыны жүріп өтті. АҚШ-та түсірілген «Мұсылмандардың күнәсіздігі» фильмі де исламды жағымсыз жағынан танытты. Әрине, бұл мәселеге мұсылмандардың әрекеті де қатаң болды. Жауап ретінде көтерілістер, наразылық шаралары бой көтерді, шетел дипломатиялық миссиялары өртеніп, нәтижесінде Бенгазида американ елшісі қаза тапты. Өкініштісі, бұл жағдай Ливия көтерілісшілерінің Каддафиге қарсы жүргізілген күресті жеңуге айтарлықтай әсер етті. Иә, саяси күрестің өзіндік логикасы бар. Тек, бейбіт исламмен бұл жағдай мүлдем үйлеспейді. Осы тұрғыда мынадай сұрақ туындайды: имам, мүфти және шейхтар осы жағдайда шырмауға түскендерін түсінбей ме? Бір жағынан, мұсылмандардың ой тазалығы мен рухани сезімінің терең дамығанын да ескеру қажет, сондықтан, Қасиетті Құран мен мұсылман дініне қатысты кез-келген сатира мен келемежге олар жол бермейді. Өкінішке орай, исламды саясаттандыру әрекетін жүргізетін күштің де бар екені рас. Бұл бірнеше батыс мемлекеттерінің жүргізіліп отырған геосаяси мүдделері болуы мүмкін немесе белгісіз біреулер дінге сенушілердің сезімін деструктивті бағытқа бұруды көздеуі де мүмкін. Уақыт өте келе ақиқатқа көз жеткізетініміз анық. Сол кезде бүкіл ислам әлемін келемеждегендердің есімі де анықталып

жатар. Бүкіл ел алдында өртке оранған Құран туралы не деуге болады? Тіпті, ең артта қалған ислам елдерінде де бірде-бір мұсылманның қолы Библия мен Евангелиеге тиген емес. Мүмкін кейбіреулер, келеңсіз жолмен діндарлардың сенімін өзге бағытқа бұруға әрекеттенген болар, бұл мәселе де ертеңгі күні айқындалып жатар. Наразылық шаралары өркениеттілікке мүлдем сай емес. Мүмкін себеп, мұсылман жастардың білімсіздігінде болар, өйткені олардың жағдайы батыстағы қатарластарынан анағұрлым төмен. Көптеген сарапшылардың пікірінше, Батыста орын алған келеңсіз жағдайларға себепкер, Еуропа билігінің де кінәсі бар екенін атап өтті. Еуропа билігінің басшылары мұсылман халқына, әсіресе, аталған наразылық шаралардың басты кейіпкерлері болып жүрген жас буынға қатысты мәселелерді шешуге мүлдем араласпайды. Мұсылмандарды ығыстыру арқылы, саясаткерлер мұсылмандар, радикалды исламистер тарапынан көрсетілетін наразылықтан өзге ешқандай нәтижеге ие бола алмайды. Олар қазіргі таңдағы Еуропадағы өз жағдайларына қанағаттанбай отырған мұсылмандардың санасын билеп отыр. 2009 жылғы Интерполдың көрсеткіші бойынша Еуропада тіркелген 300 террористік актілердің тек біреуі ғана исламистер тобымен іске асырылған. Исламофобияға қатысты мәселелер көлемінің ұлғайғаны соншалық, «Эмнести интернейшенл» ұйымы мұсылмандардың наразылық шаралары қудаланатынын ескертіп, мәлімдеді. Бұл жағдайды мұсылман жастары исламға қарсы әрекет ретінде қабылдап, міндетті түрде, олардың тарапынан көрсетілетін наразылық шараларға әкеледі. Бұл жағдайлардың бәрі мұсылман диаспорасы мен жергілікті халық арасындағы шиеленіске де әкеп соғатынына да аса назар аударғым келеді. Наталья Сейтахметова, мәселелердің себебін анықтаудан бұрын, бірінші кезекте қайғылы жағдайға кінәлілердің ұлты, сеніміне назар аударылатынын дұрыс атап өтті. Бұл тек мұсылмандарға қатысты. Дәл осындай жағдайлар керісінше де сипатталып жүр. Тулуздан шыққан қанішер (тегі алжир, мұсылман) еврей балаларын

еш аямастан, қырып салды. Бұл жағдай «ислам терроризмі» ретінде сипатталды. Ал, Брейвик немесе оған ұқсас санасыздардың істеген қылмыстары «христиан терроризмі» ретінде тіркелмеді. Брейвик секілді қанішерлер жалғыз емес. Бүкіл Америка, нәтижесінде 27 адам өлген, Кентукки штатындағы болған қайғылы жағдайдан әлі де айыға алмай отыр. Ал, егер осы қылмысты жасаған араб немесе мұсылман болғанда, мемлекеттегі жағдай не болатынын елестетіп көріңіз. Дегенмен де, мұсылман елдері мұндай арандатуға берілмеу керек, осы тұрғыда профессор Сейтахметовамен толығымен келісемін. Ал енді, Еуропада «Мұсылмандардың күнәсіздігі» фильмінің интернетте жарияланған кейінгі наразылықтарды дін қызметкерлерінің сабырға шақыруының арқасында басылғанын да атап кетейік. Париж, Лондон, Берлин және тағы да басқа Еуропа астаналарында имамдар наразылық шараларын бейбіт түрде шешуге шақырды және бұл әрекет іске асты деуге болады. Яғни, бұл бастапқыда атап өткендей, еуроисламның Еуропаны жаулауы. Осы орайда, исламға да, исламофобияға да қатысты мұндай болмыстың біздің елде орын алуы мүмкін емес екендігін де атап өту жөн. Әрине, бұл түсінікті де. Әр түрлі көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасының 75%-ға жуық тұрғындары өздерін мұсылман санайды. Дегенмен де, халықаралық қауіп-қатерлер біздің де мемлекетті айналып өтіп жатқан жоқ. Экстремистердің қолына тек бомба, автомат емес, исламды да алып жатқаны құпия емес. Ғылыми-тәжірбиелік конференцияларда сарапшыларды «Қазақстандағы мұсылмандардың діни басқармасы қандай шара қолдана алады?» деген сұрақтар көп мазалайды. Террористермен пікір таластыра алмаймыз ғой?! Мәселені адамның қолына қару алмай тұрып қарастыра бастау керек. Егер ол дінсіздерді аямай қыруға дайын болып тұрса, онда Құранның сүрелерін оқу еш нәтиже бермейді. Осы тұрғыда, мен мұсылман қоғамының жетекшілері қажетті белсенді көзқарасты ұстанып отырған жоқ, деп есептеймін. Қазақстан үшін дәстүрлі діндер ханафит

мазхабындағы ислам және православие келісімімен әрекет ету керек. Себебі, радикалды ислам (ваххабиттер) және протестанттық бағыттағы жаңа ағымдар мемлекетімізге залалын тигізуі мүмкін. Осы тұста, Қазан қаласының тәжірбиесін мысалға келтіргім келеді. Дін қызметкерлері жұма намазы, уағыз айту барысында «өзге бағыттағы исламның» жеке адамға да, мемлекетке де қауіп төндіретінін, жалған уағызшылардың Татарстанға қайдан келгенін, кімнің өкілдері, мақсаттары не екендігін айтып, ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Имам – қазіргі заман адамы

Бізде мұндай тәжірбие әлі жоқ. Дін басқармасы да құр алақан отыр деуге болмайды. Имамдар үнемі темір тордың ар жағындағылармен де, студент жастармен де кездесулер ұйымдастырып отырады. Оларды дұрыс бағытқа салуды көздейді. Тек мұндай жұмысты, әлдеқайда ертерек бастау керек. Рас, жаңа дін туралы заңға сәйкес түрме, қарттар үйіндегі мешітер мен намазханаларды жабуға тура келді. Менің ойымша заң догма емес. Оның қалай жұмыс жасайтынын бақылап, кейін өзгертулер енгізуге болар. Өмір өзі-бәрін ретке қояды. Менің имамдармен жиі кездесуіме тура келеді. Мені алаңдататыны, олардың білімінің көп жағдайда схоластикалық сипатта болуы. Құранның сүрелерін жаттап алған, ал дін жолында жүргендерге қажет кең ой-өріс кемдеу. Түркияда, егер имамның университеттік білімі болмаса, оған лицензия берілмейді. Болашақ дін басы, психология, философия, әлеуметтануды меңгеруі керек және аздап саяси білмен де хабары болу керек. Түркия университеттерінің біріндегі, теологиялық факультеттің профессоры маған, имам өз діндарларынан бір бас жоғары тұру керектігін атап өтті. Сондықтан, білімі де сәйкес деңгейде жоғары болуы қажет. Еуропа мемлекеттерінде, католиктердің арасында, дін қызметшілерінің төрттен үш бөлігінің

магистр немесе PhD доктор дәрежесі бар. Тек, дін қызметкерлерінің 25 пайызының өзінде бакалавр дәрежесіне ие болғандар. Бұл бағытта да бізде еш шара қолданып жатқан жоқ деуге болмайды. Қазақ-египеттік «Нұр» университетінде (бұрынғы «Нұр-Мұбарак») имамдардың қазіргі заманға сай деңгейде дайындығы жүргізіледі, соның өзінде тек тар теологиялық бағытта. Ал менің ойымша, болашақ діни қызметкерлеріне толыққанды университеттік білім беру қажет. Имам ұялы телефонды ұстап, шетел маркасындағы көлікті мінгеннен бұрын, нағыз терең білімді, қазіргі заман тұлғасы болуы шарт.

Соңғы айтарым, түрлі конфессия өкілдері үнемі келісімде болғаны абзал. Иә, әлемдік діндер съезінде барлық конфессиялардың өкілдері қатысады және провапсавиелік әкейдің имаммен бір үстел басында ортақ мәселелерді талқылап отырғанын байқаймыз. Мысалы, белгілі бір ауылдық жердегі дінге сенушілерді дұрыс бағытқа бұру, көпір, балабақша, мектеп салуға жәрдемдесу жайлы. Бірақ, бұдан өзге мәселе қозғалмайды. Ислам мен провапсавиенің ортақ оппоненттері мен қарсыластары бар – дәстүрлі емес діндер мен секталардың, нақтырақ жалған діни білім алғандардың өкілдері. Провапсавтық қызметкерлер мен имамдар үгіт-насихат жүргізуде тәжірибемен алмасса, теледидардан сөз сөйлеп, бірлесе ғылыми-тәжірбиелік конференциялар ұйымдастырса екен деген тілектемін. Ең ауқымдысы – мүмкіндігі шектеулі балаларға, қатты науқастарға, соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған республикалық деңгейде қайырымдылық шараларын жүргізу болар еді. «Весь мир» газетіндегі мақала мені осындай ой толғанысына әкелді.



ОТАН ИГІЛІГІ ҮШІН БІРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ!

Бүгінгі біздің сұхбат ерекше тақырыпқа – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа жолдаған хатына арналып отыр. Құжаттың тақырыбы: «Қазақстанның әлеуметтік жаңаруы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» деп аталады. Ел басы көтерген мәселелердің көбісі гуманитар-ғалымдар жасаған ғылыми ізденістермен тығыз байланысты болды. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор *Мұхтар Изотов* өз ойымен бөліседі.

БІЗДІҢ ҚҰЖАТТАМА

МҰХТАР ЗИЯДАҰЛЫ ИЗOTOB



Философ, ғалым және көрнекті тұлға М.З. Изотов 1952 жылы Алматы қаласында дүниеге келіп, № 25 орта мектебін алтын белгімен бітірді. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика факультетіне түсіп, оқуын аяқтағаннан кейін сол университетте инженер қызметін атқарады. 1980 жылы КазМУ-дың философия-экономикалық факультетіне күндізгі аспирантура бөліміне түседі. 1983 жылы университетте жаратылыстану және ғылым дамуының философиялық мәселелері бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды. Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия кафедрасының Президиумына шақырылады. Докторлық диссертациясын 1994 жылы Қазақстан Республикасының академиялық философия Институтында қорғайды. Қорғау барысында «Қазіргі ғылымның әлеуметтік-мәдени және логико-гносеологиялық интеграциясы мәселелері» тақырыбында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1995–1997 жж. аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитетінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Кейін философия Институтына қайта оралып, онда ғылым жөніндегі директордың орынбасары, әлеуметтік философия бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып, қазір Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінде Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді. 130-дан астам ғылыми мақалалар мен монографиялардың авторы. Ғылыми

ізденістернінің негізгі бағыттары: ғылым мен техника философиясы, әлеуметтік философия, философиялық антропология және мәдениет философиясы. М.З. Изотовтың ұйымдастыруымен және белсенді араласуымен көптеген мемлекеттік және халықаралық ұйымдар гранттары мен тапсырыстары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары табысты аяқталды. Оның арасында ерекше атап көрсететін іргелі зерттеу жұмыстары «Қазақстан халқының мәдени бірлігі» (1997–1999 жж.), «Ежелгі заманнан қазірге дейінгі Қазақстан ғылымының қалыптасуы мен дамуы». Екі томдық: 1 том (2003–2005 жж.); 2 том (2006–2008 жж.); ҚР Президенті әкімшілігінің мемлекеттік тапсырысы бойынша – «Қазақстан жаһандық даму трендінде» (2005 ж.); «Қазақстандағы ЖОО-дағы және оқушы жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру Қазақстанның тұрақты даму қағидадары ретінде (әлеуметтік-философиялық талдау)» қолданбалы зерттеу жұмыстары (2007–2009 жж.); «Адамзат капиталының өсуі жаһандану кезіндегі Қазақстанның ұлттық басымдылығы ретінде» іргелі зерттеу жұмыстары (2009–2011 жж.). «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына белсенді түрде атсалысты. «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуында қосқан үлесі үшін» кеуде белгісімен және Қазақстан Республикасы ғылым министрлігінің алғыс хаттарымен марапатталды. Ұстаздық жолында бір ғылым докторы мен он бес философия ғылымының кандидаттарын дайындады.

Қазіргі таңда М.З. Изотов «Адамзат қоры қазақстандық қоғамының инновациялық мәдениетінің негізі ретінде» (2012–2014 жж.) – іргелі ғылыми-зерттеу жобасының ғылыми жетекшісі.

Істі ертеңге қалдырмау керек

– *Мұхтар Зиядаұлы, Сіз өзіңіздің жұмыстарыңызда «адам капиталы» деген сөз тіркесін жиі қолданасыз. Бұл ұқсастық сізге өрескел естілмей ме? «Капитал» – бұл экономикалық ұғым, ал «адам – ол мақтанышпен айтылады деп атақты пролетар жазушы айтқан еді. Кеңес Үкіметі*

кезінде «еңбек ресурсы» деген ұғым кең қолданылған. Әрине, жақсы естілмегенімен сол уақыттағы кеңестік құрылым мен билік басындағылар адамдар бойынан біріншіден БАМ құрылысшылары мен тың игерудің алғашқы майдангерлерін көрді. Ал қазір уақыт өзгерді...

– Әрине, бұл сөз тіркесі онша сәтті емес, өйткені бұл ағылшын тілінен тікелей аударма. Бірақ, «адам капиталы» ұғымының ештеңесі жоқ. Оны алғаш рет американдық макроэкономистер Теодор Шульц пен Гарри Беккер қолданып, кейін «адам капиталы» деген теорияны зерттегені үшін жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдардың ортасында Нобель сыйлығын алған болатын. Заманауи марксистер бұл теорияны қолдамайды, себебі Карл Маркс «адам» және «капитал» ұғымдарының бірге қолдануына қарсы шыққан еді. Осылайша, бұл қарама-қайшылықты пікірталастар қазір де өз өзектілігін жоғалтпай отыр. Алайда, менің өзімнің жеке пікірім: бұл ұғым ғалым – әлеуметтанушылар мен әлемнің саясаткерлерінің лексиконына еніп кеткендіктен, бұл ұғымға қарсы шығудың қажеті жоқ. Сонымен қатар ғылымда көптеген метафоралар кездесіп тұрады. Мысалы, физиканы алсақ, онда «әртүсті кваркелді» немесе «бауланған кварктар» осындай сөз тіркестері метафоралар жаратылыстану мен техникалық ғылымдарда кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар метафоралар қоғамдық ғылымдарда жиі қолданылады, түйіндеп айтсақ: «адам капиталы» – бұл әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын метафора.

Адам капиталын тереңірек түсіндіріп кетсек, ол – адамның жиналған жалпы не арнайы білімі, кәсіби біліктілігі мен өндістік тәжірибе арқылы жинақталған білімі, оның шеберлігін білдіретін ұғым. Г. Беккердің пайымдауынша, адам капиталдың бір формасы, себебі ол болашақ табыс пен болашақ қажетті құштарлықтарының немесе екеуінің біріккен көзі. Ол адами, себебі ол адамның

негізгі құрылымдық бөлігі, яғни ол адамға тиесілі. Т. Шульцтің пікірінше, білім алу, жұмыс орнында оқытылатын оқулар, адамның денсаулығын нығайту – осының бәрі адам капиталын дамытатын қызметтің бір түрі болып табылады.

Қазақстанның алдына қойылған ендігі мақсаттарының бірі – расымен де әлем нарығының тауарлары, қызмет түрлері, еңбек ресурстары, капитал, заманауи ойлар мен технологияларының ажырамас және динамикалық бөлігі болу. Осы мақсатқа жету үшін заманауи оқу мен кәсіби мамандарды, кадрларды қайта оқыту, «ақылды экономика» негізінде мамандарын даярлап шығу, жаңа технологияларды, идеялар мен соған жету жолдарын қолдану, инновациялық экономиканы дамыту. Ал оны іске асыру үшін өзіндік адам капиталын дамыту керек. Сондықтан ел басымыз Н.Ә. Назарбаев: «Адам капиталына демеушілік жасамай ешқандай экономика табысқа жете алмайды» деп ерекше атап көрсеткен болатын. Адам капиталы білімді, біліктілікті, рухани интеллектуалды белсенділік пен тәжірибелік білімді жинақтап, интеллектуалды, рухани және мәдени бағдарланған адам қабілетін іске асырып, жаңа бұрын соңды болмаған білімнің пайда болуына әкеледі.

– Сұхбатымызды ара қарай өрбітсек, сіздің жетекшілігіңізбен үш жыл бойы жұмыс істейін деп жатқан жоба жайлы айтып береңізші. Қандай мақсатпен іске асырылады? Бұл зерттеу жұмыстарының тәжірибелік маңызы қандай?

– Бұл жобаның мақсаты адам капиталын қалыптастырушы индустриалды-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлы-рухани салаларды қамтитын кешенді-жүйелі зерттеу инновациялық жұмыстарын жүргізу, үрдістегі қазақстандық әлеумет мәдениетінің және қазақстандық тұтас жаңару негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына оңтайлы ықпал етуін зерттеу болып табылады. Қазақстанда

заманауи деңгейде инновациялық қоғамның қалыптасуы адамкапиталын қалыптастырмай білім жүйесі, кадрлардың даярлануы және қайта даярлануынсыз іске асыру мүмкін емес. Сонымен қатар стратегиялық мақсатты да естен шығармауымыз керек: Қазақстан индустриалды-инновациялық дамуының бірінші кезеңінен өткен соң, екінші кезеңіне өту керек, яғни инновацияны тек қана экономикада ғана емес, барлық салаларда да қолдана білу қажет. Адам жаңа жағдайларға бейімделіп, өмір сүруге үйрену керек. Бұл ой елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласының негізгі түйіні. Осы мәселенің шешімін кейінге қалдырмай қазір іске асыру қажет. Біз алған білімімізді жүйелендіріп, оны өз отбасымыз, өндіріс және туған еліміздің нығаюына жұмсауға үйренуіміз қажет. Азаматтық көзқарас жағынан қарамасақ, адам капиталы – білім құны ғана болып қалады. Өз көзқарасымызда табандылық танытып, әлеуметтік жауапкершілікке үйрену керек.

Енді нәтижелерге келсек, отандастарымыздың іс-әрекет үлгісін – теориялық және әдіснамалық деңгейде құрастыруды жоспарлап отырмыз. Қазақстандық ЖОО-дары мен колледждерде қаншалықты болашақ жас мамандарды даярлайтынын анықтағымыз келеді. Осы даярлық ұлт лидерінің қойып отырған деңгейіне сай келе ме? Жастар жаңашыл және креативті ойлай ала ма? Алайда, біз тек осы қиын жолдың басында ғана келе жатқанымызды айтуға тура келеді. Ең көп тараған қателік (ал оны жиі технократтар жасайды) – адам капиталында білім алу мен білім құны жиналуына ғана көңіл аударуда. Адам капиталы – ол ең алдымен, мәдениет, сонымен қатар өзін-өзі ұстау мәдениеті. Сондықтан біздің алға қойған мақсатымыз: қиын да тез өзгеріп тұратын заман мен ғылыми терең технологиялар жағдайында қоғамдағы адамзаттың өз-өзін ұстауы қаншалықты деңгейде болатынын анықтау. Ол

әлемдік қаржылық дағдарысқа төтеп бере ала ма? Еліміздің инновациялық даму жағдайында өндірістік және қоғамдық үрдістерді қаншалықты басқара алатынын анықтау керек.

– *Елбасымыздың кезекті еңбегі осы адам капиталына арналған. Әрине осы жиырма жыл бойы өткен оңтайлы өзгерістер туралы айтпай-ақ қояйын, ол туралы Елбасы 2012 жылғы Жолдауында айтып кеткен болатын. Әлі шешілмеген сұрақтарға назар аударатын болсақ. Елбасымыз «Мен өз Жолдауымның іске асырылу қадамдары мен сапасымен қанағаттанбай отырмын» деп шенеуіктер қызметін нашар бағалаған болатын. Менің пікірімше, ұлт көшбасшысы ұятты мәселеге қатты көңіл бөліп отырған сияқты. Қоғамда жалқаулық қатты дамыған. «Мемлекет шексіз донор емес, ол азаматтардың жағдайын жақсартуға жұмыс істейтін серіктес» – деп Қазақстан Республикасының Елбасы ой түйген болатын. Мемлекет бізге мынаны бөлу керек, ол міндетті деген сөздерді жиі естиміз. Біз осы біреуге тәуелді болуды қашан қоямыз, ол ауруды емдеу үшін не істеуіміз керек? Мүмкін оны уақыт емдейтін шығар. КСРО құлағаннан кейін қалыптасқан болашақ жастар тіптен басқаша болады...*

– Бұл мәселе өздігінен шешілмейді. Барлығын уақытқа тіреп қоюымыз да қателік болар. Бізге қоғам дамуының нақты жолдарын анықтауға итермелейтін идеология қажет. Адам капиталы жиынтығының негізінде инновациялық мәдениетті жасау керек. Ол саналы және заңды бұзбайтын әр азаматқа жақсы жағдайды жасауға тырысатын болуы қажет. Ол дербес жұмыс істеп не өзінің ықтиярын бідіруіне құқығын алу керек. Біріншіден, барлық жағдайда «барлық ықтиярлық – жазаланады» деген ұғым қолдана беруі де дұрыс емес. Кеңес Үкіметінде осы мақал пайда болды, алайда өз мәнін әлі де жоғалтпай отыр. Екіншіден, қазақстандық қоғамның инновациялық жетілуі оның секторлары

қамтамасыздандыруы математикалық тілмен айтқанда – континуумдары не микроқоғамдастықтары толық болуды да көздейді. Бұл қала, аудан орталығы, тіпті ауыл болуы да мүмкін. Олар көптеген сұрақтарды мемлекет көмегіне жүгінбей өз мәселелелерін шеше білуі қажет.

Елбасы нұсқаулары

– Америка Құрама Штаты әлемнің барлық жерінің түкпір-түкпірінен жиналған белсенді адамдардан құралған. Сонымен қатар, олардың әрқайсысы табыс көзіне жетеміз деп армандады. Онда «әр ықтиярлық – жазаланады» деген мақал тіптен пайда болуы мүмкін емес еді. Ал бұл тұрғыда Қазақстан өзгеше дамыды. Басында Ресей үкіметінің шеткі бөлігі, кейін кеңес империясының бөлігі болды. Сондықтан бізде бәрі ерекшелене бастады. Біздің қазіргі адам психологиясын қалай өзгертеміз? Онымен әрине ешкім пікір-таласқа түспейтін шығар. Алайда оны тәжірбиеде қалай қолдану керек? Н.Ә. Назарбаев оның нұсқауын былай көрсетті: «жұмыс бар жерге тұруға тырысу керек». Бұл пікірге байланысты, оппозициялық топтар ішкі миграцияның өсуіне байланысты: жалғыз Алматыда миллионнан астам мигранттар бар және олар баспанасыз және жұмыссыз болғандықтан өмір сүру жағдайы күрделенуде деп жар салуда. Мұның шешімі қандай?

– Жүйелі жұмыс істеу керек. Нақты жоспар жүргізу қажет. Осы түсінікте мемлекет өз тарапынан аз жұмыстар жасады деп айта алмаймыз. Қазақстанда өндірістік күштердің орналасуы мен дамуы үшін Жол картасы жасалынып, ол қатты бақылауға алынып отыр. Кадрлардың жылжымалы болуы – осы құжаттың негізгі бөлігі. Сондықтан да қазір бұрын Кеңес Үкіметінен кейін құлдыраған техникалық-мамандандырылған училищелер қайта құрылып жатыр. Әрине барлық мемлекет тек қана заңгер, экономист және

дипломаттардан құрала алмайды ғой. Біреу жерді егу керек, нан пісіру, үй және зауыт құрылысымен айналысу қажет. Осы жерде елбасымыздың жастарды сергек және белсенді болуға шақыруы өте дұрыс. «Мемлекеттік жастар саясаты заңын қайта қарастырып, оны жаңашылдандыру керек. Жас мамандарды кейін жұмысқа орналастыратын еңбек шарты мен әлеуметтік пакеттер және жастардың тәжірибе жасау үшін қол жетімді ету керек», – деп Елбасы баса айтты. Сонымен қатар, азаматтар белсенділігінің олардың ақпараттандыруымен құрылуы керек. Қазақстанда жас мамандар өз күшін, білімін және белсенділігін жұмсайтын жерлер де аз емес. Өкіншке орай біздің бұқаралық ақпарат құралдары осындай оңтайлы ақпараттардан гөрі теріс және сенсацияларды қудалауға құмар. Сонымен қатар ең үлкен деген іскерлер өз өндірісін жарнамалауға тырыспайды. Бізді онсыз да бәрі біледі деп ойлайды. Бірақ ол өз-өзін алдау. Күйзелісті территорияларды алатын болсақ, олар Қазақстанда бар және олардың әрқайсысына бөлек кіші не орта бизнес құрылуы керек. Себебі, кедейлік – терроризм мен экстремизмнің азығы.

– Соған қарамастан ішкі болсын, сыртқы болсын миграцияны үнемі бақылап отыру керек. Мені жазба либералдары сынайтын шығар, бірақ сізден сұрағым келгені: мүмкін бізге бұрынғы «қайырымды» дәстүрге қайтып оралу керектігіне қалай қарайсыз? Мысалы адам оқуға келді, жұмыс тапты, бәрі жақсы. Бірақ мегаполис шетінде және соның аясында ол үшін «кедейлік шеңберін» жасау тіптен дұрыс емес деп ойлаймын...

– Осындай өрескел әдістер, түрлі тыйым салулар және шеттеу пайда әкелмейді. Біз демократиялы қоғам құрап жатқанымызды ұмытпайық. Азаматтардың өз бетімен орын ауыстыруы оның негізгі постулаты. Осы

жайлы да ұмытпауымыз керек. Жаңаөзен секілді кішкене қалаларда болған оқиға, урбанизациялық миграцияның өз-өзімен жоғалуына жол бермеу керек. Жанаөзен секілді кішкене қалаларда жұмыссыздық деңгейін өлшеп тұру керек, оны қауіпті деңгейге түскенге дейін жібермеу керек. Кіші және орта кәсіпкерлікке жеңілдіктер жасалу қажет. Сонымен қатар, осындай мәселелер: адамдардың өздігімен орын ауыстыруынан емес, қылмыстың «бірге жүріп жатқандығынан» да екенін естен шығармаған жөн. Заңға қарсы шықпайтын азаматтармен қосылып, олардың арасында ортақтасуға тырысатын қылмыс элементтерін әрқашан бақылап, оны өз пайдамызға жұмсауымыз керек. Мен басқа мемлекеттерде кең қолданылатын демократиялы және дамыған заманауи ғылыми-техникалық жобалардың бізде қолдануын қолдаймын. Бұл микрочиптер, кейбір өз жазасын өтеген адамдарға электронды «браслеттер» тағуға қарсы емеспін. Бұндай әдістер басқа азаматтарға тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Жеке кәсіпкер заң алдында жауапты емес пе?

– Елбасы «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына» шақыру кезінде, бәріне белгілі тезистерін қайта айтып кеткен болатын. Тіпті жиырмамыншы жасырдың басында да коммунистер «Әлемнің билеушісі еңбек» болатынын айтқан еді. Бұдан не шыққаны бәрімізге белгілі. Барлық мәселе құжатты нақты толтыруында. Осы мағынада қоғам әлеуметтік қақтығыстарға алып келетін, заңның шығуына қатысты әр түрлі пікір айтады. Бұл мәселеде «зауыт, шахта, паракход» басқарушыларына да қатысты айтылып отыр. Қарапайым халық олардың «бәрін» отырғызуға болады деген ойдан ажырағысы келмейді, ол жөнінде кейде Елбасы да еске түсіріп отырады...

– Елбасы екі ұшты қылмай өзі қай жақты жақтап отырғанын білдірді. «Отандық сондай-ақ, шетелден келген кәсіпкерлердің әлеуметтік стандарттың орындалуына жауапкершіліктерін жоғарылату керек... Кәсіптің жеке меншік түрі өзінің заңдарын шығаруға құқық берген жоқ. Берілген стандарттарға сай келмесе, соған жауапты лауазымды қызметкерлердің, жұмыс берушілердің заң бойынша жауапкершілігін анықтап беруі қажет». Жалға алынған жұмысшылар біздің елімізде әлі де болса қолданылып келеді. Сондықтан жалға алынған жұмысшылардың жеке бас құқығының сақталуы бұзылу жағдайында қорғалуын қамтамасыз ету керек. Алайда, еңбек қайшылықтарын митинг арқылы емес, сотта шешкен жөн, мысалы Жаңаөзендегі оқиғаның қирату мен тонаушылыққа ұласқанын айтуға болады, ондай шаралар ұрыс-керіспен қатар ұрлыққа да апарады. Екінші жағынан қарасақ, жергілікті билік және мұнай өзектерінің қожайындары қарапайым халықтың қажеттіліктеріне көңіл аудармады. Сонда олар үшін ең маңыздысы мұнайды көптеп тартып алу болып тұр. Ең бастысы – адамдар, одан кейін табыс болу керек. Сіздің «әлеуметтік қақтығыстардың өршуі» жайлы пайымдауыңызды түсіндім. Объективті журналист өзінің кәсіби борышын өтеу кезінде көтерілісшіден сұхбат алса, оны заң бойынша соттап жіберуге болады. Бұл жерде біздің заң шығарушылар кейін қателіктер болмас үшін жақсылап жұмыс жасау қажет. Осы жөнінде Жоғарғы Сот түсіндіріп кетуі керек. Мен үшін олигархтар да Қазақстан тұрғындары. Олар да мемлекет заңдарына бағыну керек. Менің де осы мағынада азаматтық қоғамның күшеюіне деген үлкен үмітім бар. Байлар да кедейлер де, жұмыс берушілер де жалдамалы жұмыскерлер де – ешкім заңнан жоғары тұрмау керек. Сондықтан Елбасы мақаласы – орталықтағы және жергілікті елді мекендегі олигархтар үшін арналған ескертпе..

– Осы мағынада құқықтық қателіктер айдан анық байқалады. Не Еңбек, не Әкімшілік кодекстерінде жұмыс берушілер, қызметкер және т. б. тұлғалар жағынан еңбек қақтығыстарын қоздырғаны үшін жауапкершілікке тағылтыны жайлы бірде-бір бап жоқ. Мен Елбасы ол жайлы енді ғана сөз қозғанын түсінбедім. Әділет министрлігі, Жоғарғы Сот, еңбек және әлеуметтік қорғаныс министрлігі осы жайлы білмейді ме?

– Шамасы қызметкерлер арасында басқалардың қалтасы арқылы өмір сүруге үйреніп қалған адамдар көп сияқты. Лауазым берді ме – соған рахмет. Мен қазір Елбасы берген әдіснамалық Жолдауды ешбір ойланбай, талдаусыз орындай ма деген ой қатты уайымдатады. Біз, ғалымдар осындай жағдай туындамас үшін, дүниетанымдық және әдіснамалық талдау негізінде көмектесуге бар күшімізді саламыз. Біздің зерттеулеріміз билік басындағыларға бара ма – бұл енді басқа мәселе.

– Жаңаөзендегі болған қақтығыс көптеген себептерден пайда болды. Мен біреуін атап көрсетсем: кәсіподақтардың дұрыс бағытты жұмыс жасамауы. Билік басындағылар да оттозияция да бір дауыспен, кәсіподақ өз күшін жойғанын айтады. Олар адам мүддесін, еңбегін қорғай алмайды. Егер кәсіподақ өз ісімен айналыспаса, наразылық көшеге шығады...

– Адам капиталы өзінің еңбек және азаматтық құқықтарын қорғай алуы болып табылады. Оларды азаматтық қоғам қалыптастыру аясында жаңғырту керек. Мұнымен кімнің айналысатыны белгісіз. Осыдан қазақстандық кәсіподақтардың көлеңкеге кетіп қалғаны өкінішті-ақ. Алайда бізге кәсіподақтар ауадай керек. Ол тек қана жұмысшы-мұнайшыларға еңбек ақысын жоғарылату үшін ғана емес, біз сияқты интеллектуалды білім тасымалдаушыларына да қажет. Кеңес

заманында Ғылым Академиясының жұмыскерлерінде арнайы санаторий-сауықтыру, Ыстық-Көлде демалыс аймағы, қызметкерлердің балаларына арналған балабақша болатын. Ал қазір ол тоқсаныншы жылдардан кейін жұмыс істемей келе жатқан салалардың бірі. Адам өз құқығын заң қабырғасында сақтау керек. Мемлекетке алғыр кәсіподақтар қажет. Мен ғалымдардың үнсіз келісімін ескере отырып – өз сыни пікірім бойынша айтып отырмын. Сондықтан жанашыр көкеміздің келіп жағдайымыздың жақсартуын күтудің қажеті жоқ. Өз құқығынды табандылықпен қорғауға үйренуің қажет, әрине заң аясында. Бір ой айтайын деп отырмын, алайда онымен бәрі келісе қоймас. Мемлекет үшін «азулы» кәсіподақ тиімді. Мұндай жағдайда қарсылық қозғалыстары өркениеттік шеңберден аспайтын болады. Ал қоғамдағы құбылыстар митингіге алып келетін әр түрлі салдарлы кикілжіндерге алып келмейді.

**Зейнеткерлікке шықтым.
Дегенмен, жұмыс істегім келеді!**

– Сіздің тікелей қарапайым-технократиялы «адам капиталы» деген сөз тіркесіне қайтып тоқталғым келіп отыр. Осылай Ұлттық Банктің төрағасы Г. А. Марченко мырза тағы да әйел жасының зейнеткерлік жасын 63 жасқа көтерілуі жайлы сөз қозғады. Григорий Александрович бұл мәлімдемесімен көпшілік арасында үлкен пікір-талас тудырды. Алайда Еңбек және әлеуметтік қорғану министрлігі ол сұрақты әлі зерттеп жатыр. Бұл қазақстандық баспасөз, «бұл мәселе әйелге деген адамгершілік қатынас жағынан ғана қаралмау керек» деп жазады...

– Адам капиталының негізгі құрамдас бөлігінің бірі – қоғамның рухани болмысы. Сонымен қатар, үлкен адамдарға деген сыйластық. Әрине экономика кейде өзінің

қатал талаптарын қойып отырады, осы мағынада біздің зейнетақы жүйесі мінсіз деп айта алмаймыз, сондықтан да оны жаңашылдандыру керек. Жұмыс істейтін зейнеткердің зейнетақысынан да, еңбекақысынан да ұстап қалады. Зейнет жасына келген адамды зейнеткерлікке шығарып салмайды, оларды шығарып жібереді, соған мәжбүрлейді. Сондықтан да бір ғана шешім бар – отбасылық бір шағын шаруашылық ашып алу керек, сонда сізді ешкім шығарып жібермейді. Жеке басының шағын шаруасы – ол бала бағу, оқушыларды емтиханға дайындау, өзінің жеке бас капиталымен өзіне не жанұясына көмектесуге болады. Ал Ұлттық Банктің төрағасы айтқан мәселеге тоқталсақ егер ол зейнеткерлер жасын ұлғайтатын болса, онда орта жас мөлшерін де ұлғайтсын, бірақ 5 жасқа ұзарту деген өте көп...

– Қазіргі таңда «шынайы экономика» жайлы көптеген пайымдаулар бар: зауыт, фабрика және құрылыстар жайлы, алайда есімізге түсірсек, 20 жыл бұрын біз жеңіл өндірісті жоғалттық деп айтқан болатын. Біз түрік және қытай киімдеріне де үйреніп қалдық. Ал тігіншілер өздеріне өзге жұмыс тапты. Әрине өндірістен жай ғана бас тарта алмайсын, бірақ Қазақстанды дамыту үшін не істеуіміз қажет? Қалайша біз мұнай шикізатін табушы және мұнайды өндіруші державаға айнала аламыз? Не еуразиялық «Силиконды даланы» жасауға тырысу қажет пе?

– Екінші сұрағыңыз ақылға қонымдырақ деуге болады. Сіздің қойған бұл сұрағыңыз тікелей біздің зерттеулерімізге қатысты. Иә біз көптеген технологиялардан қалып қойдық, жаңа компьютер шығара алмаймыз. Алайда, елімізде жаңашыл идеялары барадамдар аз емес. Бұрын пионер сарайында көптеген пионер секциялары, үйірмелері бар еді, ал қазір ондай үйірмелер санаулы. Осындай жағдайдың барлығы – балалардың қабілеттілігінің арттыруына жұмсалған еді.

Мектепте Олимпиадалар ұйымдастырылады, бірақ ол өте аз. Мен ерекше дарынды балаларға арналған мектептердің ашылуын қолдаймын. Болашақ интеллектуалды элитаға арналған мектептер – өзіндік барлық білім жүйесін алға сүйрейтін локомотив. Дарындыларды тауып, олардың ары қарай дамуына жол ашу керек. Осындай шығындар өз-өзін өтейді, жемісін береді деп ойлаймын. Ол адам капиталы деген теориямен тығыз байланысты. Сонымен қатар ерекше дарыны жоқ, бірақ үлкен адами потенциалы бар жастар туралы да ұмытпауымыз қажет. Өз кезегінде аталған қоғам азаматтары да өз қабілеттерін ашады. Білім берудің жалпыға ортақ қолжетімділігін мемлекеттік қызметкерлер бірінші орынға қою керек.

– Сіздің жобаңыз үш жылға жоспарланған. Алайда, болжам жасайтын болсақ, Қазақстан 2015 жылға немен келеді?

– Көпшілікке белгілі, болжам жасау – абыройсыз іс-әрекет қатарына жатады. Соған қарамастан әрекет жасап көрейін. Алайда мен философияның оптимистік бағытын ұстанатындықтан, төмендегідей болжамдар жасаймын. Индустриалды-инновациялық дамудың жылдамдатылған бағдарламасы, Кедендік одақ шеңберінде бәсекеге қабілетті, өндіріс құрылысына ене отырып өнім шығарады. Соған сәйкес жұмыссыздық қысқарады. Жастарға бағытталған «2020 – Интеллектуалды ұлт» бағдарламасы алғашқы нәтижелерінен көрініс табатын болады. Алатау ауылындағы инновациялық паркі және Қурчатовтағы ядролық технология Паркі бар қуатымен іске кіресетін болады. Ал ең бастысы Интеллектуалды қоғам құру және жалпыға ортақ еңбек идеясы біздің көп ұлтты халқымыздың басым бөлігін қамтитын болады деп сенемін. Ең бастысы бәріміз бірге білек түре отырып, Отан мен әрбір қазақстандықтың игілігі үшін жұмыс жасайтын боламыз.

ТҮСІНІКТЕМЕ

ЖАБАЙХАН ӘБДІЛДИН, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жетекші профессоры, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі

ҮМІТ ПЕН ЖАРЫҚ СӘУЛЕСІ

Ұлы Сократ айтқандай философия өмір сүруге үйретеді. Осы ойды ары қарай Карл Маркс философия мәдениеттің рухани жоғары шыңы, ал мен үшін философия үміт пен түсініктің жарық сәулесі деп өрбітеді. Бұл менің өмірім. Философия ойлауға, адам өмірінің мәнін ашуға, адам болуға және әдемілікті сезінуге, болмыстың тылсымын тануға жалпылыққа негізделеді. Философия байлық пен билікті жоғары қоймауға, өлімнен қорықпауға, еркіндікке үйретеді. 55 жыл бұрын Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамында Философия және құқық институты құрылды. Осы елеулі оқиға қазақ халқының білімі мен ғылымы, мәдениеті дамуының жоғары деңгейіне жеткендігін көрсетті.

Отан тағдыры – менің тағдырым

Республика тарихындағы осы елеулі оқиғаның тарихи жағдайын елестетіп көрейікші. Геология саласында металлогендік картаны жүзеге асырғандары үшін Қаныш Сәтбаев пен бір топ қазақстан ғалымдары Лениндік сыйлық алады. «Абай жолы» романы үшін жазушы Мұхтар Әуезов осындай сылыққа ие болады. Осы үдерістің логикалық жалғасы ретінде қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті қарқынды дамыды. Осы кезде Алматыда Философия және құқық институты ашылады.

Отанымның тағдыры менің жеке өмірбаянымның бақытты кезеңдерімен қатар өрілді. 1958 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертациямды қорғап, Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері болдым. Ол кездері институтты менің ғылыми бастамаларыма әрқашан қолдау көрсеткені үшін шексіз алғысымды айтып жүретін, академик Салық Зиманов басқарды. Зимановтан кейін институттың екінші директоры бұған дейін Қазақстан Компартиясы ОК ғылым бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Тоқтағали Жангелдин болды. 1973 жылы Философия және құқық институтын мен басқардым. Осылайша 15 жылда кіші ғылыми қызметкерден бастап, институт жетекшісі, Ғылым академиясының вице-президенті жолынан өттім.

Менің өмірім сәтті болды деп айта аламын. Атақты ғалымдар, әріптестерім әрқашан баға жетпес көмектерін көрсетіп, сенім білдірді. Бір жылдан кейін Мәскеуден оралған соң диалектикалық логика бойынша топтың жетекшілігіне тағайындалдым, ол кезде небәрі 26 жаста ғана едім. Біздерге – жас ғалымдарға қазіргі жаратылыстанудың, философия тарихының мәселелері, таным теориясының маңызды мәселелерімен айналысуға сенім білдірілді. Сол жылдары Қазақстанда жас философтарды білімге деген құштарлық, жоғары шығармашылық алға сүйреді. Біздің тобымызда Лев Науменко, Мамия Баканидзе, Ағын Қасымжанов сынды бірыңғай талантты ғалымдар жиналған еді. Біздің кейбір жұмыстарымыз әлемдік деңгейде мойындалып, өзіміз КСРО-ның ғылыми ортасында өте аз уақыт ішінде танымал бола бастадық. Біздің топтың Философия және құқық институтының өзегіне айналуына Зиманов Салық Зиманұлының әкелік қамқорлығы үлкен әсер етті.

Бүгінде мақтан етуге тұрарлық бірінші іргелі еңбек бұл – «Логика және таным диалектикасы мәселесі». Кітап менің жалпы жетекшілігіммен 1963 жылы жарыққа шықты. Ол бүкіл қазақстандық диалектика мен логикаға, таным теориясына жол

ашты. Көрнекті орыс философы Эвальд Ильенков өз пікірінде былай жазды: «Бұл жұмыс жоспарын асыра айтамын деп қорықпастан, логика жайлы жазатын ешбір автор аттап кете алмайтын диалектикалық логиканы зерттеуге қосылған қомақты үлес деп бағалауға болады. Мұнда, расында да, бұл мәселеге байланысты біздің әдебиетімізде қол жеткізген жетістіктердің бір түйірін де жоғалтпастан пайдаланған, сонымен қатар, осыған дейінгілермен салыстырғанда ілгері қадам жасалған». Белгілі ғалымның сөзі бізді шын мәнінде қанаттандырып, жұмысқа жаңа серпін берді. Біз бір орында тұрып қалмастан, талпынып, одан әрі дамыдық. Біздің тобымыздан ғылыми бөлімдер өсіп шықты. Өз идеяларымызбен біз бүкіл ғалымдар ұжымына дем бере алдық. Институт қабырғасында бірінші атақты жұмыстың артынан диалектикалық логика, таным теориясы мәселелері, заманауи жаратылыстану әдіснамасы бойынша ондаған қызықты еңбектер жазылды. Төрт томдық жинақ жарыққа шығып, КСРО және басқа елдердің философтары тарапынан оң бағасын алды. 1984 жылы Философия және құқық институты ұжымы – диалектика мәселелерін зерттегені үшін Қазақ КСР-інің Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Біз КСРО ҒА әр саладағы 450 академиялық институттарының ішіндегі жарыста бірінші орын алдық. Қазақстанда мұндай жетістіктерге үш академиялық ұжым – Геология институты, Металлургия және кен байыту институты, Философия және құқық институты ғана қол жеткізе алды. Философия және құқық институтының шығармашылық негізін көптеген талантты ғалымдар: Қажымұрат Әбішев, Әбдімәлік Нысанбаев, Мұрат Сәбитов, Александр Хамидов, Грета Соловьева, Нұрлан Сейтахметов, Ізбасар Ерғалиев, Сергей Колчигин, Мұхтар Изотов және басқалар құрады. Бұлар жоғары маманданған білікті мамандар шоғыры, ғылымға барынша берілген адамдар. Олар қандай қиын кезеңдерде де институтты тастап кетпеген, ғылымның қаржыландырылуы нашарлап, айлар бойы еңбекақы кешіктірілген кездерде де кәсіптеріне адал бола білген азаматтар.

Арқа сүйеуге болатын адам

Мен 41 кандидат және 16 ғылым докторларын дайындап, көптеген жас ғалымдардың шығармашылық жолдарында көмек бердім. Солардың ішінен өз оқушым және әріптесім Мұхтар Зиядаұлы Изотовты ерекше атап өткім келеді. Оның «Отан игілігі үшін бірге қызмет етеміз» деген есте қаларлық атпен берілген сұхбатымен бар ықыласыммен таныстып шықтым. Бұл біздің өміріміздің көптеген мәселелерін қамтыған маңызды жұмыс. Мұхтар Изотов – Философия, саясаттану және дінтану институтының талантты қызметкерлерінің бірі. Біздің достығымыз ерекше басталды: мен оның кандидаттық диссертациясының оппоненті болдым. Жұмыс маған қатты ұнады. Мен ең қиын ғылыми мәселелерді жетілдіруге қабілетті, ойлы философты көрдім. Оның шығармашылық өсу жолын отыз жылдың көлемінде бақылап келемін, менің үмітім ақталды. Мұхтар Зиядаұлы көптеген қызықты монографиялардың авторы. Сонымен бірге оның адами қасиетін де айта кеткім келеді, оны табиғи біртұтас деп айтуға болады. Қазіргі кезеңде өкінішке қарай қарапайымдылық, адамгершіліктік, инабаттылық сияқты ерекше мінездер азайып барады. Ол көзартарлық өтініштерге жоламай, шулы жиындардан аулақ жүреді. Бірақ оны жақсы білетін адамдар қиын кезеңде оның көмекке келетінін жақсы біледі. Мен өз өмірімде көптеген адамдармен, оның ішінде өте жағымды – шенеуніктермен де, жоғары қызметтегі бюрократтармен де кездестім. Бірақ жылдар өте келе адам қызметінен босайды. Сонымен бітті бәрі жоқ. Мұхтар болса ешбір регалия мен атақтан тыс, өзімен-өзі қызықты, өз идеясы, ойы, ісі бар жан.

Ілгері басқан жүйелі қадам

Қоғамдағы жаңғырулардың қажеттілігі жайлы Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында жазған еді. Біз бұл жолдың бастауында тұрмыз. Кейбір кемшіліктері

болса да экономикалық қатынастардың нарықтық жүйесі құрылды. Мемлекет басшысы «алдымен экономика, содан соң саясат» деп бірнеше рет баса назар аударған еді. Тұтастай алғанда бұл дұрыс концепция еді. Алайда қазір экономикамен қатар саяси жаңғырулардың уақыты келді. Қазақстан қоғамының алдында ары қарай демократиялану мақсаты тұр.

Мен туған отбасымдай ыстық ұжымыма байланысты маңызды оқиғаларды назардан тыс қалдырмай мұқият қадағалаймын. Мені қуандыратыны онда – жолдастық ынтымақтастық, жас таланттарды қолдау, шығармашылық ізденіс және еркі, ойлау рухы сақталып қалған. Бүгінде институттың философ-ғалымдары қоғамдық дамудың алдыңғы легінде. Оларсыз мен философиялық ғылымның болашағын, қоғамдағы ауқымды өзгерістерді көзіме елестете алмаймын.

ИНСТИТУТ ТАРИХЫ: НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР ХРОНИКАСЫ

ҚАЗАҚ ССР
ҒАЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРЕЗИДИУМА
АКАДЕМИИ НАУК
КАЗАХСКОЙ ССР

г. Алма-Ата №4/Ш13 января 1958 года

Об организации Института философии и права АН Казахской ССР

В соответствии с распоряжением Совета Министров Казахской ССР от 8 января 1958 года № 20-р.
Президиум Академии наук Казахской ССР **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Организовать на базе Сектора философии и права научно-исследовательский Институт философии и права АН Каз.ССР.
2. Утвердить структуру и штат института в количестве 51 единицы.
3. Утвердить и.о. директора Института философии и права кандидата юридических наук Зиманова Салька Зимановича, с правом первой подписи на всех банковских и денежных документах.
4. Утвердить ученым секретарем Института философии и права кандидата юридических наук Сапарғалиева Г.

Визе-президент
Академии наук Казахской ССР
академик АН Казахской ССР /А.П. Полосухин/

Главный ученый секретарь
Президиума Академии наук Каз. ССР
Академик АН Казахской ССР/Ш.Ч. Чокпи

1955

Қазақ КСР Ғылым академиясының жүйесінде ҚазКСР ҒА Философия және құқық секторы құрылды.

1956–1957

ҚазКСР ҒА Философия және құқық секторының жетекшісі философия ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Б. Бейсембиевтің «Мировоззрения Абая Кунанбаева» атты монографиясы жарық көрді. Қ.Б. Бейсембиевтің жетекшілігімен «ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы қоғамдық ойдың тарихы» кітабы басылып шықты.

1958

Философия және құқық секторы Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының Бірінші директоры – отандық заң ғылымдарының патриархы, академик С.З. Зиманов болды.



1959–1963

Бұл кездері көрнекті қазақстандық философ Ж.М. Әбділдиннің басқаруымен институтта диалектикалық логика бойынша ірі философиялық мектеп қалыптасты.

Г.А. Югайдың «Проблемы целостности организма (философский анализ)» және «О категориях части и целого» атты еңбектері шықты.

«Проблемы логики и диалектики познания» атты ұжымдық монография (Ж.М. Әбділдин, А.Х. Қасымжанов, Л.К. Науменко, М.И. Баканидзе) жарық көрді.

1964–1966

Қазіргі кезеңдегі жаратылыстанудың әдістемелік мәселелері бойынша I Бүкілодақтық Конференция өтті. Жаратылыстанудың философиялық мәселелері белсенді түрде зерттеле бастады. «Вопросы философии» журналында Ә.Н. Нысанбаевтың «Математика и принцип соответствия» атты мақаласы жарияланды.

1967–1970

Ж.М. Әбділдиннің «Проблема начала в теоретическом познании», Г.А. Югай мен Л.К. Науменконың ««Капитал» К. Маркса и методология научного исследования» атты кітаптары басылып шықты.

Диалектикалық логика бойынша 1968 ж. І Бүкілодақтық симпозиум (Алматы қ.) өткізілді. Алматыда бұл форумның өтуі диалектикалық логика бойынша қазақстандық мектептің үлкен жетістіктерін мойындаудың белгісі еді.



Философия және құқық институтының директоры болып партия жетекшісі, философия ғылымдарының кандидаты *Т. Жангелдин* (1970 ж.) тағайындалды.

«Материалистическая диалектика как методология» атты ұжымдық монография жарық көрді. Авторлар ұжымы – Ж.М. Әбділдин, Ю.В. Сачков, В.В. Шеляг, Ә.Н. Нысанбаев.

1971–1974

Алғаш рет Институттың шығармашылық ұжымы әл-Фарабидің «Философиялық трактаттарын» (аудармашылар – Б.Я. Ошерович, А.В. Сагадеев, А.С. Иванов, И.О. Мохаммед, Е.Д. Харенко), «Әлеуметтік-этикалық трактаттарды» орысшаға (аударма Б.Я. Ошеровичтікі, редактор А.В. Сагадеев) және қазақшаға (аудармашылар – Қ. Сағындықов, Г. Жанғалин, М. Ишмухамедов) аударып, басып шығарды.

Философия ғылымдарының докторы, профессор *Ж.М. Әбділдин* Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтының (1974 ж.) директоры болып тағайындалды.



Ж.М. Әбділдин мен Ә.Н. Нысанбаев «Диалектико-логические принципы построения теории» атты монографиясы үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы қоғамдық және географиялық ғылымдар саласындағы бірінші академиялық сыйлықпен марапатталды.

1975–1976

Әл-Фарабидің «Логикалық трактаттары» мен «Математикалық трактаттары» (аудармашылар – К. Сағындықов, Г. Жанғалин, М. Ишмухамедов) аударылып, жарияланды.

Авторлар ұжымы Ж.М. Әбділдин, Т.Х. Рысқалиев, Н.К. Мұқитанов, А.А. Ивакин және басқалар дайындаған «Роль принципа конкретности в современной науке» атты кітап жарық көрді.

Г.Г. Соловьеваның «О роли сомнения в познании» монографиясы жарық көрді.

«Принцип противоречия в современной науке» – атты ұжымдық монография жарық көрді. Авторлары – Ж.М. Әбділдин, Ә.Н. Нысанбаев, М.И. Баканидзе, М.С. Сәбитов және т.б.

1977

КСРО ғалымдары мен шетелдік қонақтар қатынасқан диалектикалық логика бойынша ІІ Бүкілодақтық симпозиум өткізілді.

1978–1980

Ж.М. Әбділдин мен А.С. Балғымбаевтың «Диалектика активности субъекта в научном познании» атты кітабы шықты.

«Соотношение формального и содержательного в научном познании» атты (Ж.М. Әбділдин, М.С. Орынбеков, Ә.Н. Нысанбаев, А.А. Хамидов және т.б.) ұжымдық монография жарық көрді.

«Роль категории «идея» в научном познании» атты ұжымдық монография жарық көрді. Авторлары – Ж.М. Әбділдин, И.Е. Ерғалиев, Г.Г. Соловьева, М.С. Орынбеков, М.С. Сәбитов.

